

**Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі**

**ЕСЕП
2010**

Пайдаланылған қысқартулар

Агенттік Төрайымының кіріспе сөзі

1. Қазақстанның қаржы секторының 2010 жылдағы тұрақтылығын қамтамасыз ету

1.1 Агенттіктің 2010 жылы қаржы секторын тұрақтандыру мен оңалту мәселелері бойынша қызметі

II. Халықаралық практиканы ескере отырып, 2010 жылы қаржы ұйымдарының қызметін реттеудің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру

- 2.1 2010 жылғы заң шығару қызметі
- 2.2 Банктік және банктік емес сектор
- 2.3 Сақтандыру секторы
- 2.4 Зейнетақылық қызмет көрсету секторы
- 2.5 Бағалы қағаздар нарығы
- 2.6 Исламдық қаржыландыруды дамыту

III. 2010 жылғы Қазақстанның қаржы секторының даму қорытындысы

- 3.1 Банктік және банктік емес сектор
- 3.2 Сақтандыру секторы
- 3.3 Зейнетақылық қызмет көрсету секторы
- 3.4 Бағалы қағаздар нарығы

IV. Қаржы нарығының және қаржы ұйымдарының қызметін қадағалау

- 4.1 Қаржы ұйымдарының қызметін қадағалау нәтижелері
 - 4.1.1 Қашықтықтан қадағалау
 - 4.1.2 Инспекциялау
 - 4.1.3 Қадағалау арқылы ден қою
- 4.2 Қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың құқықтарын қорғау
- 4.3 Агенттіктің халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі қызметі және БАҚ-пен өзара іс-әрекеті
- 4.4 Лицензиялау
- 4.5 Тарату процесі
- 4.6 Халықаралық ұйымдармен, рейтингтік агенттіктермен, орталық банктермен және реттеуші органдармен өзара іс-әрекет

V. 2011 жылға Агенттік қызметінің басым бағыттары

- 5.1 Қаржы ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын арттыру және шоғырландырылған қадағалауды дамыту бойынша жоспарланған іс-шаралар
- 5.2 Қаржы ұйымдарындағы тәуекел менеджменті жүйесінің дамуы
- 5.3 Агенттіктің институционалдық дамуы

Пайдаланылған қысқартылған атаулар

Агенттік Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі

АҚ Акционерлік қоғам

ҚР АӨҚОҚРА Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі агенттігі

ҚКҚ «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ

ЕДБ Екінші деңгейдегі банктер

АҚЖ Азаматтық-құқықтық жауапкершілік

МБҚ Мемлекеттік бағалы қағаздар

ЗТМО «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық» РМҚК

БЭК Бірыңғай экономикалық кеңістік

ЕурАзЭК Еуразиялық экономикалық қауымдастық

ХВҚ Халықаралық Валюта Қоры

ХҚЕС Халықаралық қаржылық есеп стандарттары

ЖЗҚ Жинақтаушы зейнетақы қоры

ЗАИБЖАҰ Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым

ЗТБ Заңды тұлғалардың бірлестігі

ЭЫДҰ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

ИПҚ Инвестициялық пай қоры

АӨҚО Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы

БАҚ Бұқаралық ақпарат құралдары

ТМД Тәуелсіз мемлекеттер достастығы

АҚК Арнайы қаржы компаниясы

ЖШС Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

ИПБ Инвестициялық портфельді басқарушы

СТКҚ «Сақтандыру Төлемдеріне Кепілдік беру Қоры» АҚ

САҚ Стресті активтер қоры

IAIS International Association of Insurance Supervisors

IOPS International Organization of Pension supervisors

IOSCO International Organization of Securities Commissions

KASE «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ

USAID United States Agency for International Development

Агенттік Төрайымының кіріспе сөзі

Құрметті оқырмандар,

Өткен 2010 жыл қазақстандық қаржы секторы үшін барлық жағынан, ағымдағы міндеттерді шешу тұрғысынан алғанда да, сондай-ақ оның келешекте сапалы әрі тұрақты дамуына алғышарттар жасау тұрғысынан да бетбұрыс кезең болды.

Біріншіден, корпоративтік сектордың жандануы мен ішкі сұраныстың ұлғаюын қоса алғанда, 2010 жылы Қазақстан экономикасында үстем болған оң үрдістер жағымды сыртқы конъюнктурамен қатар еліміздің қаржы секторының қалыпты түрде қалпына келе бастауына негіз бола отырып, оның белсенділігіне әсер етпеуі мүмкін емес еді.

Екіншіден, өз ауқымы жағынан кеңес одағынан кейінгі кеңістікте ғана емес, тіпті әлемдік қоғамдастықта да теңдессіз болып табылатын шаралар – тәуекелдерді кредиторлармен бөлісу арқылы үш қазақстандық банктің сыртқы міндеттемелерін қайта құрылымдаудың табысты аяқталуы – банк секторын одан әрі оңалту үшін қажетті «іргетас» қалады. Соның нәтижесінде қайта құрылымдау барысында болған банктерге жүктелген борыштық жүктеме елеулі түрде азайып қана қоймай, сонымен қатар жыл басында реттеушінің алдында тұрған жүйелік сипаттағы проблема – жалпы алғанда сектордың сыртқы борыштарын қайта қаржыландыру мәселесі де шешілді.

Үшіншіден, 2010 жыл Үкіметтің, Ұлттық Банктің және Агенттіктің бірлескен дағдарысқа қарсы бағдарламасының қорытынды жылы болды, оны іске асыру қаржы секторының тұрақтылығын және экономиканың өсуін жаңарту үшін оны кредиттеу көлемін сақтап қалуға мүмкіндік берді. Халықаралық қаржы институттарының осы бағдарламаны әлемдік қаржы дағдарысы кезеңінде ең табысты жүргізілген бағдарламалардың бірі ретінде танығанын атап өткен жөн.

Агенттік қаржы нарығының және қаржы ұйымдарының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында 2010 жыл ішінде әлемдік қаржылық тұрақсыздық барысында алынған «сабақтар», сондай-ақ тиісті бағдарламалық құжаттың негізіндегі дағдарыстан кейінгі кезеңдегі даму міндеттері ескерілген, реттеудің заңнамалық құрылымы мен практикасын күшейтуге бағытталған шараларды жалғастырды.

Мәселен, қаржы нарығының барлық сегменттеріндегі тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелеріне қойылатын талаптарды жетілдіруге, қаржы ұйымдарын пруденциялық реттеуді оңтайландыруға, банк секторындағы активтердің капиталына, өтімділігіне, сапасына және оларға қарсы провизия қалыптастыруға қойылатын талаптарды жетілдіруге, жинақталған зейнетақы қаражатының қажетті деңгейде қорғалуын қамтамасыз етуге, ұлттық және шетелдік эмитенттер мен инвесторлар үшін отандық қор нарығының тартымдылығын арттыруға, қайта сақтандыру мәмілелерінде қазақстандық қамтуды көтеруге, сақтандыру топтарын шоғырландырылған қадағалауды енгізуге бағытталған шаралар кешені жүзеге асырылды. Бұл ретте Агенттіктің реттеу саясаты контрциклді тәсілге негізделді.

Сонымен бірге, Агенттік банк секторы активтерінің сапасын, жинақталған зейнетақы қаражаты бойынша төмен кірістілікті, сапалы қаржы құралдарының жеткілікті болмауын қоса алғанда, жалпы алғанда қаржы нарығының қызметін қалпына келтіруге кедергі болатын ең өзекті проблемаларды шешуге де баса назар аударды.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының банк қызметін және қаржы ұйымдарын тәуекелдерді азайту бөлігінде реттеу мәселелері бойынша Заң жобасын әзірлеу жөніндегі тапсырмасын іске асыру Агенттіктің 2010 жылдағы қызметінің тағы бір маңызды бағыты болды, ол Заң жобасында банктерді анық немесе жасырын аффилиирленген профильді емес құрылымдардан бөліп алу және жалпы алғанда банк қызметінің айқындығын арттыру көзделеді.

Агенттік 2010 жылы қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың біртұтас жүйесін жасау бойынша да маңызды жұмыс жүргізді. Мәселен, Агенттік ипотекалық кредит беру мәселелері бойынша азаматтарды қорғауды күшейту,

сондай-ақ акционерлік қоғамдардың лауазымды тұлғаларының қабылдайтын шешімдері үшін дербес жауапкершіліктерін күшейту мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ипотекалық кредит беру және қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың және инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеген болатын, оған Мемлекет басшысы 2011 жылғы 10 ақпанда қол қойды.

Өмірді жинақтап сақтандыруды дамыту, сақтандыру нарығының инфрақұрылымын дамыту, сақтандыру статистикасының толыққанды бірыңғай базасын қалыптастыру мәселелерін қоса алғанда, еліміздің сақтандыру заңнамасын одан әрі жетілдіруге бағытталған Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануы Агенттіктің 2010 жылдағы қызметінің тағы бір маңызды қорытындысы болды.

Өткен жылы Агенттіктің Ұлттық Банкпен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, дағдарыстан кейінгі кезеңдегі даму басымдықтарын, сондай-ақ ең озық халықаралық тәжірибені басшылыққа ала отырып, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және еліміздің қаржы секторын тиімді дамыту мәселелері бойынша ведомство аралық үйлестіру жөніндегі тиісті органды құру арқылы реттеудің макропруденциялық тәсілін іске асыруға кіріскенін де атап өткен жөн. Осы тәсілді іске асыру, ең алдымен, жүйелі тәуекелдердің туындауын болдырмауға және реттеу мен қадағалаудың қазіргі кездегі құрылымын күшейтуге бағытталған.

Баяндалған жайттарды қорытындылай келе, өткен жылы жалпы еліміздің қаржы секторында болған оң өзгерістерге қарамастан, оны толық қалпына келді деп айту әлі ерте екенін атап өту қажет.

Осыған байланысты бұдан әрі Агенттіктің қызметі қаржы секторының құрылымдық проблемалар мен кемшіліктерді еңсеруі үшін қажетті жағдайлар жасауға, сонымен қатар қаржы нарығының барлық сегменттерінің сапалы әрі жүйелі өсуін, сондай-ақ тұрақтылығы мен айқындығын жаңғырту мақсатында оны дағдарыстан кейінгі кезеңде дамыту міндеттеріне бағытталатын болады.

*Құрметпен,
Агенттік Төрайымы
Е.Л. Бахмутова*

I. Қазақстанның қаржы секторының 2010 жылдағы тұрақтылығын қамтамасыз ету

2010 жылы қазақстандық қаржы секторында оның біркелкі қалпына келе бастағанын айқындаған үрдістер басым болды. Сонымен бірге, қаржы секторы қызметінің одан әрі қалпына келуі үшін алғышарттар жасайтын аса маңызды міндеттердің шешілгеніне қарамастан, қаржылық дағдарыс салдарының ықпалынан қалыптасқан бірқатар құрылымдық проблемалар мазалайды. Осыған байланысты, 2010 жылы Агенттіктің қызметінде қаржы секторын тұрақтандыруға бағытталған тиісті жағдайлар жасауға, сондай-ақ оны дамытудың стратегиялық міндеттерін шешуге де баса назар аударылды.

1.1 Агенттіктің 2010 жылы қаржы секторын тұрақтандыру мен оңалту мәселелері бойынша қызметі


2010 жылы қазақстандық экономика мен қаржы секторында жағымды сыртқы конъюнктурамен, маңызды ішкі күйзелістердің болмауымен, сондай-ақ ішкі тұтынудың ұлғаюымен негізделген едәуір оң өзгерістер болды. Нәтижесінде, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің алдын ала бағалауына сәйкес ЖІӨ-нің өсімі 2010 жылдың қорытындысы бойынша 7% болды.

Бұл ретте Қазақстандағы жалпы экономикалық жағдайдың тұрақтануына көбінесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Агенттіктің бірлескен дағдарысқа қарсы бағдарламасын іске асыру ықпал етті, бұл бағдарлама халықаралық деңгейдегі сарапшылар тарапынан оң бағаға ие болып, танылды. Мәселен, осы бағдарлама аясында 1,2 трлн. теңге мөлшерінде бөлінген қаражат қаржы секторын қолдауға да, сонымен қатар экономиканың шаруашылық жүргізуші субъектілерін кредиттеу үшін қажетті жағдайлар жасауға бағытталды, бұл дағдарыс құбылыстарының одан әрі ұлғаюын болдырмауға әрі рецессиядан тез арада шығуға мүмкіндік берді.

2010 жылы үш ірі қазақстандық банкті («Альянс Банкі» АҚ-ны, «БТА Банк» АҚ мен «Темірбанк» АҚ-ны) қайта құрылымдау рәсімінің табысты аяқталғанын жеке бөліп атап өткен жөн, бұл сыртқы кредиторлар алдындағы борыштың бір бөлігін есептен шығаруға мүмкіндік берді. Бұл ретте қазақстандық банктерді қайта құрылымдау кезінде қолданылған схема банктің проблемалары болған кезде оның борыштық қағаздарын акцияларға мәжбүрлеп айырбастауды көздейтін Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің ұсынымдарына сәйкес келеді.


Қайта құрылымдау бойынша барлық іс-шаралардың орындалуы нәтижесінде «Альянс Банкі» АҚ-ның берешек деңгейі 4,5 млрд. АҚШ долларынан (есептелген пайыздарды қосқанда) 1,08 млрд. АҚШ долларына дейін төмендеді, «Темірбанк» АҚ-ның міндеттемелері 1,4 млрд. АҚШ долларынан 700 млн. АҚШ долларына дейін қысқарды, «БТА Банк» АҚ-ның берешегі 16,7 млрд. АҚШ долларынан («Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ) АҚ-ның алдындағы 4,6 млрд. АҚШ доллары сомасындағы борышын ескергенде) 4,2 млрд. АҚШ долларына дейін қысқарды.

Осылайша, сыртқы берешектің қысқаруы осы банктердің қаржылық жағдайының жақсаруына негіз болды, сондай-ақ экономиканың және жалпы банк секторының жүйелік тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік берді.



* Пруденциялық нормативтер туралы ережеге сәйкес есептелген меншікті капитал


2-график
ЕДБ жиынтық міндеттемелерінің құрылымы, %-бен




Нәтижесінде банктердің жиынтық міндеттемелеріндегі сыртқы міндеттемелерінің үлесі 2010 жылғы 1 қаңтардағы 33,6%-ға қарсы 2011 жылдың басына қарай 23,9%-ға дейін қысқарды (2-график).

Сонымен қатар, Агенттіктің банк секторын тұрақтандыру аясында қолға алған шаралары оның пассивтерінің құрылымында да оң өзгерістерді алдын ала анықтады. Мәселен, 2010 жылы ішкі депозиттердің (SPV ескермегенде жеке және заңды тұлғалардың салымдары) сыртқы қор жинаудың орнын басу үрдісі жалғасты, олар 2010 жылдың басымен салыстырғанда 16,8%-ға өсіп, 2011 жылдың басына қарай 6 664,4¹ млрд. теңге болды (3-график).

3-график
ЕДБ-нің тартылған салымдары, млрд. теңге



4-график
ЕДБ-нің заемдары мен жұмыс істемейтін кредиттерінің динамикасы



Атап айтқанда, 2010 жылы 906,8 млрд. теңгеге ұлғайып, 2011 жылдың басына қарай жүйе бойынша 1 821,4 млрд. теңге болған ЕДБ есептік меншікті капиталының оң мәндерге қайта оралуы банк секторының одан әрі қалпына келуі үшін негізгі талап болып табылады (1-график).

Дағдарыс құбылыстары пайда болған сәттен бастап мазасыздық тудырған проблеманың шешілуі – банк секторының жиынтық міндеттемелеріндегі сыртқы борыштың 30%-дан аспайтын деңгейге дейін төмендеуі қайта құрылымдауды аяқтаудың тағы бір маңызды әсері болды.

Сонымен бірге, қаржы секторының және атап айтқанда банк секторының қалпына келуіне қарағанда экономиканың нақты секторының белсенділігі тез қарқынмен артты. Көп жағдайда бұл ЕДБ-нің қатаң кредиттік консерватизмімен айқындалды. Бұл ретте банк секторының кредит портфелінің сығылуы қайта құрылымдау аясында кредиттердің бір бөлігін есептен шығарумен де негізделді (4-график). Алайда, «БТА Банк» АҚ-ның қайта құрылымдау аясында жүргізген кредиттердің бір бөлігін есептен шығаруын есепке алмағанда, 2011 жылы Қазақстанның банк секторының несие портфелі 4,3%-ға өсті.

Кредит портфелінің сапасына келер болсақ, үмітсіз кредиттердің үлесі 2010 жылдың басындағы 30,6%-дан 2011 жылғы 20%-ға дейін қысқарды, ал жұмыс істемейтін заемдардың үлесі тиісінше 36,5%-дан 32,6%-ға дейін төмендеді. Сонымен бірге, қалыпты жақсаруға қарамастан, кредит портфелінің сапасы проблемасы 2010 жылдың ішінде өте өзекті болып қала берді.

¹ Қазақстан Республикасының резиденті еместердің салымдарын ескергенде, жеке және заңды тұлғалардың депозиттері 2010 жылы 13,7%-ға ұлғайып, SPV ескермегенде 01.01.2011ж. 6 825,3 млрд.теңге болды.


Осыған байланысты, Агенттік 2010 жылы банк секторының қызметін қалпына келтіру мен оңалтуға кедергі жасайтын факторларды еңсеруге бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыруды жалғастырды. Атап айтқанда, реттеуші банктердің меншікті капиталының жеткіліктілігіне қойылатын талаптарды жетілдіруге, өтімділік тәуекелін басқару тәсілдерін күшейтуге, активтердің сапасымен байланысты проблемаларды шешуге, тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелеріне қойылатын талаптарды күшейтуге күш салды.

Мәселен, банктердің баланстарын жұмыс істемейтін кредиттерден тазарту және банктердің заемшыларының берешегін қайта құрылымдауға жәрдем көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Агенттікпен және «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-мен бірлесіп Екінші деңгейдегі банктер активтерінің сапасын жақсартудың қадамдық жоспарын әзірлеп, бекітті.


Агенттік банктердің жағымсыз оқиғаларға деген тұрақтылығын арттыру аясында банктерде Кездейсоқ жағдайлар туындаған жағдайдағы іс-әрекет жоспарының болуына қойылатын талаптарды енгізді.

Сонымен қатар, Агенттік ЕДБ қаржылық жай-күйінің нашарлауына ықпал ететін факторларды алдын ала анықтау мақсатында тұрақты негізде Қазақстан Республикасының банк секторын кредиттік тәуекел мен банк жүйесінің капитал жеткіліктілігіне стресс-тестілеу жүргізуді жүзеге асырып отырды, сондай-ақ банктің қаржы нарығының шок жағдайларында оң қаржылық ГЭП-позицияны қаншалықты ұзақ ұстап тұра алатынын анықтауға мүмкіндік беретін ЕДБ өтімділігін стресс-тестілеу моделін саралаудан өткізуді бастады.

5-график
Сақтандыру сыйлықақыларының өсу қарқыны, %-бен



6-график
Зейнетақы активтері мен таза инвестициялық кіріс динамикасы, млрд. теңге



Экономиканың негізгі салаларын қаржылық тұрақсыздық салдарынан қалпына келтіру сақтандыру секторының даму динамикасына жағымды әсер етті, ол 2010 жылдың қорытындылары бойынша сенімді өсіп келе жатқанын көрсетті. Мәселен, сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 2010 жылы 2009 жылмен салыстырғанда 23,5%-ға өсті (5-график). Сақтандыру сыйлықақыларының құрылымында көлемдерінің ерікті жеке сақтандыру бойынша – 60,3%-ға (міндетті сақтандыру бойынша – 16,2%, ерікті

мүліктік сақтандыру бойынша – 14,0%) ең көп ұлғаюы байқалды. Бұл ретте сақтандыру секторының одан әрі тұрақты әрі сапалы өсуін қамтамасыз ету мақсатында 2010 жылы бірқатар шаралар, оның ішінде сақтандыру қызметін көрсетуді тұтынушылардың мүдделерін қорғауды күшейту, қайта сақтандыру қызметін реттеуді күшейту, сақтандыру нарығының инфрақұрылымын жетілдіру шаралары қабылданды.


Агенттік жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен бағалы қағаздар нарығына қатысты 2010 жылдың ішінде негізінен жинақталған зейнетақы қаражатының қажетті деңгейде қорғалуын қамтамасыз етуге, зейнетақы активтерін инвестициялық басқарудың тиімділігін арттыруға, ЖЗҚ мен бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының қаржылық тұрақтылығына қойылатын талаптарды күшейтуге, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға байланысты тәуекелдерді төмендетуге күш салды.

Атап айтқанда, Агенттіктің іске асырған шаралар кешені 2010 жылдың ішінде зейнетақы секторының тұрақты қызмет атқаруына мүмкіндік берді. Мәселен, зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен «таза» инвестициялық кіріс 2010 жылы 18,6%-ға ұлғайып, 2011 жылдың басына қарай 571,4 млрд.теңге болды. Бұл ретте ЖЗҚ инвестициялық стратегиялары бұрынғыша мейлінше сенімді қаржы құралдары – Қазақстан Республикасының МБҚ жоғары деңгейде болуын қолдауға бағытталды, олардың үлесі 2011 жылдың басына қарай ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінің 44,3%-ына жетті (6-график).

2010 жылы KASE ресми тізіміне кіргізілген мемлекеттік емес бағалы қағаздар нарығының өсуі мен жалпы капиталдандырылуы жалғасып, 2011 жылдың басына қарай 12 048, 4 млрд. теңге немесе ЖІӨ-нің 62,4%-ы болды (7-график).

7-график

Бағалы қағаздар нарығының негізгі көрсеткіштері, млрд.теңге



Агенттік 2010 жылы қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша бірінші кезектегі міндеттерді шешу аясында Мемлекет басшысының тапсырмасы

бойынша құрылған Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңестің (бұдан әрі – Кеңес) қызметіне белсенді қатысты. Осы органның негізгі міндеті макропруденциялық реттеуді іске асыру мен жүйелі тәуекелдерді азайту бойынша ұсынымдар даярлау болып табылады.

Атап айтқанда, Кеңестің өткізілген отырыстарында қаржы ұйымдарының капиталын жоғарылату, қазақстандық банк секторының Basel III талаптарына көшуі, динамикалық (контрциклді) провизиялау, жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен сақтандыру секторын дамытудың тұжырымдамалық мәселелері бөлігінде Қазақстанның қаржы жүйесін дамытудың ең өзекті аспектілері қаралды.

Бұл ретте қаралған мәселелердің кейбірі 2010 жылы іске асырыла бастады. Мәселен, Кеңестің шешіміне сәйкес құрылған Жұмыс топтары отырыстарының нәтижелері бойынша Агенттік «Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен бағалы қағаздар нарығын дамыту бойынша жол картасы» бағдарламасын (бұдан әрі – Жол картасы) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірледі, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 қаңтардағы отырысында мақұлданды. Осы Жоспардың іс-шаралары жинақталған зейнетақы қаражаты бойынша төмен кірістілікті, сапалы қаржы құралдарының жеткілікті санының болмауын қосқанда, жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі проблемаларды шешуге, эмитенттер мен инвесторлардың отандық қор нарығына шығуын одан әрі ынталандыруға, пруденциялық реттеу жүйесін жетілдіруге бағытталған.

Осылайша, 2010 жылы қазақстандық қаржы секторында біркелкі қалпына келе бастау үрдістері байқала бастағанына қарамастан, бірқатар жағымсыз құбылыстар әлі де болса сақталуда. Бұл ретте қазақстандық қаржы нарығының одан әрі қалпына келуі экономиканың нақты секторының қалпына келуімен және әлемдік қаржы жүйесіндегі жағымсыз үрдістердің жойылуымен анықталатын болады.

Осыған байланысты Агенттік дағдарыстан кейінгі кезеңде қаржы жүйесін тұрақты дамытуды қамтамасыз ету мақсатында қаржылық реттеу жүйесін жетілдіру жұмысын жалғастыратын болады.

II Халықаралық практиканы ескере отырып, 2010 жылы қаржы ұйымдарының қызметін реттеудің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру

Әлбетте, халықтың отандық қаржы секторына деген сеніміне қолдау көрсету, банктік, сақтандыру, зейнетақы заңнамаларын кезең-кезеңімен жетілдіру, ағымдағы үрдістер мен халықаралық тәжірибені ескере отырып, бағалы қағаздар нарығы қызметінің құқықтық негіздерін белгілеу отандық қаржы жүйесінің біртұтастығын сақтаудың шешуші мәселелері болып табылады. Қаржылық дағдарыстың себептері мен салдарына жүргізілген талдау отандық қаржы жүйесінің ішкі және сыртқы шоктарға жоғары дәрежедегі сезімталдығын көрсетті. Осыған байланысты, Агенттіктің 2010 жылғы заң шығару қызметінің саясаты қаржы нарығын реттеудің заңнамалық базасын одан әрі күшейту қажеттілігімен негізделіп, бағдарламалық және стратегиялық құжаттарда көзделген іс-шараларды, сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыруға бағытталды.

2.1 2010 жылғы заң шығару қызметі

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

Мемлекет басшысы 2010 жылғы 15 шілдеде Агенттік әзірлеген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Сақтандыру мәселелері бойынша Заң) қол қойды.

Сақтандыру мәселелері бойынша Заңды әзірлеудің негізгі мақсаты өмірді жинақтап сақтандыруды және сақтандыру нарығы инфрақұрылымының субъектілерін реттеу бөлігінде Еуропалық одақ директиваларын және IAS стандарттары мен принциптерін ескере отырып, сақтандыру заңнамасын жетілдіру болып табылады.

Сақтандыру мәселелері бойынша Заңда мыналар:

1) сақтанушыларды қосымша кепілдіктермен қамтамасыз ету және сақтанушылар сақтандырылуының қорғалуына және жинақ ақшаны жинақтауға мүмкіндік беретін өмірді жинақтап сақтандыру бағдарламасын иеленуге сақтанушылардың мүдделілігін арттыру мақсатында сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне «өмірді сақтандыру» сыныбын енгізу;

2) сақтандыру агентінің сақтандырушыдан сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларын төлеу үшін қолма-қол ақшаны қабылдауына тыйым салуды белгілеу. Осы норма 2012 жылғы 1 қаңтарда күшіне енеді;

3) сақтандыру агентіне қолма-қол жасалмайтын жолмен төленетін комиссиялық сыйақыны алу жөніндегі талапты белгілеу;

4) аджастерлер (апаттық комиссар), андеррайтерлер, сюрвейерлер қызметін реттеу. Сақтандыру нарығының аталған қатысушыларының қызметін заңнамалық реттеу сақтандырылған тәуекелдерді және сақтандыру жағдайының нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін тиісінше бағалауды дамыту қажеттілігімен негізделді;

5) біліктілік талаптарын, атап айтқанда, тиісті растаушы сертификат беретін оқытудан өткізу, сақтандыру агенттерінің тізілімін енгізу талаптарын белгілеу арқылы сақтандыру агенттеріне қойылатын талаптарды жоғарылату;

6) сақтандыру тарифтерін тепе-тең есептеу үшін жағдай жасау, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық тұрақтылығына қолдау көрсету және сақтандыру саласындағы алаяқтық фактілерін төмендету мақсатында сақтандыру статистикасының толыққанды базасын қалыптастыру;

7) топтың басқа қатысушыларының қызметін ескере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық тұрақтылығын тиісінше бағалауды жүзеге асыру мақсатында сақтандыру топтары қатысушыларының қызметін шоғырландырылған қадағалауды енгізу;

8) сақтандыру нарығын дамыту үшін тепе-тең жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру нарығы қатысушыларының кәсіптік бірлестіктерінің қызметін регламенттеу;

9) негізгі функциясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штаттық актуарийі жүргізетін есеп айырысуларға тексеру жасау болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық жай-күйін қадағалайтын қосымша құрал болып табылатын тәуелсіз актуарийлер институтын енгізу көзделеді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ипотекалық кредит беру және қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың және инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

Агенттік дағдарыс құбылыстары орын алған жағдайда қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылар мен инвесторлардың құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіру, ипотекалық кредиттер арқылы тұрғын үй сатып алатын азаматтардың әлеуметтік мүдделерін қорғау деңгейін көтеру, сондай-ақ қаржылық қызметтердің сапасы мен олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін арттыру мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ипотекалық кредит беру және қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың және инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Ипотекалық кредит беру мәселелері бойынша Заң) әзірледі.

Ипотекалық кредит беру мәселелері бойынша Заңның негізгі тұжырымдамалық бағыттары мыналар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, банктік заем шарттарының талаптарын бір жақты тәртіппен өзгертуге тыйым салуды енгізу;

2) банктік заем шартында шарттың қолданылу кезеңінде банктің өндіріп алатын комиссиялық ақыларының толық тізбесін міндетті түрде көрсетілуі, жаңа комиссиялық ақыларды енгізуге тыйым салу;

3) заемшының банктік заемды өтеу әдісін таңдау құқығын белгілеу;

4) Агенттікпен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде кредитордың заем беруге және заемға қызмет көрсетуге байланысты өндіріп алатын сыйақысы, барлық комиссия түрлері және өзге де төлемдері кіретін жылдық тиімді сыйақы ставкасының шекті мөлшерін белгілеу;

5) микрокредиттік ұйымдар мен кредиттік серіктестіктердің заем шарттарында жылдық тиімді сыйақы ставкасын көрсету міндетін енгізу;

6) банктік заем шарттары бойынша кез келген валюталық баламаға байланысты төлемдерді индекстеуге тыйым салуды енгізу;

7) банктік заем шарттары бойынша міндеттемелерін орындамағаны және т.б. үшін тұрақсыздық айыбының мөлшерін шектеу;

8) кепіл мүлігін сату қажет болған жағдайда міндетті тәуелсіз бағалауды жүргізу;

9) кепіл беруші жеке тұлғаның ипотекалық тұрғын үй заемы бойынша тиісті мемлекеттік органда белгіленген мерзімде тіркелген кепілге салынған мүлікті соттан тыс тәртіпте сатудан жазбаша бас тартуы бар болғанда осындай сатуға тыйым салуды енгізу;

10) микрокредиттік ұйымдар мен кредиттік серіктестіктердің тұрғын үй және (немесе) тұрғын үй орналасқан жер телімі болып табылатын кепіл мүлікті соттан тыс сатуына тыйым салуды белгілеу;

11) кепіл ұстаушы кепіл затын заемшы/кепіл беруші ұсынған сатып алушыға соттан тыс тәртіпте сатуы тиіс болатын жағдайларды анықтау;

12) ЕДБ мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың төлеуге қабілетсіз заемшыларға қатысты берешекті өндіріп алу бойынша қолданатын шараларын белгілеу;

13) ЕДБ мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың заемшының, кепіл берушінің сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдау құқығын шектеуіне тыйым салуды енгізу;

14) Агенттіктің банктік қызмет көрсету және банктердің клиенттердің өтініштерін қарау тәртібін, сондай-ақ банктік заем шартының міндетті талаптарының тізбесін анықтау функцияларын белгілеу;

15) акционерлік қоғамдардың лауазымды тұлғаларының ірі мәмілелерді және жасалу мүдделілігі бар мәмілелерді жасау кезінде қоғамға залал келтірілген жағдайда қабылдаған шешімдері үшін дербес жауапкершіліктерін анықтау арқылы олардың жауапкершілігін күшейту;

16) акционерлік қоғамдардың лауазымды тұлғаларының өздеріне жүктелген функцияларын орындау барысында басшылыққа алуы тиіс негізгі принциптерді анықтау;

17) қоғамның акционерлеріне лауазымды тұлғалардың ірі мәмілелерді және/немесе жасалу мүдделілігі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау нәтижесінде қоғамға келтірілген шығынды өтеу туралы шағым-талаппен сотқа жүгіну құқығын беру болып табылады.

Бұдан өзге, ЖЗҚ-ны қоса алғанда, облигацияларды ұстаушылардың, оның ішінде институционалды инвесторлардың мүдделерін қорғау мақсатында Ипотекалық кредит беру мәселелері бойынша Заңда облигациялық заемдарды қайта құрылымдау мүмкін болатын жағдайлар көзделген.

Сонымен бірге, Агенттік ЕДБ қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Ипотекалық кредит беру мәселелері бойынша Заңның аясында тізбесін уәкілетті орган белгілеген оффшорлық аймақтарда тіркелген ұйымдарды кредиттеуге тыйым салуды белгіледі.

Сонымен қатар, банктердің және ипотекалық заемдар алған заемшылардың арасындағы келіспеушіліктерді реттеу бойынша банктік омбудсман институтын енгізу Ипотекалық кредит беру мәселелері бойынша Заңның негізгі ерекшеліктерінің бірі болып табылады.

Мемлекет басшысы 2011 жылғы 10 ақпанда Ипотекалық кредит беру мәселелері бойынша Заңға қол қойды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банк қызметін және қаржы ұйымдарын тәуекелдерді азайту бөлігінде реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банк қызметін және қаржы ұйымдарын тәуекелдерді азайту бөлігінде реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы (бұдан әрі – Тәуекелдерді азайту туралы Заң жобасы) Мемлекет басшысының 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында әзірленді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 2 қыркүйектегі № 879 қаулысымен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілді.

Тәуекелдерді азайту туралы Заң жобасын әзірлеу мақсаттары:

1) банк конгломераттарын шоғырландырылған қадағалауды күшейту және тәуекелдерді азайту;

2) ақпараттың айқындылығы мен объективтілігін көтеру механизмдерін енгізу, олар сондай-ақ қаржы ұйымдарының, қаржы ұйымдарының ірі қатысушыларының, банк

конгломераттарының, банк холдингтерінің, сондай-ақ оларды иеленушілердің банк конгломераттарының меншік құрылымы, ұйымдық құрылымы туралы толық көрсетуге мүмкіндік беретін жан-жақты мәліметтерді жария етуіне бағытталатын болады;

3) қаржы ұйымдарының және банк холдингтерінің тәуекелдерді азайту үшін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелерін құру тәсілдерін жетілдіру;

4) қаржы ұйымының және оның ірі акционерлерінің акционерлік капиталының пайда болу көзінің айқындығына қойылатын қосымша талаптарды белгілеу арқылы қаржы ұйымдары капиталының сапасын көтеру;

5) банк холдингтеріне, банк конгломераттарына және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына ертерек ден қою жүйелерінің индикаторларын енгізу;

6) қаржы ұйымдарында, банк холдингтерінде, акционерлік қоғамдарда корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпаратты уақтылы және нақты жария етуді қамтамасыз ететін корпоративтік басқару жүйесінің айқындылығына қол жеткізу;

7) банк конгломераттарының құрамына кіретін банктерді қайта құрылымдаудың құқықтық механизмдерін жетілдіру, сондай-ақ эмитенттердің міндеттемелерін қайта құрылымдау рәсімдерін нақтылау;

8) қаржы ұйымдарының қызметін реттеу жүйесін және халықаралық деңгейде танылған тәуекелге бағытталған қадағалау тәсілдерін енгізу негізінде қадағалауды жүзеге асыру практикасын дамыту;

9) бағалы қағаздар нарығында инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін тиімді әрі жедел қорғау жүйесін қалыптастыру, оның ішінде инвесторларға бағалы қағаздар эмитенттерінің және қаржы нарығы лицензиаттарының қызметі туралы ақпаратты ашу жүйесін жетілдіру арқылы;

10) қаржы ұйымдарының клиенттер алдындағы міндеттемелерінің орындалмағаны үшін жауапкершілігін, сондай-ақ қаржы ұйымдарының басшы қызметкерлері мен ірі қатысушыларының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауды қамтамасыз етпегені үшін жауапкершілігін арттыру;

11) алаяқтықтың орын алу, оның ішінде бағалы қағаздар нарығында манипуляциялау мүмкіндігін болдырмау мақсатында қаржы нарығының инфрақұрылымын жетілдіру және инвесторлардың бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына деген сенімін арттыру;

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 1063 Жарлығы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 292-ө Өкімінің 52-тармағын іске асыру мақсатында әзірленді.

Осы Жарлықпен Агенттік көрсететін мемлекеттік қызметтердің 21 стандарты бекітілді.

Стандарттарды енгізу Агенттіктің жеке және заңды тұлғаларға көрсететін мемлекеттік қызметтерін ұсыну процесін нормативтік қамтамасыз етуді белгілейді. Стандарттар мемлекеттік қызмет көрсетуді тұтынуға мүдделі субъектілер үшін қажетті құжаттардың толық тізбесін, мерзімдерін, сондай-ақ рәсімдерін анықтайды. Сонымен қатар, стандарттарда көзделетін көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қол жетімділігін бағалау жүйесі жеке және заңды тұлғалардың осы қызметтерді тұтыну сапасының дәрежесі жоғары болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Агенттік қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 1063 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасын әзірледі, ол жоба Қазақстан Республикасының Үкіметіне қол қоюға берілген.

2.2. Банктік және банктік емес сектор

Агенттік 2010 жылы әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың нәтижесінде сақталған тәуекелдерді шектеу шараларын қабылдау арқылы банк секторының тұрақтылығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған банк секторын реттеуді жетілдіру жұмысын жалғастырды.

Мәселен, Агенттік **2010 жылғы 30 сәуірде** банктерді баланстарын «жаман» кредиттерден тазартуды жүргізуге ынталандыру қажет болғанына байланысты «Бір заемшының ең жоғары тәуекел мөлшері» (k3) коэффициентінің есебінен банктің балансынан есептен шығарылған банктің заемшыға қоятын талаптарын және 100% провизиялар (резервтер) қалыптастырылған талаптарын алып тастау бөлігінде Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулыққа өзгерістер енгізді.

Сонымен қатар 2010 жылы банктер капиталының сапасын одан әрі жақсарту мен еліміздің банк секторының потенциалын нығайту қажеттілігіне байланысты шаралар жалғастырылды. Мәселен, Агенттік жекелеген заемшылардың бір-біріне қатысты, сондай-ақ банкке де қатысты аффилиирленгендігінің болуы/болмауы туралы ақпаратты шынайы жария ету мақсатында **2010 жылғы 3 қыркүйекте** банктің меншікті капиталынан шегерілетін инвестициялардың құрамдас бөліктерін кеңейтті, сондай-ақ бір заемшының ең жоғары тәуекел мөлшерін (k3) есептеу кезінде заемшылардың «айқындылығы» критерийлерін айқындады.

Депозиттерді қабылдау, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу бойынша операцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банкі бар ЕДБ қызметін реттеуді жетілдіру мақсатында Агенттіктің және шетелдік мемлекеттің банктердің қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органының арасында ақпарат алмасу туралы келісімнің болуы, сондай-ақ Standard & Poors рейтинг агенттігінің "BB"-тен немесе оған сай келетін рейтингтен төмен емес шетел валютасындағы тәуелсіз рейтингі болуы жөніндегі талаптар белгіленді.

Банктерді баланстарын «жаман борыштардан» тазартуға ынталандыру, сондай-ақ халықаралық практиканы ескере отырып, шетелдік инвесторларды тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі Агенттікпен және «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-мен бірлесіп Екінші деңгейдегі банктер активтерінің сапасын жақсартудың қадамдық жоспарын (бұдан әрі – Қадамдық жоспар) әзірлеп, **2010 жылғы 15 желтоқсанда** бекітті.

Қадамдық жоспар аясында банктердің баланстарын «жаман борыштардан» тазартуды, оның ішінде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) өзгерістер енгізу арқылы банк заемшыларының берешегін қайта құрылымдауға жәрдем көрсету, банктерді үмітсіз берешекті есептен шығаруға ынталандыру шараларын, сондай-ақ пруденциалдық реттеу аясында:

1) банктердің провизия құру деңгейін ұлғайту арқылы тиісті валюталық түсімі жоқ заемшыларға шетел валютасында 2009 жылғы 1 қыркүйектен бастап берілген кредиттер бойынша провизиялардың ең төмен мөлшерін қалыптастыру тәртібін кезең-кезеңімен күшейту;

2) негізгі борыш пен есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешектің уақыты 90 күнтізбелік күннен асатын заемдардың үлесін 10% деңгейіне дейін кезең-кезеңімен төмендету үшін ертерек ден қою шараларын қабылдау туралы мәселені қарау сияқты шараларды қабылдауды қамтитын негізгі іс-шаралар көзделген.

Сонымен қатар, Қадамдық жоспарда тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркелген тұлғаларға банктік заемдардың берілуіне тыйым салуды белгілеу көзделген, бұл Ипотекалық кредит беру мәселелері бойынша Заңда көрініс тапты.

Агенттік 2010 жылы қашықтықтан қадағалау жүйесін жетілдіру жұмысын жалғастырды. Мәселен, банк конгломераттарын пруденциялық реттеуді жетілдіру аясында **2010 жылғы 30 сәуірде** банк конгломераты бойынша бір заемшының ең жоғары тәуекел мөлшерін есептеу әдістемесін екінші деңгейдегі банктер үшін қарастырылған пруденциялық нормативтерді есептеу әдістемесімен сәйкес келтіру көзделетін шаралар қабылданды.

Агенттік қадағалау практикасы барысында анықталған капиталдың қосарланып есепке алынуы салдарынан **2010 жылғы 15 шілдеде** банк конгломератына қатысушының меншікті капиталының нақты мөлшерінен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына, заңды тұлғалардың реттелген борышына қаржы жұмсау, сондай-ақ заңды тұлғалардың меншікті капиталына өзге де қаржы жұмсау болып табылатын инвестицияларды алып тастады.

Сонымен қатар, банктің онымен айрықша қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен жасаған мәмілелерінің айқын болуын арттыру мақсатында Агенттік Басқармасының **2010 жылғы 15 шілдедегі** №108 қаулысымен банктің онымен айрықша қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен жасайтын, реттеушілік есептілікте ашып көрсетілуі тиіс мәмілелері сомасының шекті мәнін төмендету көзделді. Сондай-ақ осы қаулымен мәмілелер бойынша есептелген кірістер мен шығыстар туралы ақпаратты және банктің онымен байланысты тұлғамен жасаған мәмілесінің мәні болып табылатын активтің жіктелу санаты мен ол бойынша құрылған провизиялар туралы ақпаратты көрсету көзделді.

2.3 Сақтандыру секторы

Агенттік 2010 жылы сақтандыру нарығының субъектілерін мемлекеттік реттеу мен қадағалау жүйесін жетілдіру аясында қайта сақтандыру мәмілелерінде қазақстандық қамтуды көтеру мен жалған мәмілелерді шектеу мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарындағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне, Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне, қайта сақтандыру қызметін реттеуді жетілдіруге қойылатын талаптарды жетілдіру шараларын қабылдады.

Мәселен, Агенттік **2010 жылғы ақпанда** жаңа Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуына қойылатын талаптар жөніндегі нұсқаулықты әзірлеп, бекітті, ол Нұсқаулықта сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының Директорлар кеңесінің, Басқармасының, тәуекелдерді басқару бөлімшесінің және ішкі аудит қызметінің ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру функцияларын кеңейту көзделеді.

2010 жылғы сәуірде жаңа Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына, сақтандыру резервтері жөніндегі есептілікті беру нысандарына және мерзіміне қойылатын талаптар әзірленіп, бекітілді, ол Талаптарда:

- таппаған сыйлықақылар резервін, мәлімделмеген шығындар резервін және шығындар резервін есептеу әдістері;

- тұрақтандыру резервін және күтпеген тәуекелдер резервін қалыптастыру жөніндегі талаптар;

- өмірді сақтандыру және аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру резервін есептеу бойынша резервтік базис жөніндегі талаптар;

- қайта сақтандырушының міндеттемелердегі үлесін есептеудің жаңа тәртібі белгіленген.

Агенттік сақтандыру нарығын реттеуді жетілдіру мақсатында **2010 жылғы қыркүйекте** Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы нұсқаулыққа өзгерістер енгізді, ол өзгерістерге сәйкес:

- өздігінен ұстап қалудың ең көп мөлшері мен оны есептеу тәртібі белгіленді;

- сақтандыру ұйымында сақтандыру сыйлықақыларын ұстап қалу лимиті (25%-дан кем емес) белгіленді;

- Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына тапсырылатын сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық мөлшері бойынша лимит (60%-дан жоғары емес) белгіленді;

- активтердің сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, жоғары өтімді активтер жеткіліктілігінің нормативін және төлем қабілеттілігінің нақты маржасын есептеу кезінде қайта сақтандырушының сақтандыру резервіндегі үлесін сақтандыру резервінің сомасына енгізуге арналған критерийлер анықталды.

Сонымен қатар, Агенттік уақытша әкімшіліктер мен тарату комиссияларының қызметін бақылауды күшейту, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау режимін енгізу бөлігінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату рәсімін жетілдіру мақсатында **2010 жылғы қыркүйекте** уақытша әкімшіліктің (уақытша басқарушының) міндеттерін, консервациялау жоспарының мазмұнын, уақытша әкімшіліктің (уақытша басқарушының) консервациялау кезеңіндегі іс-әрекеттері мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін сату тәртібін айқындады.

Сонымен бірге, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мәжбүрлеп таратылған жағдайда сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін уақытша әкімшіліктің өкілеттіктеріне лицензиясынан айырылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру портфелін табыс ету жөніндегі, сақтанушыларға (сақтандырылғандарға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерінің жүзеге асырылуына кепілдік беретін ұйымға сақтандыру шарттарының тізілімін беру жөніндегі функцияларды кіргізу бойынша шаралар қабылданды.

Агенттік сақтандыру ұйымдарының дефолтын болдырмау, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындылық коэффициентін есептеу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында **2010 жылғы шілдеде** Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындылықты сипаттайтын коэффициенттерін есептеу ережесін қайта қарады. Мәселен, шығындар коэффициентін есептеу кезінде тіркелген сақтандыру сыйлықақысының орнына таза еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақысын пайдалану көзделетіні белгіленді.

Аталған шаралардың басым көпшілігі Сақтандыру мәселелері бойынша Заңды іске асыруға бағытталғанын атап өткен жөн.

2.4 Зейнетақы қызметтер көрсету секторы

Агенттіктің жинақтаушы зейнетақы жүйесінің субъектілерін реттеу бөлігіндегі 2010 жылғы шаралары ЖЗҚ және ЗАИБЖАҰ қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, ЖЗҚ мен ЗАИБЖАҰ-дың, меншікті активтерін де, инвестициялық басқаруға алған зейнетақы активтерін де инвестициялаумен байланысты тәуекелдерді төмендетуге, сондай-ақ ЖЗҚ мен ЗАИБЖАҰ-дың негізгі жұмыс принциптерінің бірі – салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталды.

ЖЗҚ мен ЗАИБЖАҰ үшін консервативті, орташа және агрессивті инвестициялық портфельдерін құрған кездегі мерзімі ұзартылған пруденциалдық талаптар белгіленді.

ЖЗҚ мен ЗАИБЖАҰ-дың төлем қабілеттілігінің және қаржылық тұрақтылығының кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында Агенттік меншікті капитал жеткіліктілігін есептеген кезде дебиторлық берешекті есепке алуды шектеу мен инвестициялық жылжымайтын мүлікті есепке алмауды енгізді.

Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясынан айыру туралы шешім қабылданған ЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін және зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары бойынша міндеттемелерін қабылдайтын ЖЗҚ-ға қойылатын талаптар нақтыланды.

Отандық қаржы нарығындағы жағдайдың кезең-кезеңімен тұрақталуына байланысты ЖЗҚ-ға инвестициялық саясатты өз бетімен анықтауға мүмкіндік берілді, бұл нарықтық жағдайда кірістіліктің қажетті деңгейін қамтамасыз етуі тиіс. Мысалы, Агенттік зейнетақы активтерін инвестициялау ережесіне зейнетақы активтері есебінен инвестициялық портфеліндегі Қазақстан Республикасының МБҚ үлесін азайтуды көздейтін өзгерістер мен толықтыруларды енгізді (2011 жылғы 1 қаңтардан бастап - 25% кем емес, ал 2011 жылғы 1 сәуірден бастап - 20% кем емес).

Зейнетақы активтерін үшінші тұлғалардың мүдделеріне пайдалану мүмкіндігін және бағалы қағаздардың бағаларымен айла шарғы жасау фактілерін болдырмау мақсатында **2010 жылғы шілдеде** Агенттік ЗАИБЖАҰ-ға (ЖЗҚ-ға) аффилиирленген тұлғаларымен, ЗАИБЖАҰ (ЖЗҚ) ірі акционерлеріне тиесілі акцияларды сенімді басқарушылармен және ЗАИБЖАҰ (ЖЗҚ) ірі акционерлеріне тиесілі акцияларды сенімді басқарушылардың аффилиирленген тұлғаларымен қаржы құралдарын сатып алу және/немесе иелігінен шығару бойынша мәмілелер жасасуға тыйым салуды белгіледі.

Сонымен бірге, пруденциалдық реттеу аясында жүйелі тәуекелді азайту мақсатында Агенттік ЖЗҚ және басқарушы компаниялардың инвестициялық портфельге кіретін бағалы қағаздардың құнсыздануынан ықтимал залалдарды жабуға арналған резервтер (провизиялар) қалыптастыру және ай сайын олардың құнсыздануына тест жүргізу жөніндегі нормативін қарастырды, сондай-ақ ЖЗҚ-ның және ЗАИБЖАҰ-дың К2 номиналды кіріс коэффициенті бойынша теріс айырмасын өтеу бойынша ЖЗҚ-ның шартты міндеттемесі бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру жөніндегі талап енгізілді.

Агенттік салымшылар құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету және зейнетақы жинақтарын салымшыларының (алушыларының) ЖЗҚ мен ЗАИБЖАҰ-дың инвестициялық қызметінің нәтижесі туралы хабардар болу деңгейін көтеру мақсатында ЖЗҚ және ЗАИБЖАҰ қызметінің айқындылығын арттыруға бағытталған шараларға ерекше көңіл бөлді. Мысалы, салымшының (алушының), оның сұрау салуы бойынша кез келген сұрау салынған күнге берілетін жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпаратқа қойылатын талаптар нақтыланды.

ЖЗҚ зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясынан айырылған кезде салымшылардың (алушылардың) құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында лицензиясынан айырылған ЖЗҚ-ның зейнетақымен қамсыздандыру шарттары бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін табыстау тәртібі нақтыланды. Бұл ретте лицензиясынан айырылған ЖЗҚ-ның зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдаушы ЖЗҚ сәйкес келуі тиіс талаптар белгіленді.

2010 жылғы шілдеде қаржы құралдарын барабар бағалау механизмдерін жетілдіру аясында Агенттік ЖЗҚ инвестициялық портфельдеріндегі қаржы құралдарын бағалау ережесіне өтімді емес борыштық бағалы қағаздардың әділ нарықтық құнын, сондай-ақ акциялардың, олар бойынша белсенді нарығы болмаған жағдайдағы құнын анықтау тәртібін белгілеу бөлігінде өзгерістер енгізді.

Сонымен бірге, ЖЗҚ зейнетақы активтері есебінен, қор биржасы индексінің өкілдік тізімінде мәміле жасалған күні және мәміле жасалған күніне дейінгі 12 ай ішінде тұрған

акциялармен мәмілелерді қоспағанда, ЖЗҚ және ЗАБЖАҰ аффилирленген тұлғаларымен шығарылған акцияларды сатып алу мүмкіндігі бөлігінде шектеулер белгіленді.

ЖЗҚ зейнетақы активтерінің мөлшеріне қарай лимиттердің саралануын көздейтін қолданыстағы инвестициялау лимиттер жүйесін оңтайландыру және зейнетақы активтерін ЖЗҚ мен ЗАИБЖАҰ аффилирленген тұлғаларымен шығарылған бағалы қағаздарға инвестициялаумен байланысты тәуекелдерді барынша азайту мақсатында ЖЗҚ зейнетақы активтерін бір эмитентпен шығарылған (ұсынылған) қаржы құралдарына ЖЗҚ қамтамасыз ететін зейнетақы активтерінің көлемін ескере отырып, инвестициялау лимиттері белгіленді. Мысалы, 2011 жылғы қаңтардан бастап бір эмитент шығарған қаржы құралдарына инвестициялау лимиті зейнетақы активтері 130 млрд. теңгеден асатын ЖЗҚ үшін зейнетақы активтерінің 8% кемді және зейнетақы активтері 130 млрд. теңгеден кем болатын ЖЗҚ үшін – ЖЗҚ зейнетақы активтерінің 10% кемді құрайды.

Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметіне байланысты тәуекелдер дәрежесін төмендету мақсатында ЖЗҚ-да және ЗАИБЖАҰ-да тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптар мүдделер қайшылығы туындауымен байланысты тәуекелдерді басқару тетіктерін құру бөлігінде жетілдірілді.

2010 жылғы 29 қарашада ЖЗҚ мен ЗАИБЖАҰ қызметін реттеуді жетілдіру мақсатында қаржылық ахуалы өте нашар деп бағаланатын эмитенттердің бағалы қағаздарының құнсыздануы критерийлерін нақтылау арқылы ЖЗҚ мен ЗАИБЖАҰ-дың эмитенттердің акциялары мен облигациялары бойынша құнсызданудан ықтимал залалды жабуға арналған барабар резервтерді (провизияларды) құру бойынша шаралар қабылданды.

Сонымен бірге, қаржы ұйымдарының, оның ішінде ЖЗҚ мен ЗАИБЖАҰ өтімділігін қолдау мақсатында Агенттік «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В+»-тен «В»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар, немесе «Standard & Poor's» агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzB»-ке дейінгі рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ЕДБ-дегі салымдарды өтімді активтер деп тану бойынша ережелердің қолдануын 1 жылға (2012 жылғы 1 қаңтарға дейін) созды.

Барлық жоғарыда аталған шаралар ЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау бойынша қабылдайтын шешімдеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ЖЗҚ-ның салымшылар (алушылар) алдындағы міндеттемелерін орындау үшін қаражатпен қамтамасыз ету мақсатында қажетті резервтерді құруға жауапкершілігінің деңгейін көтеруге бағытталғанын, бұл өз кезегінде Қазақстан Республикасының зейнетақы секторының тұрақтылығын нығайтуға және ЖЗҚ салымшыларының (алушыларының) құқықтары мен мүдделерін қорғауға әсерін тигізетінін атап көрсету керек.

2.5 Бағалы қағаздар нарығы

Агенттіктің бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметін реттеу жөніндегі қызметі 2010 жылы бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың қаржылық ахуалын нығайтуға ықпалын тигізетін шаралар қабылдауға, олардың қызметімен байланысты тәуекелдерді төмендетуге, сондай-ақ инвесторлардың құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталды.

Мысалы, **2010 жылғы наурызда** сауда-саттықты ұйымдастырушының қаржылық тұрақтылығын оның қызметінде бар тәуекелдер деңгейіне қарай арттыру мақсатында, Агенттік пруденциалдық талаптар шегінде жарғылық және меншікті капиталының ең төменгі мөлшерін ұлғайтты (140 000 ең төменгі есептік көрсеткіштен кем емес), меншікті капитал жеткіліктілігінің нормативін есептеу тәсілін оны есептеу бойынша кредиттік және операциялық бағалауға негізделген халықаралық тәжірибені ескере отырып, жетілдірді.

Бұл ретте меншікті капитал жеткіліктілігі нормативін есептеу активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының тәуекелдері дәрежесі бойынша белгіленген мөлшерлеу коэффициенттерін ескере отырып, жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, операциялық тәуекелді басқару жүйесін жетілдіру мақсатында қосымша ағымдағы өтімділік коэффициенті енгізілді.

Бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушыларға арналған пруденциалдық талаптарды жетілдіру қажеттілігіне байланысты Агенттік **2010 жылғы қазанда** сауда-саттықты ұйымдастырушының ағымдағы өтімділік нормативінің есептеуін жетілдіруге бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Мысалы, сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда-саттыққа қатысушылардың алдындағы міндеттемелері нақтыланды, сондай-ақ ағымдағы өтімділік коэффициентін есептеген кезде ескерілетін жоғары өтімді активтердің тізбесі оған сауда-саттықты ұйымдастырушының ағымдағы және корреспонденттік шоттарындағы ақшаны, Қазақстан Республикасының ЕДБ және Қазақстан Республикасының резиденті емес банктердегі талап етілгенге дейін салымдарды және мерзімді салымдарды енгізу арқылы кеңейтілді.

Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында 2010 жыл ішінде Агенттік кәсіби қатысушыларына да, Агенттікке тиісті лицензия алу үшін құжаттарын тапсырған өтініш берушілерге де қатысты жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерін кезең кезеңімен ұлғайтты. Жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде кәсіби қатысушылардың жарғылық капиталы екі есе өскен.

Сонымен бірге, 2010 жыл ішінде ЖЗҚ мен бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларында мүдделер қайшылығы туындауына байланысты тәуекелдерді басқару тетіктерін құру, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ЕДБ-де тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру жөніндегі талаптар кезең-кезеңімен енгізіліп отырды.

Орталық депозитарийдің қызметімен байланысты тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында нақты уақыт режимінде мүдделі бөлімшелерді орталық депозитарийдің қызметі немесе оның жеке аспектісі ұшырау мүмкін тәуекел дәрежесінің өзгеруі туралы хабардар етуге мүмкіндік беретін орталық депозитарийдің бөлімшелері арасында шұғыл әрекеттесу механизмі көзделген. Сонымен бірге, көзделген шаралар қызметін жүзеге асырған кезде орталық депозитарий органына, уәкілетті органға осыған ұқсас шешімдерді қабылдауға, осы шешімнің оң салдары туралы да, ықтимал тәуекелдері туралы да толық ақпарат тізбесін иеленуге мүмкіндік беретін шешімдер қабылдаудың тиімді тәртібінің болуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ ішкі бақылау және ішкі аудит жүйесінің болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, орталық депозитарийдің бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуін жетілдіру мақсатында Агенттікпен депоненттің жеке шоты бойынша немесе осы жеке шоты шегінде ашылған қосалқы шоты бойынша операцияларды жасамас бұрын тексеру жүргізуді міндеттейтін қосымша талаптар көзделген.

Бұл ретте бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың, бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және жылжымайтын мүлікті иеленуге байланысты ұйымдардың бағалы қағаздар нарығының осы қатысушыларының активтерін есептеген кездегі пруденциалдық нормативтерінің есептеуі оңтайландырылды.

Сонымен қатар, брокерлік және (немесе) дилерлік ұйымдардың, олар банктік заемдық операцияларды жүзеге асыруға берілген лицензиялары шегінде қызметін жүзеге асыру барысындағы тәуекелдерді төмендету мақсатында брокердің және (немесе) дилердің банктік заемдық операцияларды төлемдік, мерзімділік және қайтарымдылық шартымен ақшалай нысанда кредиттер беру бөлігінде жүзеге асырған кездегі жауапкершілігін арттыруға бағытталған шаралар қабылданды.

Эмитенттің бағалы қағаздарын «буферлік санаты» санатына аудару негіздемелерін жою жөніндегі эмитенттің іс-шаралар жоспарына қойылатын талаптар қарастырылды.

Агенттік жұмысының бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының аффилиирленген тұлғалармен жасалған мәмілелердің мониторингін қамтамасыз ету мақсатындағы басқа маңызды бағыттарының бірі брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымдардың, инвестициялық портфельді басқарушылардың, сондай-ақ зейнетақы активтерін басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың уәкілетті органға ұсынатын кезеңдік есептілігіне қосымша есеп нысандарын белгілеу болып табылды.

Қаржы ұйымдары болып табылатын эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа рұқсат етілетін (рұқсат етілген) бағалы қағаздарына қойылатын талаптарды жетілдіру бөлігінде қаржы ұйымының бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізімінде болған кезде қаржы ұйымының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен белгіленген, 2011 жылғы 1 сәуірге дейін қолданыста болатын пруденциалдық нормативін сақтау шартымен меншікті капиталын төмендету мүмкіндігі қарастырылды.

Сонымен қатар, ұйымдастырылған нарықта қаржы құралдарымен сауда-саттық көлемінің азаюы жағдайында институционалды инвесторлар сатып алған қаржы құралдарының әділ бағасын қалыптастыру мәселесі ерекше маңызды болды. Мысалы, инвестициялық қорлардың активтері құрамына кіретін қаржы құралдарын барабар бағалау тетіктерін анықтау үшін Агенттік қолданыстағы заңнаманың нормаларына инвестициялық қордың активтерін құрайтын өтімді емес облигациялардың әділ бағасын, жай акциялардың баланстық құнын және артықшылық берілген акциялардың баланстық құнын анықтау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізді.

Номиналды ұстаушының және тіркеушінің бағалы қағаздар ұстаушыларының шотына (шотынан) бағалы қағаздарды есепке алу (есептен шығару) жөніндегі операцияларды тіркеу рәсімін нақтылау қажеттілігіне байланысты, сондай-ақ «International Bank Account Number» IBAN (IBAN) банктік шоты нөмірінің халықаралық стандарттарға ауыстыру рәсімін жеңілдету мақсатында номиналды ұстаушы уәкілетті органның ірі қатысушы мәртебесін алуға келісімінің болуын растайтын құжатты алмаған жағдайда мәмілені тіркеуден бас тартуына қатысты талаптар белгіленді, сондай-ақ номиналды ұстаушының бағалы қағаздар ұстаушының шоттардан (шоттарға) бағалы қағаздарды есепке алу/ есептен шығару операцияларын бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесінде тіркеу рәсімдері нақтыланды. Бұл ретте, Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде депоненттердің жеке шоттары шегінде ашылған қосалқы шоттардың деректемелеріндегі банктік шоттың нөмірі туралы мәліметтерді өзгерту жөніндегі (IBAN банктік шоттардың халықаралық стандарттарына ауысуға байланысты) операцияларды Орталық депозитарий депоненттің, оның жеке шоттары аясында ашылған барлық қосалқы шоттары бойынша бұйрығы негізінде жүргізеді.

Өз кезегінде, қор биржасының бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуіне қойылатын талаптарды жетілдіру, сондай-ақ мәмілелерді қор биржасының сауда-саттық жүйесін пайдаланумен оған өкілетті емес тұлғалармен жасасу мүмкіндігін болдырмау мақсатында қор биржасы мүшесінің атынан мәмілелерді жасасуға уәкілетті жеке тұлғаларды сәйкестендіру, қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес қор биржасының сауда-саттық жүйесін пайдаланумен осындай құқықтары жоқ тұлғалармен мәмілелер жасасу мүмкіндігін шектеу, қор биржасының сауда-саттық жүйесінде жасалатын мәмілелердің параметрлерінің мониторингі бөлігінде қосымша талаптар белгіленді.

2.6 Исламдық қаржыландыруды дамыту

Исламдық қаржыландыру Қазақстан үшін стратегиялық маңызы бар, әлемдік қаржы нарығындағы ең серпінді дамып келетін сегменті болып табылады.

Осыған байланысты 2009 жылы Агенттік осы институттың жұмыс істеуі үшін тиісті нормативтік құқықтық базасын құрды, соның нәтижесінде 2010 жылы елімізде бірінші ислам банкін «Al Hilal Абу-Даби» банктің еншілес ұйымы болып табылатын «Al Hilal Ислам банкі» АҚ құруға мүмкіндік туды.

Жалпы, исламдық қаржыландыру жүйесін дамыту аясында 2010 жылы Агенттік оны реттеудің нормативтік құқықтық базасын әрі қарай жетілдіру жұмысын жалғастырды.

Атап айтқанда, отандық қор нарығының өтімділігін арттыру, оның ішінде жаңа қаржы құралдарын дамыту арқылы арттыру мақсатында исламдық бағалы қағаздарды шығаруға және айналысқа жіберуге жағдай жасау жөніндегі іс-шаралар жалғастырылды. Мысалы, қор биржасының ресми тізімі «исламдық бағалы қағаздары» секторымен толықтырылды, сондай-ақ исламдық бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және онда болуы бойынша талаптар белгіленді.

Сонымен бірге, Қазақстанда исламдық қаржыландыру жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша бұдан кейінгі үйлестірілген әрекеттерді айқындау мақсатында **2010 жылғы шілдеде** ҚР АҚӨҚОҚРА мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп әзірлеген Қазақстан Республикасында исламдық қаржыландыруды дамыту бойынша 2010-2012 жылдарға арналған бірлескен іс-қимылдар жоспары бекітілді. Аталған Жоспарда көзделген шаралар, ең алдымен, Қазақстанда исламдық қаржыландыру жүйесінің әрі қарай дамуына және нығаюына бағытталған.

Мысалы, 2010-2012 жылдарға Агенттіктің қатысуымен исламдық қаржы жөніндегі заңнаманы әрі қарай жетілдіру мақсатында халықаралық консультанттарды тарту, Ислам Конференциясы Ұйымына мүше елдерден және өзге де елдерден исламдық қаржы институттарымен инвестициялар тарту, бастапқы исламдық бағалы қағаздар нарығының техникалық құжаттамасы мен инфрақұрылымын әзірлеу, Dow Jones әдісі бойынша аралық исламдық индекстерін әзірлеу және енгізу, сондай-ақ Агенттіктің Қаржылық қызметтерді көрсету жөніндегі Исламдық Кеңеске кіру мүмкіндігін қарастыру сияқты іс-шаралар жоспарланды.

Сонымен қатар, Агенттік заңнамада исламдық қаржыландыруды ұйымдастыруға, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы заңнамасындағы исламдық бағалы қағаздарды шығару бөлігіндегі мәселелері бойынша кемшіліктерді жоюға бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ислам банкілерін ұйымдастыру мен олардың қызметі және исламдық қаржыландыруды ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеуге қатысты.

Сонымен бірге, исламдық қаржыландыру жүйесінің проблемалары мен әрі қарай дамуының перспективаларын айқындау мақсатында Агенттікте Жұмыс тобы жұмыс істейді, оның құрамына мүдделі мемлекеттік органдардың, сондай-ақ қаржы ұйымдарының өкілдері кіреді.

III. Қазақстанның қаржы секторының 2010 жылғы дамуының нәтижелері

Қазақстанның қаржы нарығы үшін өткен жылы алдыңғы жылдан жеңіл болмағанын атап көрсету керек. Мысалы, қаржы секторы әлемдік қаржы дағдарысынан кейін қалпына келу жолында. Өткен жылы негізгі көрсеткіштердің қарқынды өсуі байқалмады, бірақ қаржы секторындағы жағдай бірішама тұрақталып, 2010 жылы елеулі нашарлау болған жоқ.

Қаржы ұйымдарының негізгі мақсаты, бұрынғыдай, клиенттердің қаржы институттарына деген сенімділігін сақтап қалу, өтімділіктің оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету, капиталдануын нығайту және тәуекелдерді барабар бағалау болып табылды.

3.1. Банктік және банктік емес сектор


Міндеттемелердің динамикасы мен құрылымы

1-графикте көрсетілгендей 2010 жылы ішінде міндеттемелердің құрылымында елеулі өзгерістер болды. Клиенттер салымдарының үлесі 47,9%-дан 63,7% -ға дейін өсті, айналысқа шығарылған бағалы қағаздардың үлесі 4,3 пайыздық тармаққа өсіп, 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 14,7% болды. Бұл ретте арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары үлесінің елеулі азайғаны байқалады, ол 2010 жылы 14,3%-дан бастап 0,2%-ға дейін қысқарды, тартылған заемдардың үлесі 4,7 пайыздық тармаққа төмендеп, жыл аяғында 6,4% құрады.

Есепті жылда ЕДБ міндеттемелері 1 821,6 млрд. теңгеге немесе 14,5% азайып, 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 10 715,2 млрд. теңге құрады. Бұл ретте банк секторының шетелдік валютамен номинирленген міндеттемелері 53,8%-дан 44,3%-ға дейін қысқарды.

1- график

ЕДБ міндеттемелерінің құрылымы (жиынтығына %-бен)



2010 жылы ҚР резиденттері алдындағы міндеттемелерінің тұрақты төмендеу үрдісі байқалады. Мысалы, сыртқы міндеттемелер 2010 жылы 1 648,3 млрд. теңгеге немесе 39,1%-ға қысқарды және 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2 562,5 млрд. теңге болды, олардың жиынтық міндеттемелердегі үлесі 33,6%-дан 23,9%-ға дейін төмендеді, бұл 3 банктің міндеттемелерінің қайта құрылымдау процесі аяқталуының нәтижесі болып табылады.

Міндеттемелерінің қайта құрылымдауын аяқтаған банктер бойынша ҚР резиденті еместері алдындағы міндеттемелері 1 418,4 млрд. теңгеге немесе 63,3%-ға қысқарды.


2-график

ЕДБ-нің Қазақстан Республикасының резиденті еместері алдындағы міндеттемелері



Қорландырудың сыртқы көздері болмағандықтан, депозиттердің қорландырудың негізгі көзі ретіндегі ролі елеулі болып қалуда. Өткен жылдың қорытындысы бойынша клиенттердің салымдары 821,4 млрд. теңгеге немесе 13,7%-ға өсті. Клиенттер салымдарының негізгі үлесін заңды тұлғалардың салымдары (клиенттер салымдарының жалпы сомасының 67,0%) құрады. Заңды тұлғалардың салымдары жыл басынан 12,5%-ға, жеке тұлғалардың салымдары 16,2%-ға өсті.

3- график




*арнаулы мақсаттағы ұйымдардың салымдарын есептемегенде

Егер алдыңғы жылдары клиенттердің шетелдік валютасындағы салымдарының өсу динамикасы байқалса, онда 2010 жылы валюталық салымдардың үлесі 10,5 пайыздық тармаққа 47,7%-дан 37,2%-ға дейін қысқарғанын атап көрсету керек (4-график).

4- график


Клиенттер салымдарының құрылымы (%)



Заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың салымдары құрылымында ең үлкен үлес салмағын мерзімді салымдар алады және жиынтық салымдардың 67,9% құрайды.

5- график

Клиенттер салымдарының құрылымы



Активтердің динамикасы мен құрылымы

Өткен жылы банк секторының активтері 474,2 млрд. теңгеге немесе 4,1%-ға өсіп 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 12 031,5 млрд. теңге құрады.

Банк секторы активтерінің өсу қарқыны азын-аулақ ұлғайғаны негізінде 2009-2010 жылдардағы кредиттеу қарқының төмендеуіне байланысты болды.

ЕДБ активтерінің құрылымында негізгі үлес салмағы бұрынғыдай «кері РЕПО» операцияларын ескере отырып берілген заемдар алады. Сонымен бірге олардың үлесі өткен жылы 83,4%-дан 75,4%-ға дейін азайды (1-кесте). Активтердегі бағалы қағаздардың үлесі 15,4%-дан 18,5%-ға дейін өсті. ЕДБ активтеріндегі банкаралық салымдардың үлесі шамалы болып қалуда (8,3%).

1-кесте

ЕДБ активтерінің құрылымы

Көрсеткіштің атауы	01.01.2010		01.01.2011	
	млрд. теңге	жиынтығына %-бен	млрд. теңге	жиынтығына %-бен
Қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттар	1 037,0	9,0	845,6	7,0
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	1 072,1	9,3	1 002,6	8,3
Бағалы қағаздар	1 779,7	15,4	2 221,7	18,5
Банктік заемдар мен «кері РЕПО» операциялары	9 638,9	83,4	9 065,9	75,4
Капиталға инвестициялар	290,6	2,5	376,1	3,1
Басқа активтер	1 739,3	15,0	1 722,5	14,3
Резервтер (провизиялар)	-4 000,3	-34,6	-3 202,9	-26,6
Активтер жиынтығы	11 557,30	100,0	12 031,5	100,0

2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жиынтық активтердегі шетелдер қатысушы банктер активтерінің үлесі жыл басынан 10,6 пайыздық тармаққа өсіп, 34,0% құрады. Сондай-ақ, жиынтық міндеттемелердегі шетелдер қатысушы банктер міндеттемелерінің 34,6%-ға дейін өскені байқалады. Бұл ретте жиынтық жарғылық капиталындағы шетелдік қатысуы бар банктердің үлесі 17,0%-дан 13,7%-ға дейін азайған. (2-кесте).

2-кесте

Шетелдер қатысушы банктер мен еншілес банктер бойынша мәліметтер (жиынтығына %-бен)

Көрсеткіштің атауы	01.01.2010		01.01.2011	
	шетелдер қатысушы банктер	оның ішінде еншілес ұйымдар	шетелдер қатысушы банктер	оның ішінде еншілес ұйымдар
Жиынтық активтердегі үлесі, %	23,4	17,2	34,0	17,4
Жиынтық міндеттемелердегі үлесі, %	19,1	14,0	34,6	17,4
Жиынтық жарғылық капиталдағы үлесі, %	17,0	13,0	13,7	8,6
Баланс бойынша жиынтық меншікті капиталдағы үлесі, %	–	–	29,2	17,4


Меншікті капитал жеткіліктілігі

Екі тоқсан ішінде банк секторының есептелген меншікті капиталының мөлшері теріс шаманы құрады. 2010 жылғы үшінші тоқсанда байқалған есептелген меншікті капиталдың айтарлықтай өсуі көбінесе 3 банктің міндеттемелерінің қайта құрылымдау процесінің ойдағыдай аяқталуына байланысты болды.

2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк секторының есептелген меншікті капиталының мөлшері 1 821,4 млрд. теңге құрады. Ал жыл басында осы көрсеткіш (-915,0) млрд. теңге теріс шаманы құраған.

Банк секторының есептелген меншікті капиталы мөлшерінің өсуі өз кезегінде жеткіліктілік пруденциалдық нормативтері мәндерінің өсуіне әкелді. Мысалы, 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жеткіліктілік коэффициенттері k1-1 – 11,6; k1-2 – 13,5; k2 – 17,9 құрады (6-график).

Меншікті капиталдың бірдейлігі көрсеткіштері



Банк секторы қызметінің қаржылық нәтижесі
 Банктік жүйесі үшін айтарлықтай шығындармен аяқталған 2009 жылмен салыстырғанда 2010 жылы ЕДБ табыс салығын төлегеннен кейін 1 420,0 млрд. теңге мөлшерінде таза кіріс алды. Осы көрсеткіштің өсуі негізінде 3 банктің міндеттемелерін қайта құрылымдаудан алынған кіріске байланысты болды.

ЕДБ кірістері құрылымында 83,7% сыйақы алумен байланысты емес кірістер алды (5 342,5 млрд. теңге), ал шығыстар құрылымында 85,2% сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар алды (4 228,0 млрд. теңге) (3-кесте).

3-кесте

Банк секторының кірістілігінің құрылымы (млрд. теңге)

Банк секторының кірістілігі	01.01.2010	01.01.2011	өзгерістері (+;-),%-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	1 294,4	1 043,9	-19,4
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	853,8	737,2	-13,7
Сыйақы алумен байланысты таза кіріс	440,6	306,7	-30,4
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	5 779,2	5 342,5	-7,6
Сыйақы төлеуге байланысты емес шығыстар	9 040,7	4 228,0	-53,2
Сыйақы алумен байланысты емес таза кіріс (шығын)	-3 261,5	1 114,5	-
Күтпеген баптар	-	-	-
Табыс салығын төлегенге дейін таза кіріс	-2 820,9	1 421,1	-
Табыс салығын төлеу бойынша шығыстар	13,3	1,1	-91,7
Табыс салығын төлегеннен кейін таза кіріс	-2 834,2	1 420,0	-

Табыс салығын төлегенге дейін таза кірістің жиынтық активтерге қатынасы (ROA) (12,0%) құрады (2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша $-(-24,1\%)$, табыс салығын төлегенге дейін таза кірістің меншікті капиталға қатынасы (ROE) – (2 920,8%) (2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша $-(-1 192,6\%)$).

*Банк секторының тәуекелдері**Кредиттік портфельдің сапасы мен кредиттік тәуекел*

2010 жыл бойы банктік кредиттеудің қысқару үрдісі жалғасын келді. Банк секторының кредиттік белсенділігін тоқтататын негізгі факторлар кредиттік портфель сапасының төмен болуы, сондай-ақ әлеуетті заемшыларға қатаң талаптар қою болып қалуда.

2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк секторының жиынтық несиелік портфелі жыл басынан 5,9%-ға немесе 573,0 млрд. теңгеге азайып, 9 065,9 млрд. теңге құрады.

2011 жылғы 1 қаңтарға банк секторының несиелік портфеліне нақты жалпы сомасы 2 805,5 млрд. теңге құрайтын провизиялар қалыптастырылды, бұл жиынтық несиелік


портфельдің 30,9% құрайды. Сонымен, банк секторында провизиялау деңгейі айтарлықтай болып қалуда.

7-график



2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кредиттік портфельдің сапасы² төмен болып қалуда. Кредиттік портфельдегі үмітсіз заемдар үлесінің 30,6%-дан 20,0%-ға дейін төмендегеніне қарамастан күмәнді заемдардың үлесі бір жылда 9,6 пайыздық тармаққа өсіп, жыл аяғында 53,6% құрады. Сонымен бірге, стандартты заемдардың 26,4%-ға дейін шамалы өсуі байқалады. (8-график)

8-график



2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кредиттік портфельдің құрылымында елеулі өзгерістер байқалған жоқ. Бұрынғыдай, негізгі үлесті заңды тұлғаларға берілген заемдар алады (кредиттік портфельдің 62,5%), жеке тұлғаларға берілген заемдардың үлесі кредиттік портфельдің 19,8% құрады және шағын және орташа кәсіпкерлік субъектілеріне берілген заемдардың үлесі 15,8% құрады.

4-кесте

Кредиттік портфельдің құрылымы

Көрсеткіштің атауы	01.01.2010		01.01.2011	
	млрд. тенге	жиынтығына үлесі, %	млрд. тенге	жиынтығына үлесі, %
Заңды тұлғаларға	6 285,4	65,2	5 667,8	62,5
Басқа банктерге және банктік емес ұйымдарға	167,2	1,7	156,6	1,7
Жеке тұлғаларға тұрғын үйді сатып алуға және құрылысын салуға	949,7	9,9	848,6	9,4
Жеке тұлғаларға тұтынушылық мақсаттарға	736,6	7,6	823,8*	9,1
Жеке тұлғаларға басқа заемдар	191,4	2,0	122,4	1,3
Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне	1 250,4	13,0	1 432,0**	15,8
«Кері РЕПО» операциялары	58,2	0,6	14,7	0,2
Кредиттік портфель жиынтығы	9 638,9	100,0	9 065,9	100,0

* - ақпарат автокөлік сатып алуға берілген заемдарды ескере отырып берілген;


** - ақпарат орташа кәсіпкерлік субъектілеріне берілген заемдарды ескере отырып берілген.

² Активтерді және шартты міндеттемелерді жіктеу талаптарына сәйкес провизияларды қалыптастыру бойынша мынадай мөлшері қолданылады:

Стандартты – 0%, 1-санат – 5%; 2-санат – 10%, 3-санат – 20%, 4-санат – 25%, 5-санат – 50%, үмітсіз 100%.

Өткен жылы ішінде жұмыс істемейтін заемдар³, 560,9 млрд. теңгеге немесе 16,0%-ға азайып, 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2 954,4 млрд. теңге құрады. Негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша 90-нан астам күнге мерзімі өткен берешек бір жыл ішінде 113,1 млрд. теңгеге немесе 5,5%-ға өсіп, 2 153,4 млрд. теңге құрады. (9-график).

9-график
ЕДБ кредиттік портфеліндегі жұмыс істемейтін заемдардың динамикасы (%-бен)



Кредиттік портфельдегі жұмыс істемейтін заемдардың үлесі қаралатын кезең ішінде 36,5%-дан 32,6%-ға дейін төмендеді. 90-нан астам күнге мерзімі өткен берешегі бар заемдардың үлесі 21,2%-дан 23,8%-ға дейін өсті.

Бұл ретте, жұмыс істемейтін заемдарды және негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша 90-нан астам күнге мерзімі өткен берешегі бар заемдарды несиелік портфель бойынша қалыптастырылған провизиялармен жабудың айтарлықтай жоғары деңгейі сақталып келеді. Мысалы, жұмыс істемейтін заемдарды несиелік портфель бойынша қалыптастырылған провизиялармен жабу деңгейі 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 95,0% құрады (2010 жылғы 1 қаңтарда - 103,0%). Негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша 90-нан астам күнге мерзімі өткен берешегі бар заемдарды несиелік портфель бойынша қалыптастырылған провизиялармен жабудың деңгейі 130% құрады.

2010 жылы экономикаға берілген кредиттер 1,7%-ға немесе 128,2 млрд. теңгеге азайды және 201 қаңтардағы жағдай бойынша 7 271,1 млрд. теңге құрады. Экономикаға берілген кредиттердің жиынтық несиелік портфеліндегі үлесі 80,2% құрады. Кредиттік портфельді шоғырлану тұрғыдан қараған кезде, өткен жылдың басындағыдай, экономика салаларын кредиттеу құрылымында негізгі үлесін сауда салаларына – 26,2% және құрылысқа – 25,4% берілген заемдар алады. Сондай-ақ, экономика салаларын кредиттеу құрылымында қомақты үлесін өндірісті емес саласы (23,3%) мен өнеркәсіп (14,5%) алды.

5-кесте
Экономика салаларын кредиттеу құрылымы

Экономика салаларының атауы	01.01.2010				01.01.2011			
	Барлығы		оның ішінде Қазақстан Республикасының резиденті еместері		Барлығы		оның ішінде Қазақстан Республикасының резиденті еместері	
	млрд. теңге	жиынтығына үлесі, %	млрд. теңге	жиынтығына үлесі, %	млрд. теңге	жиынтығына үлесі, %	млрд. теңге	жиынтығына үлесі, %
Құрылыс	1 979,5	26,8	683,8	38,2	1 844,5	25,4	493,4	37,3
Сауда	1 979,5	26,8	431,9	24,1	1 901,4	26,2	247,9	18,8
Өндірістік емес сала	1 746,5	23,6	387,8	21,7	1 697,7	23,3	352,2	26,6

³ 5-санаттағы күмәнді және үмітсіз заемдар, бірыңғай кредиттер портфелі бойынша тек қалыптастырылған провизиялар ғана есепке алынады

Өнеркәсіп	1 076,6	14,5	253,3	14,2	1 055,1	14,5	202,2	15,3
Ауыл шаруашылығы	302,1	4,1	25,4	1,4	339,4	4,7	18,2	1,4
Көлік	212,8	2,9	5,5	0,3	211,9	2,9	6,9	0,5
Жеке кәсіпкерлік	47,5	0,6	1,4	0,1	172,9	2,3	0,6	0,1
Байланыс	54,8	0,7	0,5	0,0	48,2	0,7	0,4	0,0
Экономикаға кредиттер	7 399,3	100,0	1 789,6	100,0	7 271,1	100,0	1 321,8	100,0

Банк секторының кредиттік портфелінің сапасы төмен болуына қарамастан экономика секторлары бойынша кредиттік портфель сапасы 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша біраз жақсарды. Мысалы, экономиканың барлық секторлары бойынша үмітсіз заемдардың үлесі азайды, стандартты санаттағы заемдардың шамалы өскені байқалады.

2011 жылғы 1 қаңтарға экономиканың ең осал секторы бұрынғыдай құрылыс болып қалуда: стандартты заемдардың үлесі 11,8% құрады, күмәнді - 53,2% және үмітсіз-35,0% (2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты заемдардың үлесі 12,6% құрады, күмәнді - 41,0%, үмітсіз - 46,4%).

6-кесте

Жіктелген заемдардың құрылымы (жиынтығына пайызбен)

Экономика салалары бойынша жіктеу	Стандартты		Күмәнді		Үмітсіз		Жиынтығы
	01.01.2010	01.01.2011	01.01.2010	01.01.2011	01.01.2010	01.01.2011	
Құрылыс	12,6	11,8	41,0	53,2	46,4	35,0	100
Сауда	31,6	39,0	32,6	43,5	35,8	17,5	100
Өнеркәсіп	32,1	35,6	39,3	47,5	28,6	16,9	100
Ауыл шаруашылығы	39,1	55,7	32,0	33,7	28,9	10,6	100
Көлік	33,7	41,7	49,8	47,8	16,5	10,5	100
Байланыс	37,8	39,6	51,1	54,1	11,1	6,3	100
Басқалар	27,8	26,5	45,9	55,2	26,3	18,3	100
Жалпы экономика бойынша	26,1	29,2	39,7	49,3	34,2	21,5	100

7-кестеде қамтамасыз етудің түрі бойынша банктік заемдар жөнінде деректер келтірілген. ЕДБ кредиттік тәуекелдің жоғары деңгейін ЕДБ беретін кредиттерінің жылжымайтын мүлік секторында шоғырлануы дәлелдейді. Қаралатын кезеңде, бұрынғыдай, жылжымайтын мүлік кепіл мүліктің негізгі түрі болып қалады, бұл банк секторының жылжымайтын мүлік бағасының құбылмалылығына тәуелді болуын арта түседі.

7-кесте

Банктік заемдар қамтамасыз ету түрі бойынша (млрд. теңге)

Көрсеткіштің атауы	01.01.2010		01.01.2011		өзгеріс, %	
	барлығы	оның ішінде шет. валютада	барлығы	оның ішінде шет. валютада	барлығы	оның ішінде шет. валютада
Ипотекалық (жылжымайтын мүлік кепілдігіне)	3 786,2	1 898,9	3 261,1	1 494,8	-13,9	-21,3
Кредиттік карточкалар бойынша салым кепілдігіне берілген заемдар	89,7	36,3	107,3*	42,0*	-81,3	-96,4
Кепілдікке және/немесе кепілдемеге берілген заемдар	689,6	461,9	922,1	519,0	33,7	12,4
Басқа қамтамасыз етуге берілген заемдар	4 302,3	2 629,7	2 005,9	1 053,5	-53,4	-59,9
Бланктік заемдар	771,1	489,8	645,6	316,1	-16,3	-35,5
Көпкепілдікті	-	-	2 124,0	1 127,8	-	-
Кредиттік портфель жиынтығы	9 638,9	5 516,6	9 065,9	4 553,2	-5,9	-17,5


*- салым кепілдігіне берілген банктік заем сомасы көрсетілген

Мысалы, 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жылжымайтын мүлік кепілдігіне берілген ипотекалық заемдар қаралатын кезеңде 13,9%-ға азайып, 3 261,1 млрд. теңге құрады. Жылжымайтын мүлік кепілдігіне берілген заемдардың кредиттік портфельдегі үлес салмағы 2010 жылы 3,3 пайыздық тармаққа төмендеп, 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 36,0% құрады.

Өткен жылы тұтынушылық мақсаттарға берілген кредиттер 87,2 млрд. теңгеге немесе 11,8%-ға өсіп, 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 823,8 млрд. теңге құрады. Тұтынушылық мақсаттарға берілген кредиттердің үлесі жыл басынан 1,5 пайыздық тармаққа өсіп, 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 9,1% құрады (10-график).

Тұтынушылық кредиттердің сапасын қарай келе, өткен жылдың жыл басымен салыстырғанда стандартты кредиттердің 13,2%-ға дейін 4,6 пайыздық тармаққа азайғанын атап көрсету керек, бұл ретте үмітсіз кредиттердің үлесі 19,8%-дан 15,8%-ға дейін қысқарды.

10-график




* - тұтынушылық заемдар автокөлікті сатып алуға берілген заемдарды ескере отырып, көрсетілген

2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ипотекалық тұрғын үй заемдары бір жыл ішінде 137,1 млрд. теңгеге немесе 16,2%-ға азайып, 709,7 млрд. теңге құрады. Есепті күнге ЕДБ кредиттік портфельіндегі ипотекалық тұрғын үй заемдарының үлесі 7,8% құрады.

Жыл басымен салыстырғанда стандартты кредиттердің үлесі 23,7%-дан 14,7%-ға дейін қысқарды, күмәнді санаттағы заемдардың үлесі 73,0%-ға дейін өскен. Бұл ретте, үмітсіз заемдардың үлесі 1,8 пайыздық тармаққа қысқарды және 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 12,3% құрады (11-график).

11-график


Ипотекалық тұрғын үй заемдарының сапасы



Қазақстан Республикасының резиденті еместеріне берілген заемдар жалпы кредиттік портфель көлемінде өткен жылдың басындағы 14,8%-ға қарсы 18,7%-ды құрады. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының резиденті еместеріне берілген заемдардың үлесі Қазақстан Республикасының резиденті еместеріне қойылатын талаптардың жалпы көлемінде 67,6%-ды құрады (01.01.2010 жылғы жағдай бойынша - 97,2%) (12-график).

12-график


Қазақстан Республикасының резидент еместерін кредиттеу



Ресей Федерациясы, Виргин аралдары (Британия), Люксембург, Кипр, Нидерланды, Ұлыбританияның Біріккен Корольдігі, Америка Құрама Штаттары және Сейшелдер негізгі заемшы елдер болып табылады (13-график).

13-график

Қазақстан Республикасының резидент еместеріне берілген заемдардың елдер бойынша қимасындағы кредиттік портфельіндегі үлесі (%-бен)



Өтімділік тәуекелі

Депозиттік қордың өсуі және екінші деңгейдегі банктердің кредит беру деңгейінің төмен болуы банк секторы өтімділік деңгейінің жоғарылауына алып келді. Осылайша, өтімділік тәуекелі ЕДБ үшін қауіпті болып табылмайды.

к4-1 өтімділік коэффициенті 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша 5,722 (к4-1 ең төмен рұқсат етілген мәні = 1), к4-2 өтімділік коэффициенті – 3,311 (к4-2 ең төмен мөлшері = 0,9) және к4-3 өтімділік коэффициенті – 2,476 (к4-3 ең төмен мөлшері = 0,8) құрады (8-кесте).

8-кесте


ЕДБ бойынша өтімділік коэффициенттерінің өзгеру динамикасы

Көрсеткіштің атауы	01.01.2009	01.01.2010	01.04.2010	01.07.2010	01.10.2010	01.01.2011
Мерзімді өтімділік к4-1 (мін мәні 1)	3,135	5,051	8,180	7,331	6,609	5,722
Мерзімді өтімділік к4-2 (мін мәні 0,9)	1,821	2,646	3,766	3,802	3,652	3,311
Мерзімді өтімділік к4-3 (мін мәні 0,8)	1,582	2,116	2,477	2,497	2,601	2,476

Өтімділік көрсеткіштері жеткілікті деңгейде сақталуына қарамастан, жалпы 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша банктік жүйе (-762,3) млрд. теңгені құрап, жағымсыз ГЭП-позиция қалыптасты. Ең үлкен теріс ГЭП-позиция 6 айдан 1 жылға дейінгі (-684,4 млрд. теңге), 1 жылдан 2 жылға дейінгі (626,9 млрд. теңге) және талап еткенге дейін (-479,8 млрд. теңге) мерзімдер бойынша байқалды (14-график).

14-график


01.01.2011 жылғы жағдай бойынша өтелуге дейін қалған мерзімдер бойынша ГЭП-позиция (млрд. теңгемен)



Депозиттік қордың өсуі мен несиелік портфелінің өспеуі ЕДБ өтімді активтерінің біршама жинақталуына алып келді. Сөйтіп, 01.01.2011 ж. жағдай бойынша ЕДБ жоғары дәрежеде өтімді активтері жылдың басынан бастап 325,3 млрд. теңгеге немесе 14,6%-ға ұлғайып, 2 546,8 млрд. теңгені құрады. ЕДБ-ның жиынтық активтеріндегі өтімділігі жоғары активтердің үлесі жылдың басынан 2,0 пайыздық тармаққа ұлғайып, 21,2%-ды құрады (15-график). Өтімділігі жоғары активтердің жиынтық қысқа мерзімді міндеттемелерге және Қазақстан Республикасының резиденті еместері алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелерге қатынасының коэффициенті 0,4 және 5,1-ді құрады, осыған сәйкес Қазақстан Республикасының резиденті еместері алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелерді өтеуге өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігін куәландырады. 01.01.2010 жылғы жағдай бойынша осы коэффициенттер 0,5 және 2,2-ды құраған.

15-график

ЕДБ-ның өтімділігі жоғары активтері




Валюталық тәуекелдер

Шетел валютасындағы ЕДБ-ның міндеттемелері 53,8%-дан 44,3%-ға дейін төмендеді, бұл ретте банк жүйесіндегі валюталық тәуекел жеткілікті деңгейде сақталуда.

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша валюталық активтер 9,7 пайыздық тармаққа азайып, 36,9%-ды құрады. (16-график).

16-график

ЕДБ-ның жиынтық активтері мен міндеттемелеріндегі шетел валютасында валюталық активтер мен міндеттемелердің салыстырмалы үлес салмағы (%-бен)




2010 жылда соңғы жылдарда қалыптасқандай шетел валютасында номинирленген ЕДБ-ның кредиттері шоғырлануының біршама тұрақты динамикасы сақталды. Жыл басына қатысты қазақстандық ЕДБ-ның несие портфеліндегі шетел валютасындағы заемдардың үлес салмағы 7,0 пайыздық тармаққа азайып, 01.01.2011 жылда 50,2%-ды құрады.

Заемдардың көп бөлігі жергілікті халыққа берілді. Сонымен, 2010 жылы ҚР резиденттеріне берілген шетел валютасындағы заемдардың үлесі шетел валютасындағы заемдардың жалпы сомасында 68,4%-дан 72,0%-ға дейін ұлғайды, бұл өсім ҚР резидент еместерге берілген шетел валютасындағы займдардың азаюына байланысты болып отыр. Бұл ретте ҚР резиденттеріне берілген шетел валютасындағы заемдардың сомасы өткен жылмен салыстырғанда 494,2 млрд. теңгеге немесе 13,1%-ға қысқарды (17-график).

17-график


Шетел валютасындағы кредиттеудің динамикасы



Банк жүйесі бойынша валюталық өтімділік коэффициенті 2010 жыл ішінде ең аз мәндерден біраз асты. Осылайша 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша 1-ге тең ең аз мән болған кезде k-4-4 - 7,6, k-4-5 (min = 0,9) – 3,8, k-4-6 (min = 0,8) – 2,2 құрады (18-график).

18-график


Мерзімді валюталық өтімділіктің коэффициенттері



23-графиктен көріп отырғанымыздай шетел валютасындағы активтер талап еткенге дейін және 1 айға дейінгі шетел валютасындағы міндеттемелерді жеткілікті деңгейде жабады. Бұл ретте, қосымша валюталық ресурстарға қажеттілік 1 айдан 1 жылға дейін және 1 жылдан аса диапазонда пайда болады (19-график).

19-график

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша шетел валютасындағы активтер мен міндеттемелер



Жалпы 2010 жылы шетел валютасындағы активтер мен міндеттемелердің біртіндеп төмендеу үрдісі жалғасты.

Банк конгломераттары

01.10.2010 жылғы жағдай бойынша Қазақстанда 15 банктік конгломерат бар, олардың құрамына 150 ұйым, олардың ішінде 53 қаржы ұйымы, оның ішінде Қазақстан Республикасының 15 ЕДБ кіреді.

01.10.2010 жылғы жағдай бойынша банк конгломераттарының жиынтық баланстық меншікті капиталы (1 банк конгломератын есептемегенде) 1 070,5 млрд. теңгені құрады, 01.01.2010 жылғы жағдай бойынша жиынтық меншікті капитал (3 банк конгломератын есептемегенде) 1 098,6 млрд. теңгені құраған (9 - кесте).

9-кесте

Банк конгломераттарының жиынтық меншікті капиталының құрылымы

Банк конгломераттарының жиынтық меншікті капиталының құрылымы	01.01.2010		01.10.2010	
	млрд. теңге	үш банк конгломератын есептемегенде	млрд. теңге	бір банк конгломератын есептемегенде
Меншікті капитал, барлығы	-1 193,2	1 098,6	873,3	1 070,5
Жарғылық капитал	874,2	257,0	1 766,6	1 736,6

Бөлінбеген кіріс / жабылмаған шығын	-2 445,5	314,7	-1 229,8	-1 002,4
Өзге капитал	378,1	526,9	336,5	336,3

Банк конгломераттарының жиынтық меншікті капитал құрылымында (1 банк конгломератын қоспағанда) басым көпшілігі жарғылық капиталға келеді, оның сомасы 1 736,6 млрд. теңгені құрайды, өзге капитал 336,3 млрд. теңгені құрайды. Банк конгломераттарының жиынтық өтелмеген шығындары 1 002,4 млрд. теңгені құрайды.

01.10.2010 жылғы жағдай бойынша банк конгломераттарының жиынтық активтері 11 090,8 млрд. теңгені құрады, ал жылдың басында жиынтық активтерінің сомасы 10 852,3 млрд. теңгені құраған (10-кесте).

10-кесте


Банк конгломераттарының жиынтық активтерінің құрылымы

Банк конгломераттарының жиынтық активтерінің құрылымы	01.01.2010		01.10.2010	
	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	млрд. теңге	жиынтығында %-бен
Активтер, барлығы	10 852,3	100	11 090,8	100
Ақша қаражаты	1 279,2	11,8	912,3	8,2
Бағалы қағаздар	1 518,2	14,0	2 151,7	19,4
Берілген заемдар	7 129,5	65,7	7 058,0	63,7
Басқа активтер	925,4	8,5	968,8	8,7

Банк конгломераттары активтерінің құрылымында айтарлықтай үлесті банк заемдары алады – 63,7% (01.01.2010 жағдай бойынша – 65,7%), бағалы қағаздар портфелі – 19,4% (01.01.2010 жылғы жағдай бойынша – 14,0%), ақша қаражаты - 8,2% (01.01.2010 жылғы жағдай бойынша – 11,8%), басқа активтер - 8,7% құрады (01.01.2010 жылғы жағдай бойынша – 8,5%) (20-график).

20-график

Банк конгломераттарының жиынтық активтерінің құрылымы



01.10.2010 ж. жағдай бойынша банк конгломераттарының жиынтық активтері жыл басымен салыстырғанда 238,5 млрд. теңгеге немесе 2,2%-ға өсті. Бұл ретте, бағалы қағаздар портфелі 633,5 млрд. теңгеге (41,7%-ға) және басқа активтер 43,4 млрд. теңгеге (4,7%-ға) ұлғайды, сонымен қатар берілген заемдар 71,5 млрд. теңгеге (1%-ға), ақша қаражаты және оның баламалары 366,9 млрд. теңгеге (28,7%-ға) кеміді.

01.10.2010 жылғы жағдай бойынша банк конгломераттарының жиынтық міндеттемелері 10 217,5 млрд.теңгені құрады, ал жылдың басында банк конгломераттарының жиынтық міндеттемелері 12 045,5 млрд. теңгені құраған (11-кесте).

11-кесте

Банк конгломераттарының жиынтық міндеттемелері


Банк конгломераттарының жиынтық міндеттемелерінің	01.01.2010	01.10.2010
---	------------	------------

құрылымы	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	млрд. теңге	жиынтығында %-бен
Міндеттемелер, барлығы	12 045,5	100	10 217,5	100
Клиенттердің қаражаттары	5 404,2	44,9	6 037,5	59,1
Шығарылған бағалы қағаздар	3 419,3	28,4	2 046,4	20,0
Алынған заемдар	2 416,1	20,0	1 498,7	14,7
Өзге міндеттемелер	805,9	6,7	634,9	6,2

01.10.2010 жылғы жағдай бойынша банк конгломераттарының жиынтық міндеттемелерінің құрылымындағы ең көп үлесті клиенттердің қаражаттары алады (59,1%) немесе 6 037,5 млрд. теңге, шығарылған бағалы қағаздар – 20,0% немесе 2 046,4 млрд. теңге болды (25-график).

Банк конгломераттарының жиынтық міндеттемелері жылдың басымен салыстырғанда 1 828 0 млрд. теңгеге (15,2%-ға) азайды. Міндеттемелер құрылымында клиенттердің қаражаттары жылдың басымен салыстырғанда 633,3 млрд. теңгеге (11,7%-ға) көбейді. Бұл ретте банк конгломераттарының қатысушылары шығарған бағалы қағаздар 1 373,0 млрд. теңгеге (40,2%-ға), басқа банктерден және өзге ұйымдардан алынған заемдар 917,4 млрд. теңгеге (38,0%-ға), өзге міндеттемелер 171,0 млрд. теңгеге (21,2%-ға) кеміді (21-график).

21-график



01.10.2010 ж. деректерге сәйкес банк конгломераттарының есептелген жиынтық меншікті капиталы (1 банк конгломератын есептегенде) 1 833, 1 млрд. теңгені құрады (01.01.2010 жылғы жағдай бойынша - 1 289,4 млрд. теңгені құраған, 3 банк конгломератын есептегенде).

01.10.10 ж. жағдай бойынша пруденциялық нормативтерді сақтау талабын 11 банк конгломераты орындап отыр. Жарғы капиталының ең аз мөлшеріне қойылатын талапты банк конгломераттарының барлығы орындап отыр. Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициентін бір банк конгломераты бұзды. Банк конгломератының бір заемшыға тәуекелінің жоғары мөлшерін төрт банк конгломераты бұзды.

Банктік емес сектор

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар 15 ұйым, оның ішінде 6 ипотекалық ұйым, инвестициялық портфель басқаруды жүзеге асыратын, сонымен бірге брокерлік және (немесе) дилерлік қызметке қоса, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 2 ұйым, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге 7 ұйым жұмыс істейді.

Банктік емес ұйымдардың секторында 01.01.2010 жылдағы деректермен салыстырғанда қаржы нарығы қатысушыларының сапасы да саны да өзгерді.

2010 жылы 2 ипотекалық ұйымның банктік заем операцияларын жүзеге асыруға лицензиясының қолдануы тоқтатылды және бір ипотекалық ұйымға лицензия берілді.

Ипотекалық ұйымдар

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 122,8 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылғы осыған сәйкес кезеңмен салыстырғанда 42,5 млрд. теңгеге немесе 52,9%-ға көп.

Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасында ең көп үлесті заңды тұлғалар мен жеке тұлғаларға берілген заемдар алады - 62,6% (76,8 млрд. теңге), бұл орайда бағалы қағаздар – 18,7% (23 млрд. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттар - 11,3% (13,9 млрд. теңге), басқа банктерде орналастырылған салымдар – 5,1% (6,3 млрд. теңге) болды (12-кесте).

12-кесте


Ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (млрд. теңге)

Атауы	01.01.2010	жиынтығында %-бен	01.01.2011	жиынтығында %-бен	Өсімі, (%-бен)
Қолма-қол ақша	0,9	1,1	0,9	0,8	-
Корреспонденттік шоттар	1,5	1,9	13,9	11,3	9,3 есе
Бағалы қағаздар	1,9	2,3	23,0	18,7	12,1 есе
Басқа банктерде орналастырылған салымдар	0,7	0,9	6,3	5,1	9 есе
Клиентерге берілген заемдар	68,4	85,2	76,8	62,6	12,3
Негізгі құрал - жабдықтар және материалдық емес активтер	1,6	2,0	4,2	3,4	2,6 есе
Клиенттерге берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	-10,2	-12,7	-7,8	-6,4	-23,5
Өзге активтер	15,5	19,3	5,5	4,5	-64,5
Активтердің барлығы	80,3	100	122,8	100	52,9

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық кредиттік портфелі 2010 жылдың басынан бастап 8,4 млрд. теңгеге немесе 12,3%-ға ұлғайып, 76,8 млрд. теңгені құрады (22-график).

22-график


Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің өзгеру динамикасы (млрд. теңге)



Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің сапасы құрылымында стандартты кредиттер үлесінің ұлғаюын байқауға болады. Осылайша, 01.01.2010 жылғы жағдай бойынша стандартты кредиттер үлесіне 72,5%, ал 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша – 82,7% келді. Күмәнді кредиттер үлесі 16,8%-дан 8,8%-ға дейін төмендеді. Сондай-ақ, үмітсіз кредиттердің үлесі есепті кезеңде 8,5%-ды құрағанын атап кету керек. 2010 жылдың басымен салыстырғанда үмітсіз заемдардың абсолюттік мәніндегі сомасы 0,8 млрд. теңгеге кеміді (23 - график).

23-график


Кредиттік портфельдің сапасы жөніндегі деректер (%-бен)



Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің мөлшері 2010 жылдың басымен салыстырғанда 29,8 млрд. теңгеге немесе 48,3%-ға ұлғайды және 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша 91,5 млрд. теңгені құрады. Міндеттемелердің өсу себебі айналымға шығарылған бағалы қағаздардың 2,2 есе өсуі болып отыр. Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы 24-графикте берілген.

24-график

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің құрылымы (%-бен)



Кірістердің жиынтық мөлшері есепті кезеңде 14,9 млрд. теңгені (01.01.2010 жылы - 31,9 млрд. теңге), шығыстар - 16,2 млрд. теңгені (01.01.2010 жылы - 36,1 млрд. теңге) құрады. Осылайша, 01.01.2011 ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар 1,3 млрд. теңге мөлшерінде шығынға ұшырады (13-кесте).

13-кесте

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі (млрд. теңге)

Атауы	01.01.2010	01.01.2011	өсімі, %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	11,0	10,1	-8,2
Сыйақыны төлеумен байланысты шығыстар	6,7	8,1	20,9
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	20,9	4,8	-77,0
Сыйақыны төлеумен байланысты емес шығыстар	29,4	8,1	-72,5

Пайыздық кірістің құрылымында ең көп үлесті банктердің клиенттерден талап етуі бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер (51% немесе 7,6 млрд. теңге) иеленді, ал пайыздық шығыстардың құрылымында – бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеумен байланысты шығыстар (39,5% немесе 6,4 млрд. теңге).

Ипотекалық ұйымдардың баланстық меншікті капиталы 01.01.2011 ж. жағдай бойынша 68,3%-ға, 18,6 млрд. теңгеден 31,3 млрд. теңгеге дейін өсті. Міндеттемелерді орнын капиталмен толтыру деңгейі төмен болып қалуда. 01.01.2010 жылмен салыстырғанда осы мән 30,1%-дан 34,2%-ға дейін өсті.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын, өз қызметімен қоса брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және банк операцияларының жекелеген түрлерін атқаратын ұйымдарды қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жиынтық активтері

01.01.2010 жылдың деректерімен салыстырғанда 12%-ға азайып, 401,6 млрд. теңгені құрады (14-кесте).

14-кесте

Жиынтық активтер құрылымы (млрд. теңге)

Атауы	01.01.2010	Жиынтығы %-бен	01.01.2011	Жиынтығы %-бен	өсімі, %-бен
Активтер, оның ішінде:	456,5	100	401,6	100	-12,0
Ақша қаражаты және ақша қаражатының баламалары	39,7	8,7	48,0	12,0	20,9
Орналастырылған салымдар	3,1	0,7	16,5	4,1	в 5,3 раза
Бағалы қағаздар	17,3	3,8	9,3	2,3	-46,2
Ұсынылған заемдар	136,2	29,8	103,2	25,7	-24,2
Басқа заңды тұлғалардың капиталына салынған инвестициялар және реттелген борыш	13,5	3,0	14,5	3,6	7,4
Дебиторлық берешек	63,0	13,8	52,7	13,1	-16,4
Өзге активтер	183,7	40,2	157,4	39,2	-14,3

Есепті күнге банктік емес ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 31,1%-ға азайып, 215,6 млрд. теңгені құрады (15-кесте).

15-кесте


Жиынтық міндеттемелер құрылымы (млрд. теңге)

Атауы	01.01.2010	Жиынтығы %-бен	01.01.2011	Жиынтығы %-бен	өсімі, %-бен
Міндеттемелер, оның ішінде:	312,7	100	215,6	100	-31,1
Тартылған салымдар	8,8	2,8	11,8	5,5	34,1
Алынған заемдар	232,2	74,2	120,9	56,1	-47,9
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	21,2	6,8	56,7	26,3	в 2,7 раза
Кредиторлық берешек	25,2	8,1	11,6	5,4	-54,0
Өзге міндеттемелер	25,3	8,1	14,6	6,7	-42,3

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша жиынтық кредиттік портфель құрылымында стандартты кредиттердің үлесі 58,1%-ды, күмәнді кредиттердің үлесі 30,4%-ды, үмітсіз кредиттердің үлесі 11,5%-ды құраса, ал 01.01.2010 жылғы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 80%-ды, күмәнді кредиттердің үлесі 13,9%-ды және үмітсіз кредиттердің үлесі 6,1%-ды құрады. Кредиттік портфель сапасын талдау кезінде стандартты заемдардың үлесі 80%-дан 58,1%-ға дейін азайып, оған сәйкес күмәнді және үмітсіз заемдардың үлесі өскенін атап айтуға болады (25-график).

25-график

Кредиттік портфель сапасы жөніндегі деректер (%-бен)



01.01.2011 жылғы жағдай бойынша банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жиынтық меншікті капиталы 01.01.2010 жылғы жағдай бойынша деректермен салыстырғанда 42,1 млрд. теңгеге (29,3%) ұлғайып, 185,9 млрд. теңгені құрады.

Инвестициялық портфельін басқаруды жүзеге асыратын, өз қызметіне қоса брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және банк операцияларының жекелеген түрлерін атқаратын ұйымдар

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша инвестициялық портфель басқаруды жүзеге асыратын, өз қызметіне қоса брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және банк операцияларының жекелеген түрлерін атқаратын ұйымдардың жиынтық активтері 01.01.2010 жылғы деректермен салыстырғанда 1,4%-ға өсіп, 36,1 млрд. теңгені құрады (16-кесте).

16-кесте

Жиынтық активтер құрылымы (млрд. теңге)

Атауы	01.01.2010	жиынтығын да %-бен	01.01.2011	жиынтығын да %-бен	өсімі, %-бен
Активтер, оның ішінде:	35,6	100	36,1	100	1,4
Ақша қаражаты және ақша қаражатының баламалары	1,1	3,1	0,1	0,3	-90,9
Орналастырылған салымдар	0,2	0,6	-	-	-
Бағалы қағаздар	3,4	9,5	0,9	2,5	-73,5
Ұсынылған заемдар	14,0	39,3	3,8	10,5	-72,9
Басқа заңды тұлғалардың капиталына салынған инвестициялар және реттелген борыш	8,1	22,8	21,9	60,7	2,7 есе
Дебиторлық берешек	7,2	20,2	8,1	22,4	12,5
Өзге активтер	1,6	4,5	1,3	3,6	-18,8

Ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері есепті күнге 2,4%-ға ұлғайып, 8,6 млрд. теңгені құрады. (17-кесте).

17-кесте


Жиынтық міндеттемелер құрылымы (млрд. теңге)

Атауы	01.01.2010	жиынтығында %-бен	01.01.2011	жиынтығында %-бен	өсімі, %-бен
Міндеттемелер, оның ішінде:	8,4	100	8,6	100	2,4
Тартылған заемдар	0,7	8,3	-	-	-
Алынған заемдар	1,8	21,4	2,0	23,3	11,1
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	4,6	54,8	4,7	54,6	2,2
Кредиторлық берешек	0,9	10,7	0,9	10,5	-
Өзге міндеттемелер	0,4	4,8	1,0	11,6	2,5 есе

01.01.2009 жылғы жағдай бойынша жиынтық кредиттік портфель құрылымында стандартты кредиттердің үлесі 27,1%-ды, күмәнді кредиттердің үлесі 7%-ды, үмітсіз кредиттердің үлесі 65,9%-ды құраған болса, 01.01.2010 жылғы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 3,1%-ды, күмәнді кредиттердің үлесі 88,6%-ды және үмітсіз кредиттердің үлесі 8,3%-ды құрады. Кредиттік портфельді талдау кезеңінде стандартты заемдардың үлесі 3,1%-дан 27,1%-ға дейін, үмітсіз заемдардың үлесі 8,3%-дан 65,9%-ға дейін ұлғайды (26-график).

26-график

Кредиттік портфель сапасы жөніндегі мәліметтер (%-бен)



01.01.2011 жылғы жағдай бойынша инвестициялық портфельді басқаратын, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және банк операцияларының жекелеген түрлерін қоса атқаратын ұйымдардың жиынтық меншікті капиталы 01.01.2010 жылғы деректермен салыстырғанда 0,3 млрд. теңгеге немесе 1,1% өсіп, 27,5 млрд. теңгені құрады.

Кредиттік бюро

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша кредиттік бюро ақпаратты беру туралы және (немесе) кредиттік есепті алу туралы 104 шарт, оның ішінде: 42 шарт – ЕДБ-мен, 24 шарт – банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдармен, 38 шарт – ақпаратты беру шарттары негізінде өзге тұлғалармен (лизинг компанияларымен, микрокредиттік ұйымдармен) жасады.

01.01.2011 жылы кредиттік бюроның деректер базасында 3 933 148 кредиттік тарих жиналған, оның ішінде жеке тұлғалар бойынша 3 883 475 кредиттік тарих және заңды тұлғалар бойынша 49 673 кредиттік тарих бар.

01.01.2011 жылы банктер кредиттік тарихтардың деректер базасына заем және шартты міндеттемелерді беру туралы 10 309 209 шарт бойынша ақпарат берген, оның ішінде жеке тұлғалар бойынша 9 704 935 шарт, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар бойынша 75 260 шарт (жеке тұлғалар бойынша 68 698 шарт), ақпаратты беру және (немесе) кредиттік есептерді алу туралы шарттар негізінде өзге тұлғалар бойынша 922 536 шарт (жеке тұлғалар бойынша 919 769 шарт) бойынша ақпарат берілген.

01.01.2011 жылы кредиттік бюро кредиттік тарихтардың деректер базасынан 4 769 214 кредиттік есеп берілді, оның ішінде кредиттік тарих субъектілеріне берілген кредиттік есептердің саны 3 165 болды.

ЕДБ 4 224 940 кредиттік есепті, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар 34 258 кредиттік есепті, ақпаратты беру және (немесе) кредиттік есептерді алу туралы шарттардың негізінде өзге тұлғалар 506 851 кредиттік есепті сатып алды.

3.1.1. Банк жүйесін стресс-тестілеу

Дүниежүзілік тәжірибеге сәйкес банк секторында әр қашан дағдарыстар болып тұрған. Ағымдағы дағдарыс - өте қатал және ауыр, және одан бірден құтылудың тәсілі болмағандықтан, олар келешекте де болып тұрады. Банк секторында тәуекелді туындататын түрлі факторларға назар аудара отырып және жалпы экономикада, екінші деңгейдегі банктерге олардың ықпалын бақылау және реттеу жөнінде құралдарды әзірлеу қажеттігінің әлдеқашан кезі келді.

Банк секторының кредиттік тәуекелге ұшырағыштығын, сонымен бірге келешекте ішкі және сыртқы экономикада болуы мүмкін оқиғалардың ықпалын айқындау мақсатында Агенттік жүйелі түрде Қазақстанның банк секторына стресс-тестілеу жүргізіп отырады.

Стресс-тестілеу модельдерінің бірі сезгіштікті талдау негізінде жүзеге асырылады. Қарастырылатын сценарийлердің ішінде теңгенің құнсыздануы, жылжымайтын мүлікке бағаның төмендеуі, экономиканың жекелеген секторларында заем сапасының нашарлауы қалды.

Сондай-ақ, Агенттік сценарийлердің талдануын (макроэкономикалық талдау) қолдана отырып стресс-тестілеуді жүзеге асырады, бұл талдау қаржы ұйымының стратегиялық болашағын бағалауға барынша бағытталған. Ол айрықша, сонымен қоса ықтимал оқиға болған жағдайда қаржы ұйымының қызметіне бірқатар тәуекел факторларының бір мезгілде әлеуеттік ықпал етуін бағалауға мүмкіндік береді.

Бұл модельдің негізі - кредиттік тәуекел мен макроэкономикалық ортаның байланысы туралы болжам болып табылады. Негізгі макроэкономикалық және құбылмалы

қаржылық теңселудің кредиттік және экономикалық қызметте эндогендік тізбектердің жасалуына ықтимал қаупі бар. Бұл тізбектер, өз кезегінде байланысты және қаржы жүйесіне елеулі зиянын тигізетін қаржылық теңсіздікті күшейтуі мүмкін.

Осылайша, бұл стресс-тестілеу моделінің негізгі мақсаты – шок сценарийлерінің бірін іске асырған жағдайда шығындардың (күтілетін және күтпеген) жиынтығын есептеп шығару және банк кредиттік тәуекелінің орнын толтыру үшін экономикалық капиталды есептеп шығару болып табылады.

Экономикалық капитал банктердің ағымдағы қызмет барысында туындайтын тәуекелді қабылдауы үшін қажетті капиталдың көлемі ретінде айқындалады. Сонымен бірге, күтпеген шығын орын алған жағдайда белгілі бір уақытқа дейін төлем қабілеттігін ұстап тұру үшін резерв ретінде қаралады.

18-кесте

2011 жылғы 4 тоқсанның аяғына дейін экономикада жағдайдың дамуының гипотетикалық сценарийі

Сценарийлер	Базалық	Шок (біртінделген нәтиже)	Шок (лездік нәтиже)
ЖІӨ (1994 жылғы бағаларда) млрд. теңге	269,6	256,0	248,3
АҚШ долларына шаққандағы теңге бағамы	145,5	155,6	170,4
Жылжымайтын мүліктің орташа бағасы, тыс. теңге	146,4	73,2	73,2
Мұнайдың орташа бағасы (Brent), доллар/баррель	85,4	25,0	25,0
Кредиттік портфель, млрд. теңге	9 116,0	9 044,0	8 959,0
Негізгі капиталға инвестициялар, млрд. теңге	1 088,6	1 061,5	963,4


Стресс – тестілеу нәтижесі:

Базалық сценарий.

Бұл сценарий кезінде елдегі ағымдағы жағдайға тән үрдіс болжамдалған кезең ішінде де (негізгі көрсеткіштердің оң өсімі, сценарийде шоктар жоқ) жалғаса беретіні жөнінде экономика дамуына жорамал жасалған.


27-график

Несие портфеліндегі жұмыс жасамайтын заемдар деңгейінің даму динамикасы



28-график

Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентінің шамасы



Бұл орайда, мынадай нәтижелерге қол жеткізілді:

2010 жылы кредиттік портфелде жұмыс істемейтін заемдар деңгейінің төмендеу үрдісі 2011 жылдың аяғына дейін сақталады. Бұл ретте жұмыс істемейтін заемдардың үлесі (біртекті заемдар бойынша провизияларды қоспағанда, күмәнді заемдардың 4, 5 санаты) 32,6%-дан (2010 жылдың 4 тоқсаны) 22,2%-ға (2011 жылдың 4 тоқсаны) дейін төмендейтіні болжамдалады.

Сонымен қатар, бұл сценарий бойынша қандай да бір экстремалды оқиғалардың іске асырылуы күтілмегендіктен банк секторында кредиттік тәуекел деңгейінің елеулі төмендеуі байқалады.


Сәйкесінше, несие портфелі сапасының жақсаруы және проблемалы активтер үлесінің кемуі банк секторында шығындардың орнын толтыруға арналған банк капиталының босауына жол ашады.

Күтілетін және күтпеген шығындарды (кемінде 21%) есепке ала отырып, меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентінің (к2) талап етілетін деңгейі 2010 жылдың аяғынан бастап 2011 жылдың аяғына дейін 6 базистік тармаққа төмендейді. Меншікті капитал жеткіліктілігі көрсеткішінің нақты деңгейі 01.01.2011 ж. – 0,179.

Бұл ретте, алынған болжамды деректерге сәйкес капиталдың ағымдағы баламалық коэффициенті 23,0% құрайды, сәйкесінше 2011 жылға талап етілетін ең төменгі шамадан 2 базистік тармаққа жоғары. Бұл қатынас банк жүйесінің қосымша бір шама капитал қоры (буфер) болатынын білдіреді. Буфер көлемі 2011 жылдың аяғында 171,0 млрд. теңгені құрайтын болады.

1-шок сценарийі (біртіндеп нәтижеге жету).

Экономика дамуының осы сценарий кезінде қолданылатын шок сценарийдің әсері біртіндеп әсер етеді.



Бұл ретте, мынадай нәтижелер алынды:

Сонымен қатар, 2011 жылдың соңындағы макроэкономикалық көрсеткіштердің оңды болжамдарын ескере отырып және шок сценарийі жүзеге асырылуына қарамастан, көрсеткіштер динамикасында экономикадағы жағдайдың жақсару белгілері пайда болды – меншікті капитал жеткіліктілігінің талап етілетін деңгейі сияқты жұмыс істемейтін заемдар да төмендеуде.

Осылайша, несие портфеліндегі жұмыс істемейтін заемдар үлесі (бірыңғай заемдар бойынша провизияларды қоспағанда, күмәнді заемдардың 4, 5-санаты) 32,6%-дан (2010 жылғы 4-тоқсанда) 27,7%-ға дейін (2011 жылғы 4-тоқсанда) төмендейді.

Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентінің талап етілетін деңгейі (к2) 2011 жылдың соңында күтілетін және күтпеген шығындарды ескергенде, 25,0% құрайды. Бұл ретте, болжамдап отырған (ағымдағы) деңгей 20,0% болатын деңгейге жетеді, ол тиісінше осыған ұқсас кезеңдегі меншікті капитал жеткіліктілігінің талап етілетін шамасынан 5 базистық тармаққа төмен.

Жоғарыда көрсетілген жағдай екінші деңгейдегі банктердің жүйе бойынша орташа алғанда, күтілетін шығындардың толығымен орнын толтыра алатынын көрсетеді. Алайда, күтпеген шығындардың орнын толтыру үшін банктік жүйені қосымша қаржыландыру қажет.


Сонымен, тәуекелдерді қабылдау үшін қажетті экономикалық капиталдың көлемі (талап етілетін қосымша қаржыландыру) 2011 жылы 496,8-ден 852,1 млрд. теңгеге дейінгі коридорда өзгеріп тұрады.

Бұл ретте, қаралып отырған сценарий кезіндегі қосымша қаржыландырудың ең үлкен көлемі 2011 жылғы 1-тоқсанда талап етіледі. Осы кезеңде капитал бірдейлігінің тиісті шамасы 27,0% болады.


2-шок сценарийі (лездік нәтиже).

Экономика дамуының осы сценарий кезінде қолданылатын шок сценарийдің әсері бірден (лезде) байқалады.

31-график



32-график



Осы шок сценарийдің лездік әрі тосыннан іске асырылуы ескеріле отырып, ұсынылған нәтижелер банк секторы үшін шекті мәнінде болады, ал шокты іске асырудан болған нәтиже созылмалы сипатта болады.

Осы жағдайды активтердің сапасы көрсеткішінің елеулі нашарлауы - ЕДБ кредиттік портфеліндегі жұмыс істемейтін заемдар үлесінің ұлғаюы растайды, ол тиісінше банктік шығындардың өсуі туралы ескертеді.

Осылайша, несие портфеліндегі жұмыс істемейтін заемдар үлесі (бірыңғай заемдар бойынша провизияларды қоспағанда, күмәнді заемдардың 4, 5-санаты) 32,6%-дан (2010 жылғы 4-тоқсанда) 38,4%-ға дейін (2011 жылғы 4-тоқсанда) ұлғая бастайды.

Бұл ретте, меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентінің талап етілетін деңгейі (k2) күтілетін және күтпеген шығындарды ескергенде, 2010 жылдың соңынан бастап 2011 жылдың соңына дейін 33,0%-ға дейін 7 базистік тармаққа недәуір өседі.

Капитал бірдейлігі коэффициентінің ағымдағы деңгейі осыған ұқсас кезеңде 18,0%-дан 15,0%-ға дейін азайып, өз кезегінде кредиттер бойынша қалыптастырылған провизиялардың барлық шығындардың орнын толтыруға жеткіліксіз екенін көрсетеді, ол тиісінше меншікті капиталдың төмендеуіне әкеп соғады.

Сонымен, ағымдағы капитал жеткіліктілігі сақталған кезде банк секторы 2011 жыл ішінде күтілетін залалдардың орнын толығымен толтыра алмайды, себебі меншікті капиталдың тиісті жеткіліктілігі 19,0%-ға жетеді, бұл ретте болжамдап отырған (ағымдағы) деңгей 15,0% құрайды.

Жиынтық залалдардың орнын толтыру үшін капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k2) 33,0%-дан кем болмауы тиіс.

Сонымен, тәуекелдерді қабылдау үшін қажетті экономикалық капиталдың мөлшері (талап етілетін қосымша қаржыландыру) 2011 жылы 599,5-тен 1 920,9 млрд. теңгеге дейінгі коридорда өзгеріп тұрады.

Бұл ретте, қаралып отырған сценарий кезіндегі қосымша қаржыландырудың ең үлкен шамасы 2011 жылғы 4-тоқсанда байқалады.


3.2 Сақтандыру секторы

2010 жылғы сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметінің нәтижелерін бағалай отырып, өткен жылды біршама тұрақты деп атауға болады. 2010 жылдың ерекше белгілері сақтандырушылардың сақтандыру сыйлықақыларының көлемін біртіндеп ұлғайту, сыртқы қайта сақтандыруға байланысты тәуекелдерді азайту, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының капиталдандыру мен қаржылық тұрақтылығының ұлғаюы болды. Сонымен, корпоративтік секторының іскерлік белсенділігінің біртіндеп жандануына байланысты Қазақстан Республикасының сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері динамикасының ойдағыдай өсуін атап өтуге болады.

Сақтандыру сыйлықақыларының және сақтандыру төлемдерінің динамикасы


Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары тікелей сақтандыру шарттары бойынша 2010 жылы қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 139 963,9⁴ млн. теңгені құрады, бұл өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінде жиналған көлемнен 23,5%-ға көп (33-график).

33-график



2010 жылы сақтандыру секторының өсуі мен дамуына «аннуитеттік сақтандыру» сыныбы бойынша және сақтандырудың міндетті түрлері бойынша сақтандыру сыйлықақыларының өсуі арқылы қолдау жасалынды. Осылайша, міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың ұқсас көрсеткішінен 16,2%-ға асып, ерікті жеке сақтандыру бойынша өсім 60,3%-ды құрады, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша ұлғаю 14,0%-ға тең болды (34-график).

34-график




⁴ сома қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын шегеріп көрсетілген

Сақтандыру түрлері бойынша сыйлықақыларды бөлу былай көрініс тауып отыр. Сыйлықақылардың ең көп үлесі ерікті мүліктік сақтандыруға 69 382,0 млн. теңгеден келіп, нарық бойынша сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 49,6% құрайды. Мүліктік сақтандыру бойынша жоғары көрсеткіштер негізінен мүлікті (автомобильді, темір жолын, әуе жолын, су көлігін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) сақтандыру есебінен қамтамасыз етіліп, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 47,2%-ын және АҚЖ сақтандыру (автомобиль, әуе және су көлігі иелерінің АҚЖ есептемегенде) 23,9%-ын құрады.

Сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінде ерікті мүліктік сақтандыру үлесінің азаю үрдісі біріншіден, мүліктік сақтандырудың, сондай-ақ басқа да қаржы шығындарынан сақтандырудың төмендеуіне пропорционалды әсер ететін ипотекалық кредиттеу өсімінің қысқаруымен негізделеді. (35-график).

35-график



Экономика секторлары бөлігінде сақтандыру сыйлықақыларын қарастырған кезде мынаны атап өтуге болады. Қазіргі кезде экономиканың ең тәуекелді секторы құрылыс саласы болғанына қарамастан, сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасының осы сала бойынша сыйлықақыларының үлесі біраз ғана - 4,8% болды. Бұл ретте, 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының ең көп үлесі өнеркәсіптік секторына келеді - 34,9% (36-график).

36-график



Сақтандыру сыйлықақыларының құрылымын қарастыра отырып, «өмірді сақтандыру» (аннуитеттік сақтандыру және өмірді сақтандыру) саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының мөлшері 01.01.2011 жылы 18 645,8 млн. теңгені құрағанын атап өтуге болады, бұл өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда 99,8%-ға көп (19-кесте). Жиынтық сыйлықақылардағы «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есепті күнде 01.01.2010 жылғы 8,2%-бен салыстырғанда, 13,3%-ды құрады.

2010 жылы жиналған сақтандыру сыйлықақыларының мөлшері «жалпы сақтандыру» саласы бойынша 121 318,1 млн. теңгені құрады, бұл 2009 жылмен салыстырғанда 16,7%-ға көп.

19-кесте


Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы (млн. теңгеде)

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсімі	01.01.2010		01.01.2011		1.01.2010 салыстырғанда өзгерістер, %-бен
	сомасы	үлесі, %	сомасы	үлесі, %	
Сақтандыру салалары бойынша барлығы	113 289,7	100,0	139 963,9	100,0	23,5
Өмірді сақтандыру	9 331,3	8,2	18 645,8	13,3	99,8
Жалпы сақтандыру	103 958,4	91,8	121 318,1	86,7	16,7

Сақтандыру сыйлықақыларының құрылымында ең көп үлес жалпы сақтандыру саласына келеді. Бұл ретте, сақтандыру сыйлықақыларындағы төмен үлесті алғанына қарамастан, өмірді сақтандыру, жалпы алғанда динамиканың ойдағыдай өсімін көрсетеді. (37-график).

37-график


Салалар бойынша сақтандыру сыйлықақыларының өсу динамикасы, %-бен



2010 жылы жүргізілген сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 9,0%-ға азайып, 25 250,6 млн. теңгені құрады, бұл «мүлікті сақтандыру» сыныбы бойынша сақтандыру төлемдері көлемінің азаюына байланысты болды (38-график). Осылайша, 2009 жылы Теміртау қаласындағы металлургия заводында болған өртке байланысты, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ ірі көлемде сақтандыру төлемін жүзеге асырған.

Бұл ретте, «аннуитеттік сақтандыру» сыныбы бойынша сақтандыру төлемдері көлемінің өсуін атап өтуге болады. Осы сынып бойынша сақтандыру төлемдері 2009 жылмен салыстырғанда 3 есе немесе 4 млрд. теңгеге көбейді.


38-график



2010 жыл ішінде жүргізілген сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасынан ең көп үлесті ерікті жеке сақтандыру бойынша 51,5%, міндетті сақтандыру бойынша 37,0% ерікті мүліктік сақтандыру бойынша 11,5% сақтандыру төлемдері алады (39-график).

39-график

Сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру төлемдері, млрд. теңгеде




Міндетті сақтандыруда сақтандыру төлемдерінің ең көп үлесін көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша төлемдері 46,6% (4 348,6 млн. теңге), ерікті жеке сақтандыруда ауырған жағдайдан сақтандыру бойынша 49,3% (6 409,9 млн. теңге), ерікті мүліктік сақтандыруда автомобиль көлігін сақтандыру бойынша 41,7% (1 212,8 млн. теңге) төлемдері құрады.

Экономика секторлары бөлігінде сақтандыру төлемдерінің құрылымында сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемінің ең көп үлесін ойдағыдай өсім динамикасын көрсете отырып, өнеркәсіп секторы (сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасының 26,8%) иеленеді. Жылжымайтын мүлікпен операцияларға, жалдауға және тұтынушыларға қызмет көрсетуге экономика секторлары бөлігінде сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасының 6,7%-ы келеді (40-график).

40-график

Экономика секторлары бөлігінде сақтандыру төлемдерін жіктеу, %-бен



Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 59 856,2 млн. теңгені немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 42,8% құрады. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының резидент еместеріне қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 37,9%-ы берілді (20-кесте).

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасындағы негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша 87,6%, ерікті жеке сақтандыру бойынша 2,1%, міндетті сақтандыру бойынша 10,3% сыйақылар иеленді.

Қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 13 532,9 млн. теңгені құрайды. Оның ішінде, Қазақстан Республикасының резиденттерінен қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 6 687,0 млн. теңгені (49,4%-ды), Қазақстан Республикасының резидент еместерінен қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 6 845,9 млн. теңгені (50,6%) құрайды.

20-кесте


Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар құрылымы (млн. теңгеде)

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	01.01.2010		01.01.2011	
	сомасы	жиынтық сыйақылар дағы үлесі, %	сомасы	сомасы
Қайта сақтандыруға берілгендердің барлығы, оның ішінде:	55 880,4	49,3	59 856,2	42,8
Қазақстан Республикасының резидент еместеріне	48 668,4	43,0	53 058,0	37,9
Қазақстан Республикасының резиденттеріне	7 212,0	6,4	6 798,2	4,9
Қазақстан Республикасының резидент еместерінен қайта сақтандыруға қабылданғандардың барлығы	11 101,9	9,8	6 845,9	4,9

41-графикте елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларын бөлу көрсетілген.

41-кесте

Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларын бөлу, %-бен



Бұл ретте, қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлеміндегі негізгі үлесті, бұрынғысынша Ресей Федерациясының қайта сақтандыру ұйымдары алады.

Сақтандыру нарығының негізгі көрсеткіштері


Заманауи экономикада сақтандыру секторы қыруар тәуекелдерден тұрақты әрі тиімді қорғануды қамтамасыз ету құралы ретінде маңызды орынды иеленеді.

Сақтандыру нарығының дамуы көбінесе Республикадағы жалпы экономикалық жағдайға, оның ішінде жалпы ішкі өнімнің және халықтың табыс деңгейінің көлеміне байланысты.

Осылайша, 2010 жылы Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығы негізгі көрсеткіштердің біркелкі өсуін көрсетті. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 01.01.2011 жылы 343 234,4 млн. теңгені құрады, бұл 01.01.2010 жылғы ұқсас көрсеткіштен 15,5%-ға артық. (42-график). Активтердің өсіміне негізінен инвестициялық портфельдің ұлғаюы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының кезең-кезеңмен капиталдандыруы мүмкіндік туғызды.

42-график

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары активтерінің құрылымы (жиынтығында %-бен)



Жиынтық активтерде шетелдік қатысуы бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарындағы активтердің үлесі 01.01.2010 жылдан 1,5 пайыздық тармаққа азайып, 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша 29,2%-ды құрады. Жиынтық сақтандыру сыйлықақыларында шетелдік қатысуы бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 31,3% болды, бұл ретте сақтандыру төлемдері бойынша осыған ұқсас көрсеткіші 20,5% құрады (21-кесте).

**Шетелдік қатысуы бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары бойынша мәліметтер
(жиынтығында %-бен)**

Көрсеткіштің атауы	01.01.2010	01.01.2011
Жиынтық активтердегі үлес, %	30,7	29,2
Жиынтық капиталдағы үлес, %	26,2	27,4
Жиынтық жарғылық капиталдағы үлес, %	19,5	51,2
Жиынтық сақтандыру сыйлықақыларындағы үлес, %	31,9	31,3
Жиынтық сақтандыру төлемдеріндегі үлес, %	42,6	20,5

Агенттік меншікті капиталдың және жоғары өтімді активтердің жеткіліктілігі бойынша қойған талаптарына байланысты консервативтік инвестициялық саясатты ұстанып, сақтандыру нарығының қатысушылары бос қаражаттарын сенімді әрі өтімді қаржы құралдарына орналастыра отырып, маңызды институционалды инвесторлар болып табылады.

Осылайша, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының инвестициялық портфелінің жиынтық мөлшері 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша 231 460,7 млн. теңгені немесе активтердің жалпы құнының 67,5%-ын құрады.


Инвестициялық портфель құрылымында өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда 38,0%-ға ұлғайып, 82 039,9 млн. теңгені құрап Қазақстан Республикасының корпоративтік эмитенттерінің бағалы қағаздар секторы ең үлкен өсімді көрсетті. Бұл ретте, екінші деңгейдегі банктердің және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының салымдарына инвестициялар көлемінің азайғаны, олар 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша 70 699,7 млн. теңге және тиісінше 44 964,0 млн. теңге болғанын атап өту қажет (22-кесте).

Инвестициялық портфель құрылымы (млн. теңгеде)

Қаржы құралдары	01.01.2010		01.01.2011	
	сомасы	үлесі, %	сомасы	үлесі, %
Мемлекеттік бағалы қағаздар	42 963,2	20,7	44 964,0	19,4
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	75 986,5	36,5	70 699,7	30,5
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	59 430,6	28,6	82 039,9	35,5
«Кері РЕПО» операциялары	8 779,8	4,2	9 589,2	4,1
Басқа қаржы құралдары	20 874,58	10,0	24 167,9	10,4

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдары міндеттемелерінің сомасы 134 576,8 млн. теңгені құрады, бұл өткен жылдың осыған ұқсас күніне қарағанда 15,2%-ға көп болды. Жиынтық міндеттемелердің ұлғаюы негізінен сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша төлеуге берілген шоттардың өсу есебінен болды (43-график).

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары міндеттемелерінің құрылымы
(жиынтығында %-бен)**



Есепті күнде қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі 114 919,2 млн. теңге болды, бұл 01.01.2010 жылы қалыптастырылған резервтердің көлемінен 13,8%-ға артық болып отыр. 2010 жыл ішінде сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 28 177,5 млн. теңгеге немесе 15,6%-ға өсті және 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша 208 657,6 млн. теңгені құрады.

3.3 Зейнетақы қызметтерін көрсету секторы

Зейнетақы қызметтерін көрсету нарығының негізгі көрсеткіштері

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының саны республиканың экономикалық белсенді халқының саны 8,7 млн. адам (Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша) болған кезде 7 989 782 болды. 2010 жыл ішінде міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар саны 257 654 бірлікке (3,3%-ға) көбейді. Әлеуметтік жеке коды тіркелмеген салымшылар шоттарының саны жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 4,3 млрд. теңгемен 644 276 болса, 2010 жыл ішінде әлеуметтік жеке коды жоқ салымшылар шоттарының саны 4 105 бірлікке (0,6%-ға) қысқарып, өз кезегінде осы салымшылардың жинақталған зейнетақы қаражаты 0,2 млрд. теңгеге (4,9%-ға) артты.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар саны 2010 жыл ішінде 2 148 бірлікке (5,2%-ға) азайып, 01.01.2011 жылы жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгемен 39 534 бірлік болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2010 жыл ішінде 31 бірлікке (0,8%-ға) азайып, 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 102,2 млн. теңгемен 4 045 бірлік болды.

Жинақталған зейнетақы қаражатының динамикасы мен құрылымы

2010 жылдың нәтижелері бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы, ең алдымен, салымшының ай сайынғы кірісінің 10%-ын құрайтын міндетті зейнетақы жарналары сомасының жоспарлы түрде ұлғаюының арқасында өсті. Осылайша, қорларға зейнетақы жарналарының жалпы түсімі 2010 жыл ішінде 332,9 млрд. теңгеге (22,4%-ға) артып, 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша 1 821,7 млрд. теңгені құрады. Зейнетақы жарналарының орташа айлық түсімі 2006 жылы 14,3 млрд. теңгені, 2007 жылы 19,0 млрд. теңгені, 2008 жылы 22,7 млрд. теңгені, 2009 жылы 25,3 млрд. теңгені құраса, 2010 жылы 27,7 млрд. теңге болды немесе есепті жылда зейнетақы жарналарының орташа айлық түсімінің өсімі 2009 жылмен салыстырғанда 9,5% болды.

2010 жыл ішінде зейнетақы активтерін 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша 571,4 млрд. теңгені құраған 18,6%-ға немесе 89,7 млрд. теңгеге инвестициялаудан (комиссиялық сыйақыларды шегергенде) түскен «таза» кірістің ұлғаюы орын алды.

«Таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны соңғы 6 жыл ішінде 23-кестеде көрсетілген көрсеткіштермен сипатталды.

23-кесте


«Таза» инвестициялық кіріс (млрд. теңгеде)

күні	«таза» инвестициялық кіріс сомасы	бір жыл ішіндегі өсімі	өсу қарқыны (%-бен)	жинақталған зейнетақы қаражатының сомасындағы «таза» инвестициялық кіріс үлесі (%-бен)
01.01.2006	155,1	40,4	35,2	23,9
01.01.2007	255,7	100,6	64,9	28,1
01.01.2008	339,3	83,6	32,7	28,1
01.01.2009	307,0	- 32,3	- 9,5	21,6
01.01.2010	481,7	174,7	56,9	25,9
01.01.2011	571,4	89,7	18,6	25,3

44-графикте жинақталған зейнетақы қаражатының өсу динамикасы және жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кіріс үлестері ұсынылды.

44-график

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кіріс үлесі



Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 2010 жыл ішінде 397,7 млрд. теңгеге (21,4%-ға) өсіп, 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша 2 258,2 млрд. теңгені құрады. 2007 жылы жинақталған зейнетақы қаражатының орташа айлық өсімі 24,9 млрд. теңге, 2008 жылы 17,7 млрд. теңге, 2009 жылы 36,7 млрд. теңге, 2010 жылы 33,1 млрд. теңге болды. Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны 24-кестеде көрсетілген.

24-кесте

Жинақталған зейнетақы қаражаты (млрд. теңгеде)

күні	жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	бір жыл ішіндегі өсімі	жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны,%-бен
01.01.2006	648,6	164,6	34,0
01.01.2007	909,7	261,1	40,3
01.01.2008	1 208,1	298,4	32,8
01.01.2009	1 420,5	212,4	17,6
01.01.2010	1 860,5	440,0	31,0
01.01.2011	2 258,2	397,7	21,4

Міндетті зейнетақы жарналарының 1 салымшының жинақталған зейнетақы қаражатының ең көп орташа мөлшері 39 жастағы еркектерде 423,7 мың теңге және 50 жастағы әйелдерде 328,0 теңге.

Міндетті зейнетақы жарналарының уақтылы аударым жасалмағаны, жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмағаны және зейнетақы активтерінің тиісінше басқарылмағаны үшін өсімпұл сомасы өсе түсуде. Сөйтіп, 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша өсімпұл және айыппұл түріндегі кірістер 01.01.2010 жылмен салыстырғанда 2,0 млрд. теңгеге (17,9%-ға) ұлғайып, 13,2 млрд. теңгені құрады. 2010 жыл ішінде міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармағаны үшін алынған өсімпұл және айыппұл сомалары 1,5 млрд. теңгені, жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмағаны үшін алынған өсімпұл және айыппұл сомалары 0,2 млн. теңгені және зейнетақы активтерін тиісінше басқармағаны үшін алынған өсімпұл және айыппұл сомалары 0,3 млрд. теңгені құрады.

Жыл сайын ЖЗҚ-дан алынатын зейнетақы төлемдері біршама көбейіп келеді. Сонымен, егер 2006 жылы төлем сомасы 12,1 млрд. теңгені құраса, ал 2007 жылы 15,2 млрд. теңгені, 2008 жылы 29,0 млрд. теңгені, 2009 жылы 40,2 млрд. теңгені құрап, 2010 жылғы төлемдер 54,7 млрд. теңгені құрады немесе 2009 жылы төленген сомадан 14,5 млрд. теңгеге көп болды.

2010 жылы сақтандыру ұйымдарына зейнетақы аннуитеттік шарттары бойынша 6 308 алушыға жалпы сомасы 11,9 млрд. теңге жинақталған зейнетақы қаражаты аударым жасалды.

2010 жылы зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты график бойынша 111 649 алушыға міндетті зейнетақы жарналарының есебінен жалпы сомасы 28,6 млрд. теңге зейнетақы төлемдері жүзеге асырылды.

2010 жылы елу бес жасқа толуына байланысты график бойынша 1 153 алушыға ерікті зейнетақы жарналарының есебінен жалпы сомасы 57,3 млн. теңге зейнетақы төлемдері жүзеге асырылды.

Қорлар Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерге шығуына байланысты 13 780 алушыға жалпы сомасы 5,4 млрд. теңге немесе есепті жыл ішінде төленген зейнетақы төлемдерінің жалпы сомасынан 9,9% және 16 873 мұрагерге жалпы сомасы 6,0 млрд. теңге немесе есепті жыл ішінде төленген зейнетақы төлемдерінің жалпы сомасынан 11,0% міндетті зейнетақы жарналарының есебінен елеулі біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды.


Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-дың инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2 260,1 млрд. теңгені құрады. 2010 жыл ішінде зейнетақы активтерінің көлемі 399,3 млрд. теңгеге немесе 21,4%-ға ұлғайды. Зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 2009 жылы 37,3 млрд. теңге болған кезде 2010 жылы 33,3 млрд. теңгені құрады немесе 10,7%-ға кеміді.

Қорлардың зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің есепті жыл ішінде өзгеру динамикасы 45-графикте берілген.

45-график

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің динамикасы (млрд. теңгеде)



ЖЗҚ арасында зейнетақы активтерінің жиынтық көлемін бөлу мынадай көрсеткіштермен сипатталады (25-кесте).

25-кесте

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемін бөлу (%-бен)

ЖЗҚ	01.01.2010	01.01.2011
«Қазақстан Халық Банкі ЖЗҚ» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ЕҰ	30,1	31,6
«МЖЗҚ» ЖЗҚ» АҚ	15,8	16,6
«ҰларҮміт» ЖЗҚ» АҚ	13,1	14,0
«БТА Қазақстан» АҚ «БТА Банк» АҚ ЕҰ	11,2	7,8
«ГРАНТУМ» ЖЗҚ» АҚ («Казкоммербанк» АҚ ЕҰ)	5,8	6,6
«Капитал» ЖЗҚ» АҚ - «Банк ЦентрКредит» АҚ ЕҰ	4,5	4,9
«Мұнайгаз – ДЕМ» ЖЗҚ» АҚ	3,3	3,4
«Еуразиялық ЖЗҚ» АҚ	3,3	3,3
«Атамекен» ЖЗҚ» АҚ «Нұрбанк» АҚ ЕҰ	3,1	3,0
«Отан» ашық ЖЗҚ» АҚ («АТФ Банк» АҚ ЕҰ)	3,0	2,8
«РЕСПУБЛИКА» ЖЗҚ» АҚ	2,3	2,6
«АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН ЖЗҚ» АҚ	2,1	2,3
«Қазақмыс ЖЗҚ» АҚ	1,3	1,1
«Қорғау» ЖЗҚ АҚ	1,1	-
Жиынтығы	100,0	100,0

Қорлардың жиынтық инвестициялық портфелі 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша 2 223,8 млрд. теңгені құрады немесе 01.01.2010 жылмен салыстырғанда 384,2 млрд. теңгеге немесе 20,9%-ға ұлғайды (26-кесте).

26-кесте

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі (жиынтығында %-бен)

Қаржы құралдары	01.01.2010	01.01.2011
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары	40,7	44,3
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	36,9	33,5
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	1,0	1,4
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	12,1	8,2
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	5,0	7,8
Басқа ҚҚ (туынды БҚ, тазартылған алтын, ХҚҰ БҚ)	4,3	4,8
Жиынтығы	100,0	100,0

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінде елеулі үлесін 01.01.2011 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары 44,3%-бен (немесе 1 000,6 млрд. теңгемен) алады.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердегі салымдардың үлесі 2010 жылы 2,8 пайыздық тармаққа ұлғайды.

Сонымен қатар, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 3,9 пайыздық тармаққа төмендеп, 01.01.2011 жылы 185,9 млрд.теңгені құрады.

01.01.2011 жылы бағалы қағаздар шығарылымы бойынша дефолтқа жол берген эмитенттердің бағалы қағаздарының үлесі зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 1,5%-ын құрағанын, абсолюттік мәнінде 35,0 млрд. теңге болғанын атап өткен жөн.

Сондай-ақ, жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфелінде 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 3,8% немесе 86,8 млрд. теңге жалпы үлесімен зейнетақы активтерінің (дефолтқа ұшыраған бағалы қағаздарды қоса есептегенде) есебінен сатып алуға рұқсат етілмеген қаржы құралдары болды.

ЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі 12, 36 және 60 айлар кезеңінде есептелетін номиналды кірістің коэффициентімен сипатталады. Номиналды кіріс коэффициенті жинақтаушы зейнетақы жүйесінің көрсеткіштеріне: инвестициялық кірістің, зейнетақы жарналарының, зейнетақы төлемдерінің, өсімпұл мен айыппұлдың, комиссиялық сыйақының сомаларына, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығының жағдайын сипаттайтын көрсеткіштермен қоса басқа да құрастырушы бөліктеріне тәуелді болып келеді.

2010 жыл бойы 12 ай, 36 және 60 айларда жекелеген қорлар бойынша, сондай-ақ жалпы жүйе бойынша номиналды кіріс коэффициентінің біршама төмендеуі байқалды. Жалпы алғанда, 2010 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі бойынша номиналды кірістің орташа мөлшерленген коэффициенті 12 ай ішінде 7,56 пайыздық тармаққа азайғанын, 36 ай ішінде 5,49 пайыздық тармаққа азайғанын және 60 ай ішінде өсім 3,97 пайыздық тармаққа азайғанын көрсетті. 2011 жылғы 01 қаңтардағы кезеңде номиналды кіріс коэффициентінің өзгеруі 27-кестеде келтірілген.

27-кесте

Номиналды кіріс коэффициенті

ЖЗҚ номиналды кірісінің орташа мөлшерленген коэффициенті, %-бен	12 ай	36 ай	60 ай
01.01.2007	12,69	25,38	50,64
01.01.2008	9,47	32,90	46,15
01.01.2009	-0,84	22,79	36,61
01.01.2010	11,95	21,54	47,52
01.01.2011	4,39	16,05	43,55

Салымшылардың жинақталған зейнетақы қаражатының сақталуын қамтамасыз ету және ең аз мәнінен төмен емес зейнетақы активтері бойынша кірістілікті алуды қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңында ЖЗҚ-ның жүйе бойынша кірістіліктің ең төменгі рұқсат етілген мәні мен қордың кірістілігі арасындағы теріс айырмашылықты қалпына келтіру міндеті көзделген. Оны өтеу аталған қордың салымшыларының шоттарына тиісті соманы есепке алу арқылы қордың меншікті капиталының есебінен жүргізіледі.

Осыған байланысты 2010 жылдың қорытындысы бойынша барлық жинақтаушы зейнетақы қорлар «Зейнетақы активтерінің кірістілігі» пруденциалдық нормативті орындайтынын ескере отырып бір ЖЗҚ-да міндеттемелерін өтеу бойынша теріс айырма туындамаған.


Жинақтаушы зейнетақы қорларының қаржылық жай-күйі

Меншікті капитал жеткіліктілігінің қажетті деңгейін қамтамасыз ету бойынша экономикалық талаптарды сақтау мақсатында 2010 жылы қабылданған реттеушілік шаралар 2010 жылы 15,5%-ға немесе 11,3 млрд. теңгеге ұлғайып, 01.01.2011 жылы 84,2 млрд. теңгені құраған ЖЗҚ-ның жиынтық меншікті капиталына ықпал етті. Бұл ретте Қазақстан Республикасының резидент еместердің қатысуымен ЖЗҚ меншікті капиталдың үлесі ЖЗҚ жиынтық меншікті капиталының 2011 жылғы 01 қаңтарда 7,6% құрайды.

Меншік капиталдағы жиынтық жарғылық капиталдың үлесі 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша 52,5%-ды немесе 44,2 млрд. теңгені құрады. 2010 жылы ЖЗҚ-ның жиынтық жарғылық капиталы 3,5 млрд. теңгеге немесе 8,6%-ға (40,7 млрд. теңгеден 44,2 млрд. теңгеге дейін) ұлғайды. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының резидент еместердің

қатысуымен ЖЗҚ жарғылық капиталдың үлесі ЖЗҚ жиынтық жарғылық капиталының 2011 жылғы 01 қаңтарда 8,3% құрайды.

46-графикте ЖЗҚ-ның меншікті және жарғылық капиталының динамикасы келтірілген.



01.01.2011 жылғы жағдай бойынша ЖЗҚ-да резервтік капитал қалыптастырылып, 12,9 млрд. теңге мөлшерінде басқа да резервтер құрылды, 2010 жыл ішінде көбею 4,8 млрд. теңгені құрады.

2010 жыл ішінде 8 ЖЗҚ-ның ішінен 13 ЖЗҚ жалпы сомасы 11,5 млрд. теңге таза пайда алды және 5 қор жалпы сомасы 3,3 млрд. теңге зиян шекті. Жалпы алғанда, 2010 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында ЖЗҚ бойынша жалпы сомасы 8,2 млрд. теңге пайда алынды.

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша ЖЗҚ-ның меншікті активтерінің есебінен қаржы инвестициялары 69,4 млрд. теңгені немесе қорлардың жиынтық активтерінің 78,7% құрады.

ЖЗҚ-ның меншікті активтері негізінен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына – 63,2% инвестицияланып, ЕДБ-дағы салымдарына – 19,3% орналастырылды.

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша ЖЗҚ активтерінің жалпы сомасы 88,2 млрд. теңгені құрады немесе 01.01.2010 жылмен салыстырғанда активтер сомасы 3 млрд. теңгеге (3,5%) ұлғайды. 01.01.2011 жылы ЖЗҚ жиынтық активтерінің жалпы сомасында өтімді активтер 93,9% құрап отыр.

3.4 Бағалы қағаздар нарығы

Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымы

Инфрақұрылымның қажетті деңгейін қамтамасыз ететін Қазақстанның бағалы қағаздар нарығының негізгі институттары KASE, «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ, сондай-ақ брокерлерді және (немесе) дилерлерді, тіркеушілер мен кастодиан банктерді қоса алғанда, нарықтың кәсіби қатысушылары болып табылады. Сонымен қатар, бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті зейнетақы активтерін инвестициялық басқарушылар, ИПБ және трансфер-агенттер жүзеге асырады.

Бағалы қағаздар нарығының негізгі көрсеткіштері

Жалпы алғанда, 2010 жылы бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының жиынтық қаржы көрсеткіштерінің төмендегені байқалады. Брокерлердің және (немесе) дилерлердің (АӨҚО қатысушылары) және инвестициялық компаниялардың жиынтық активтерінің төмендеуі Агенттіктің аталған қызмет түрлерін жүзеге асыруға берген лицензияларының қолданылуын тоқтауына байланысты бағалы қағаздар нарығының аталған қатысушылары санының қысқаруына себеп болды (28-кесте).

**Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының қаржылық көрсеткіштері
(млрд. теңгеде)**

Атауы	01.01.2010	01.01.2011	өзгеріс (%-бен)
Жиынтық активтер, оның ішінде:	174,7	160,7	-8,0
брокерлер-дилерлер	9,1	5,7	-37,4
брокерлер дилерлер (АӨҚО қатысушылары)	1,0	1,0	0,0
Тіркеушілер	1,1	1,1	0,0
ИПБ	118,8	108,2	-8,9
инвестициялық компаниялар	35,6	36,2	1,7
ЗАИБЖАҰ	9,1	8,5	-6,6
Жиынтық міндеттемелер, оның ішінде:	55,6	26,9	-51,6
брокерлер-дилерлер	4,4	1,2	-72,7
брокерлер дилерлер (АӨҚО қатысушылары)	0,1	0,0	-100,0
Тіркеушілер	0,0	0,1	100
ИПБ	37,9	16,8	-55,7
инвестициялық компаниялар	8,4	8,6	2,4
ЗАИБЖАҰ	4,8	0,2	-95,8
Жиынтық меншікті капитал, оның ішінде:	119,1	133,8	12,3
брокерлер-дилерлер	4,7	4,5	-4,3
брокерлер дилерлер (АӨҚО қатысушылары)	0,9	1,0	11,1
Тіркеушілер	1,1	1,1	0,0
ИПБ	80,9	91,4	13,0
инвестициялық компаниялар	27,2	27,5	1,1
ЗАИБЖАҰ	4,3	8,3	93,0
жарғылық капитал, оның ішінде:	111,2	114,5	3,0
брокерлер-дилерлер	2,3	3,4	47,8
брокерлер дилерлер (АӨҚО қатысушылары)	0,9	1,2	33,3
тіркеушілер	1,1	1,1	0,0
ИПБ	76,9	78,8	2,5
инвестициялық компаниялар	20,9	20,9	0,0
ЗАИБЖАҰ	9,1	9,1	0,0

Эмитенттер мен қаржы құралдары

2010 жылы 443 акциялар (оның ішінде шығарылымдар проспектісіне енгізілген өзгерістер) шығарылымдары тіркелді, акциялар шығарылымдары және оларды орналастыру жөніндегі нәтижелер туралы 686 есеп бекітілді, сондай-ақ 67 акциялар шығарылымдарының күші жойылды.

Нәтижесінде 01.01.2011 жыл ішінде қолданыстағы акциялар шығарылымы бар АҚ жалпы саны 2 170 ұйымды құрады (29-кесте).

29-кесте

Қолданыстағы акциялар шығарылымы бар АҚ саны туралы деректер

Атауы	01.01.2010	01.01.2011
Акциялар шығарылымдарының саны	2 196	2 170
АҚ саны	2 196	2 170

30-кесте

Тіркелген мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы туралы деректер

Атауы	2010 жылда	2011 жылда
Тіркелген облигациялар шығарылымдарының саны	89	26
Тіркелген облигациялар шығарылымдарының көлемі, млрд. теңге	3 356,7	1 164,9


2010 жыл ішінде Агенттік жалпы көлемі 1 164,9 млрд. теңгемен мемлекеттік емес облигациялардың 26 шығарылымын тіркеді.

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша барлық қолданыстағы облигациялар шығарылымдарының саны 6 196,3 млрд. теңге болып, жиынтық номиналдық құнымен 388 құрады, оның 95 шығарылымы KASE ресми тізімінің «рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздары» санатына, 100 шығарылымы – «бірінші шағын санаттың рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздары» санатына, 32 шығарылымы – «екінші шағын санаттың рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздары» және 23 шығарылымы - «буферлік санат» санатына енгізілді. Сонымен қатар, есептік жыл ішінде 583,5 млрд. теңге шығарылым көлемімен 7 облигациялық бағдарламалар тіркелді.

47-графикте қолданыстағы облигациялар шығарылымдарының саны мен көлемінің өзгеру динамикасы көрсетілген.

47-график

Қолданыстағы облигациялар шығарылымдарының саны мен көлемінің өзгеру динамикасы



01.01.2011 жылғы жағдай бойынша корпоративтік облигациялар құрылымы 48-графикте келтірілген.

48-график



Осы құрылым айналыстағы корпоративтік облигациялардың үнемі өсуіне қарамастан, жалпы көлемнің жартысынан астамы қаржылық емес ұйымдардың және өзге инвесторлардың портфелінде болатынын көрсетеді. Бұл ретте Қазақстан Республикасы аумағында шығарылған жалпы облигациялар көлемінен институционалдық инвесторлардың үлес салмағы 10,0%-ды құрады.

Бұл ретте, 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша 40 эмитент дефолтқа жол бергенін атап өткен жөн. Оның ішінде купонды төлеу және облигациялар бойынша негізгі борышын өтеу бойынша өзінің берешегі өтелмеген, яғни дефолттағы эмитенттердің саны 30 эмитент болды. Сонымен 2010 жыл ішінде 7 эмитенттер («Альтернативтік қаржылар» АҚ; «Қазэкспортастық Агрофирма» ЖШС; «Зеренда Астық ЖШС»; «Викторовское» ЖШС; «Вишневское» ЖШС; «БАБЫҚ-БҰРЛЫҚ ФИРМАСЫ» ЖШС, «Көктас-Ақтөбе» ЖШС) өз берешегін толық өтеді, («Альянс Банк» АҚ, «БТА Банк» АҚ – «Темірбанк» АҚ ЕҰ, «БТА Банк» АҚ) 3 эмитенттердің берешегі борышты қайта құрылымдау арқылы реттелді.

Тіркелген пайлар шығарылымы туралы деректер

Атауы	01.01.2010	01.01.2011
Тіркелген шығарылымдар	32	11
Бекітілген шығару және орналастыру қорытындысы жөніндегі есептер	195	127
Жабылған (өтелген) пайлар шығарылымдары	37	30
Қолданыстағы пайлар шығарылымдары	182	162


01.01.2011 жылғы жағдай бойынша саны 162-ге жеткен қолданыстағы пайлар шығарылымының азаю үрдісі байқалады. Бұл ретте, 2010 жыл ішінде 11 пай шығарылымдары тіркелді және шығару мен орналастыру қорытындысы жөнінде 127 есеп бекітілді (31-кесте).

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша бағалы қағаздар нарығында 162 ИПҚ жұмыс істеді, оның ішінде 123 – жабық (активтері – 262,0 млрд. теңге), 13 – ашық (активтері – 0,8 млрд. теңге) және 26 – аралық (активтері – 1,8 млрд. теңге), сондай-ақ 33 тәуекелді инвестициялау акционерлік инвестициялық қоры (активтері – 28,0 млрд. теңге).

2010 жылы ИПҚ активтерінің 11,4%-ға төмендеуі байқалды, бұл жерде акционерлік инвестициялық қорлар активтері 55,1%-ға азайды. ИПҚ-ның және акционерлік инвестициялық қорлардың жиынтық активтері 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша 264,4 млрд. теңгені және тиісінше 28,0 млрд. теңгені құрады (49-график).

49- график

Инвестициялық қорлар активтерінің өзгеру динамикасы (млрд. теңгеде)



Жабық инвестициялық қорлар бұрынғыдай ИПҚ-ның жиынтық активтердегі ең көп үлесін – 99,0%-ды иеленді, қалған 1,0% ашық және аралық инвестициялық қорлардың үлесіне келеді (32-кесте).

32-кесте

Инвестициялық қор түрлері бойынша активтердің өзгеру динамикасы (млрд. теңгеде)

Атауы	01.01.2010	01.04.2010	01.07.2010	01.10.2010	01.01.2011
ИПҚ	298,5	266,2	254,9	231,6	264,6
жабық	295,6	263,2	252,3	229,0	262,0
ашық	0,8	0,9	0,8	0,8	0,8
аралық	2,1	2,1	1,8	1,8	1,8
Акционерлік инвестициялық қорлар	62,4	36,2	27,9	28,5	28,0

Қор нарығы

Қазақстандағы қор нарығының жай-күйінің негізгі индикаторы болып KASE қор биржасы ұсынған ұйымдасқан нарығы болып табылады.

KASE-дегі айналысқа жіберілген бағалы қағаздардың негізгі үлес салмағының 49,2% (250 шығарылым) борыштық бағалы қағаздарға келеді. МБҚ секторы бойынша - 32,3% (164 шығарылым), акциялар секторы бойынша – 17,9% (91 шығарылым) инвестициялық қордың бағалы қағаздар мен МБҚ секторлары бойынша – 0,4% (2 шығарылым) және тиісінше 0,2% (1 шығарылым) болып келді.


KASE-дегі сауда-саттыққа жіберілген бағалы қағаздар

Атауы	01.01.2010		01.01.2011	
	шығарылым саны	эмитент саны	шығарылым саны	эмитент саны
«Акциялар» секторы:	98	72	91	64
«Борыштық бағалы қағаздар» секторы:	315	91	250	77
«Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторы	2	2	2	2
«Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары» секторы	1	1	1	1
«Мемлекеттік бағалы қағаздар» секторы	137	2	164	3
Жиынтығы:	553	131	508	114

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша KASE ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес бағалы қағаздар нарығының жалпы капиталдандыру 2010 жылғы облигациялар бойынша 1,7% (01.01.2010 жылғы 3 141,7 млрд. теңгеден 01.01.2011 жылғы 3 087,2 млрд. теңгеге дейін) азайып, акциялар бойынша – 5,3% (01.01.2010 жылғы 8 506,2 млрд. теңгеден 01.01.2011 жылғы 8 959,4 млрд. теңгеге дейін) өсіп 12 048,4 млрд. теңгені құрады.

50-график

Мемлекеттік емес бағалы қағаздар бойынша KASE капиталдандыруы (млрд. теңгеде)




KASE-тің ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес бағалы қағаздар нарығының жалпы капиталдандыру 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша 2010 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 9,0% өсті.

Қор нарығының абсолюттік мәніндегі капиталдандырудың өсуі ЖІӨ-нің аталған көрсеткіштің өсуіне әсер етті (51-график).

51-график

ЖІӨ-ге KASE капиталдандырылуы (%-да)



2010 жыл ішінде мемлекеттік емес бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер көлемі 79,5%-ға азайды. Бұл ретте «репо» операциялары бойынша мәмілелер көлемі 91,6%-ға

азайды. Акциялар бойынша (орналастыру және шағымы бойынша) мәмілелер көлемі 56,0%-ға, борыштық бағалы қағаздар бойынша 30,0%-ға төмендеді (34-кесте).

34-кесте

KASE-дегі мемлекеттік емес бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер көлемі (млрд. теңгеде)

Атауы	2009 жылға	2010 жылға	бір жылда өзгеріс, %
Алғашқы орналастырулар:	426,1	85,5	-79,9
Акциялар	419,1	20,8	-95,0
Борыштық бағалы қағаздар	7,0	64,7	в 9 раз
Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары	0	0	-
Екінші айналым:	597,0	465,0	-22,1
Акциялар	217,4	259,2	19,2
Борыштық бағалы қағаздар	379,1	205,6	-45,8
Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары	0,5	0,2	-60,0
Листинг емес бағалы қағаздар	0,5	0,6	20,0
«репо» мәмілелері:	2 840,5	239,2	-91,6
Акциялар	1 010,7	145,7	-85,6
Борыштық бағалы қағаздар	1 826,8	93,5	-94,9
Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары	0,2	0,0	-100,0
Листинг емес бағалы қағаздар	2,8	0,0	-100,0
Жиынтығы:	3 864,1	790,3	-79,5

Бағалы қағаздар нарығындағы негізгі инвесторлар

Бағалы қағаздар нарығында қаражатты инвестициялауды институционалдық және жеке инвесторлар жүзеге асырады. Отандық рыноктың негізгі институционалды инвесторларына зейнетақы жарналарын шоғырландыратын және оларды елдің қаржы құралдарына және шетелге орналастыратын ЖЗҚ, сондай-ақ ЕДБ, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, белгіленген пруденциалдық реттеу талаптарына байланысты қаражат бөлігін өтімді активтерге орналастыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары жатады.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2 260,1 млрд.теңге болды. 2010 жылға зейнетақы активтерінің көлемі 399,3 млрд. теңгеге немесе 21,4%-ға өсті.

Зейнетақы активтердің инвестициялау стратегиясы 2010 жылғы сияқты шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарды инвестициялау көлемінің бір мезгілде қысқарған кезде Қазақстан Республикасының МБҚ үлесінің ұлғаю пайдасына қарай өзгерген.

35-кесте

Зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған ЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфелі (млрд. теңгемен)

Қаржы құралдары	01.01.2010	01.01.2011	өсімі %-бен
Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде:	748,5	1 000,6	33,67
ҚР еурооблигациялары	0,0	0,0	0,00
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	661,0	854,0	29,19
Ұлттық Банктің ноттары	87,5	141,0	61,13
жергілікті органдарының бағалы қағаздары	0,0	5,6	0,00
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	222,2	185,9	-16,33
акциялар	50,7	46,9	-7,47
облигациялар	171,5	139,0	-18,95
Шетел инвестициялық қорларының пайлары	0,0	0,0	0,00
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	74,2	43,7	-41,12
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	17,6	31,5	78,85
Тазартылған алтын	0,0	29,9	0,00

ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	678,6	756,6	11,49
акциялар	196,7	188,8	-4,02
облигациялар, оның ішінде	481,9	567,8	17,83
Шетел валютасында номинирленген	20,7	22,1	6,98
теңгеге номинирленген	461,2	545,7	18,31
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	92,1	176,2	91,35
Туынды бағалы қағаздар	6,4	-0,6	-108,91
Жиынтығы	1 839,6	2 223,8	20,88

ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі үлесі инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 44,3% (1 000,6 млрд. теңге) құрайды және 2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша осыған ұқсас көрсеткішке қатысты 33,7%-ға немесе 252,0 млрд. теңгеге өсті. 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік емес бағалы қағаздардың үлесі инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 34,03% (756,6 млрд. теңге) құрады, 2010 жылғы өсімі 11,5% құрады.

Бұл ретте, 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздардың үлесі 16,3% төмендеп және 185,9 млрд.теңге болды. (35-кесте).

36-кесте

Меншікті активтердің есебінен қалыптастырылған ЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфелі (млн. теңгемен)

Қаржы құралдары	01.01.2010	01.01.2011	өсімі %-бен
Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	39 478	43 823	11,0
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	30 333	38 248	26,1
Ұлттық Банктің ноттары	9 145	5 575	-39,0
ЕДБ салымдары	7 060	13 399	89,8
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	2 148	0	-100,0
Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	8 705	9 895	13,7
Акциялар	2 104	1 629	-22,6
Облигациялар	6 601	8 266	25,2
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	6 637	2 275	-65,7
Акциялар	1 271	1 243	-2,2
Облигациялар	5 366	1 032	-80,8
«Кері РЕПО» операциялары	2 563	0	-100,0
Жиынтығы:	66 591	69 392	4,2

ЖЗҚ меншікті активтерінің есебінен қалыптастырылған жиынтық меншікті инвестициялық портфелі 2010 жылы 4,2%-ға өсіп, 01.01.2011 жылы 69 392 млн. теңгені құрады (36-кесте).

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша ЖЗҚ-ның меншікті жиынтық портфеліндегі ең үлкен көлемді – 43 823 млн. теңгені (63,2%-ды) ҚР МБҚ иеленді, бұл ретте меншікті активтер портфелінің 14,3% ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына орналастырылған. ЕДБ салымдарының үлесі 19,3% құрады.

Инвестициялық қорлар

2010 жылы ИПҚ (немесе 20 қордың) саны 11,0%-ға, акционерлік инвестициялық қорларының (немесе 8 қордың) саны 19,5% -ға азайды.

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша ИПҚ жиынтық инвестициялық портфелінің және акционерлік инвестициялық қорлардың негізгі үлесін өзге мүлігі (акционерлік қоғамдары болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталына салынған инвестициялар,

жер учаскелері, үйлер мен ғимараттар, құрылыстағы және қайта құрылып жатқан жылжымайтын объектілері, жоба-сметалық құжаттамасы, жер пайдалану және жер қойнауын пайдалану) алып отыр, олардың үлесіне 64,6% (170,8 млрд. теңге) және тиісінше 69,7% (19,5 млрд. теңге) ие болды.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары ИПҚ инвестициялық портфелінде 4,54%, акционерлік инвестициялық қорлар портфелінде - 12,44%-ды иеленді. Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының ИПҚ жиынтық портфеліндегі үлесі аз - 0,84% болса, акционерлік инвестициялық қорлардың портфелінде - 1,22% болды (37-кесте).

37-кесте

01.01.2011 жылғы инвестициялық қорлардың жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	инвестициялық пай қорлары		акционерлік инвестициялық қорлар	
	млн. теңге	жиынтығын да %-бен	млн. теңге	жиынтығында %-бен
Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде:	596	0,22	28	0,10
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	85	0,03	28	0,10
Ұлттық Банктің ноттары	511	0,19	0	0
ЕДБ салымдары	23 670	8,95	300	1,07
Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде:	12 023	4,54	3 481	12,44
акциялар	7 295	2,76	363	1,30
облигациялар	4 728	1,78	3 118	11,14
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде:	2 213	0,84	343	1,22
акциялар	1 898	0,72	23	0,08
облигациялар	315	0,12	320	1,14
Инвестициялық қорлардың пайлары	19	0,01	154	0,55
Депозитарлық қолхаттар	472	0,18	386	1,38
«Кері РЕПО» операциясы	264	0,10	117	0,42
Өзге мүлік	170 789	64,55	19 521	69,74
Басқа активтер/дебиторлық берешек	54 525	20,61	3 660	13,08
Жиынтығы:	264 571	100	27 990	100

Екінші деңгейдегі банктер

ЕДБ-ның жиынтық инвестициялық портфелі 2010 жылы 183 млрд.теңгеге немесе 10,5% төмендеп, 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша 1 556,6 млрд. теңгені құрады. Портфельдің маңызды үлесін Қазақстан Республикасының МБҚ – 71,8% немесе 1 117 млрд. теңге болды. Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 19,1% болды, ал Қазақстан Республикасының резиденті емес эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі - 4,6% болды. Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары жиынтық портфелінің 2,9%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының - 1,6% құрады.

Сақтандыру ұйымдары

Есепті күнге сақтандыру ұйымдарының жиынтық инвестициялық портфелінің көлемі 2010 жыл ішінде 11,3%-ға өсіп, 231,5 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының МБҚ үлесіне 19,4%, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративті бағалы қағаздарының үлесі – 35,4%, ЕДБ салымдарының үлесі - 30,5% болды (20-кесте).

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының жиынтық инвестициялық портфелі 2010 жылы 19,7 млрд. теңгеге немесе 33,1%-ға төмендеді және 01.01.2011 жылғы

жағдай бойынша 59,4 млрд. теңгені құрады. Портфель құрылымында ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары 53,4%-ды құрады. ЕДБ салымдарына 8,2%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 15,4%, МБҚ – 18,0%, инвестициялық қорлардың пайлары – 3,9%, «Кері РЕПО» операцияларына – 0,7%, ХҚҰ бағалы қағаздарына және шетел эмитенттерінің МБҚ – 0,2% келеді.

IV. Қаржы нарығының және қаржы ұйымдарының қызметін қадағалау

Проблемаларды ертерек анықтау және тәуекелдерді бірдей бағалауды қамтамасыз ету мақсатында реттеуіштің басты назары қаржы ұйымдарының қаржылық жағдайына, оның ішінде ертерек ден қою шаралары жүйесін, стресс-тестілеу процедураларын қолдану, сондай-ақ қаржы ұйымдарының қызметіне тәуекелге бағытталған қадағалау тәжірибесін одан әрі енгізу арқылы жасалатын мониторингке және бағалауға аударылатын болды.

4.1 Қаржы ұйымдарының қызметін қадағалау нәтижелері

4.1.1 Қашықтықтан қадағалау

Банк секторы

Агенттік ЕДБ-ны қашықтықтан қадағалауды CAEL жүйесінің компоненттері мен қабылданатын тәуекелдер түрлері бойынша банктің қызметін сипаттайтын жүйелерді көрсеткіштер арасындағы өзара байланысты анықтай отырып қолдану, осы көрсеткіштермен қабылданатын тәуекелдердің көлеміндегі өзгеру фактілерін зерттеу, стресс-тестілеуді өткізу және бірыңғай банк топтары бойынша орташа көрсеткіштерді алынған көрсеткіштермен салыстыру негізінде жүзеге асырады. Банктің статус-репортын жасау барысында реттеуіш есептілік, жүргізілген тексеру қорытындысы туралы есеп, аудиторлық есеп, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі болған жағдайда талаптардың орындалуы жөніндегі есептерді қоса алғанда банк қызметі туралы ресми ақпараттың басқа да дереккөздері пайдаланылады. Статус-репорттарда баяндалған ақпаратты талдау қорытындысы бойынша CAEL рейтинг жүйесінде банкке жалпы баға беріледі.

ЕДБ-ның реттеуіш есептілігін қарау қорытындысы бойынша 2010 жылы банктерді қашықтықтан қадағалау аясында 153 статус-репорт пен 307 статус-шолу жасалды, олардың шеңберінде әрбір жекелеген банктің қаржылық тұрақтылығының дәрежесі бағаланып, қаржылық тұрақтылықтың біріккен индексі базасында қаржылық тұрақтылығының дәрежесі бойынша банктерді сыныптау жүзеге асырылады.

Агенттік банктің қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін және ертерек ден қою шараларын қолдануды талап ететін факторлар мониторингін ай сайын жүзеге асырылды. Мұндай факторлар тиісті ЕДБ-да байқалған жағдайда, банктің қаржылық тұрақтылығын арттыру, қаржылық көрсеткіштерінің ықтимал нашарлауына және банк қызметіне байланысты тәуекелдердің өсуіне жол бермеу бойынша ертерек ден қою шаралары көзделген іс-шаралар жоспары талап етілді. Сонымен бірге, ЕДБ-ның осы Іс-шаралар жоспарын орындауына бақылау жасалды. Бұл ретте, 2010 жыл ішінде Агенттік ертерек ден қою шараларын қолдану аясында қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторларды анықтауға байланысты іс-шаралар жоспарын 24 банктерден сұратты.

Жалпы ЕДБ жедел мониторинг жүргізу шеңберінде активтер динамикасының, несие портфельінің, мерзімі өткен берешек деңгейінің, клиенттердің (заңды және жеке тұлғалардың) міндеттемелерінің, салымдарының, қалыптасқан ГЭП-позициялары негізінде банктердің өтімділігі жағдайының мониторингіне бас назар аударылды.

Сонымен қатар, 2010 жылы Агенттік экономика және оның шоғырландыру секторлары бойынша несие портфельінің сапасын талдау жүргізді, банктердің портфельіндегі бағалы қағаздарға ауыртпалық салу, ЕДБ ай сайын ұсынатын деректер негізінде сыртқы заемдарды өтеу мониторингін жүзеге асырды, стресс-тестілеудің сценарийлері және нәтижелерін, сондай-ақ банктер ұсынатын күтпеген жағдайлардың туындауына іс-әрекеттер жоспарларын қарады.

Сонымен бірге, мониторинг матрицаларын, кредиттік тәуекелді бағалау және бақылау, сондай-ақ банктер ұсынатын өтімділік тәуекелін қарауға назар аударылды.

Қосымша 2010 жылы банктерден алынатын деректердің негізінде банктердің кредиттік тәуекелдерге ұшырағыштығына талдау жасалды, оның ішінде капитал жеткіліктігінің нормативтерін орындау және нәтижелері Агенттік басшылығына ұсынылған кредиттеу бағыты бойынша тәуекелдерді шоғырландыру үшін провизиялар мөлшерін шекті ұлғайту бойынша стресс-тестілеу жүргізілді.

Банк акционерлері құрылымы мониторингінің шеңберінде және ірі қатысушы/банк холдингі мәртебесін алуға келісім беруге ұсынылған беру/бас тарту құжаттарын қарастыруға байланысты 2010 жылы 7 банктің акционерлері бойынша тиісті қорытындылар мен 9 қаулы жобалары, оның ішінде 1 қайтадан құрылған банктерде дайындалған:

- ірі қатысушы мәртебесін иеленуге келісім беру туралы 4 қаулы;
- банк холдингі мәртебесін иеленуге келісім беру туралы 1 қаулы;
- банк холдингі мәртебесін иелену мәселесі бойынша 1 қаулы
- ірі қатысушы мәртебесін жоғалту туралы 3 қаулы.

Сонымен қатар, ЕДБ меншік иелерінің құрылымындағы оффшорлық аймақтарда тіркелген немесе оффшорлық аймақтарда тіркелген аффилирленген тұлғалары бар заңды тұлғаларды, сондай-ақ оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалардың қатысушылары (құрылтайшылары, акционерлері) болып табылатын, олардың тізбесін уәкілетті орган белгілейтін жеке тұлғаларды анықтау мақсатында, Агенттік тиісті мониторингті жүзеге асырды. Бұл ретте, меншік иелері құрылымында оффшорлық аймақтарда тіркелген Қазақстан Республикасының резидент еместері немесе осындай резидент еместермен аффилирленген тұлғалары бар немесе болуы мүмкін ЕДБ-мен тиісті жұмыстар жүзеге асырылды.

2010 жылы Агенттік өкілдері өз функционалдық міндеттерін 8 ЕДБ-да орындады («БТА Банкі» АҚ, «Қазкоммерцбанк» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Альянс Банк» АҚ, «Темірбанк» АҚ, «Нұрбанк» АҚ, «Данабанк» АҚ, «Банк «Астана-финанс» АҚ), оның ішінде банк Директорлары кеңесі мен Басқармасының, комитеттердің, комиссиялардың және өзге де жұмыс топтарының мәжілістеріне қатысты.

Бұл ретте, банктерде бақылаушылардың болғанының нәтижесінде банктің қаржы қызметінің және қадағалау органы үшін басшылық қабылдайтын шешімдердің айқындылығы артқанын айта кеткен жөн. Бақылаушылар басшылыққа банктің қаржылық жағдайы, сондай-ақ атқарушы органдар мен банктің басқарушы органы мәжілістеріне қатысу нәтижелері туралы мәліметтерді тұрақты түрде ұсынып отырды.

Шоғырландырылған қадағалау

2010 жылы банк конгломераттарына бақылауды жүзеге асыру тиімділігін арттыру бойынша Агенттіктің тәсілдері мен ішкі рәсімдері, сондай-ақ Агенттік тәжірибеде шоғырландырылған қадағалауды жүзеге асыру әдістері жетілдірілді. Сонымен, банк конгломераттарының қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу бойынша құрылған екі деңгейдегі жұмыс тобы шеңберінде топтың шоғырландырылған тәуекелдерді бағалау рәсімдері, сондай-ақ қаржы ұйымдарының -банк конгломераттары қатысушыларына соло қадағалауды және өзара ақпаратпен алмасу негізде шоғырландырылған қадағалауды жүзеге асыратын Агенттік бөлімшелері арасындағы қадағалау іс-әрекеттерін және өзара іс-әрекеттерін үйлестіру рәсімдері нақтыланды.

Банк конгломераттарының қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыс тобының отырысын жүргізу банк конгломераттарында тәуекелдерді шоғырландыру деңгейін көтеруді өз уақытында анықтау және оларды төмендету бойынша уақытында шаралар қабылдауға мүмкіндік берді.

2010 жылы банк конгломераттарын қашықтықтан қадағалау аясында олардың қолданыстағы заңнама талаптарын орындауын тексеру бойынша, сондай-ақ банк

конгломератының қатысушылары ұшырауы мүмкін әлеуетті тәуекелдерді анықтау бойынша іс-шаралар жүргізілді.

Сөйтіп, банк конгломераттарының қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу нәтижесінде, банк конгломератының қаржылық жағдайын тоқсан сайынғы бағалау жүзеге асырылды, ол банк конгломераттары қатысушыларының қаржылық жағдайына талдау жасау негізделді. Өткізілетін жұмыс топтарының мәжілістері Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері арасында ақпаратпен тиімді алмасуды қамтамасыз етеді, бұл қаржы ұйымдарына шоғырландырылған негізде жүргізілетін қадағалау сапасын қосымша арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, шоғырландырылған қадағалаудың ішкі жүйесін оңтайландыру мақсатында қазіргі уақытта Банк конгломератын қадағалау бойынша басшылық әзірленуде. Осы Басшылық банк конгломераты қатысушыларының, сондай-ақ қызметі қаржылық қадағалауға жатпауы мүмкін олармен аффилиирленген ұйымдардың арасындағы тәуекелдер трансформациясын ескере отырып, банк конгломератының тұрақтылығын бағалауында бар шоғырландырылған негізде қадағалау процесін анықтайды.

2010 жылы Агенттік жекелеген банктердің өз еншілес ұйымдарын таратуға байланысты осы банктер ұсынған тиісті құжаттарды қарау нәтижесі бойынша, Агенттік Басқармасы банктің еншілес ұйым құруға немесе сатып алуға бұрын берілген рұқсаттарды қайтарып алу туралы 9 қаулы қабылдады.

Сонымен бірге, банктер еншілес ұйымын сатып алуға және жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсаттарды алу үшін ұсынылған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша Агенттік Басқармасы еншілес ұйымдарын сатып алуға рұқсат беру туралы 2 қаулы және бас тарту туралы – 1 қаулы, сондай-ақ ұйымның жарғылық капиталына қомақты қатысуына рұқсат беруден бас тарту туралы 2 қаулы қабылданды.

Агенттік банк конгломератының қатысушысы болып табылатын қаржы ұйымының (банк холдингінің) ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге ниеті бар тұлғалар ұсынған құжаттарды қарады. Осы құжаттарды қарау нәтижесі бойынша Агенттік Басқармасы қаржы ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге рұқсат беру туралы 5 қаулы және бас тарту туралы 2 қаулы қабылдады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген негіздемелер болуына байланысты Агенттік Басқармасының қаулылары қабылданды, оған сәйкес тиісті мәртебесін иеленетін тұлғалардың қаржы ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге берілген 6 рұқсаты және банк холдингі мәртебесін иеленуге берілген 2 рұқсаты қайтарып алынды.

Банктік емес сектор

Банктік емес ұйымдардың (ипотекалық ұйымдардың) қаржылық жағдайының нәтижелерін талдау ай сайынғы статус-репорттарда, басқа банктік емес ұйымдар бойынша тоқсан сайынғы статус-репорттарда көрініс тапты. 2010 жылы қашықтықтан қадағалау шеңберінде банктік емес ұйымдардың реттеуіш есептілігін қарау нәтижелері бойынша барлығы 24 статус-репорт және 36 статус-шолу жасалынды.

Сақтандыру секторы

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін талдау қашықтықтан қадағалаудың ажырамас бөлігі болып табылады және олардың қызметіне тән тәуекелдерді (капитал жеткіліктілігі, резервтер бірдейлігі, кредиттік тәуекел, кірістілік, өтімділік, операциялық тәуекел, жүйе тәуекелі) анықтау, олардың пруденциалдық нормативтерді және басқа да нормалар мен лимиттерді қосқанда, Қазақстан Республикасының сақтандыру және қызметін сақтандыру туралы заңнаманың талаптарын орындауын тексеру жүргізу мақсатында Қашықтықтан қадағалауды және сақтандыру (қайта

сақтандыру) ұйымдарының қызметін талдауды жүзеге асыру жөніндегі басшылыққа сәйкес жүзеге асырылады.

Сақтандыру ұйымдарының қаржылық жағдайы туралы қорытынды жасаған кезде реттеушілік есептілік, жүргізілген тексерістердің нәтижелері туралы есептер, аудиторлық есептер және сақтандыру ұйымдарының қызметі туралы ресми ақпараттың басқа да дереккөздері пайдаланылады.

Сақтандыру ұйымдарының қаржылық жағдайы туралы қорытындыларда жазылған ақпаратты талдау нәтижелері бойынша Қаржылық сенімділігі матрицасына сәйкес сақтандыру ұйымының рейтингі белгіленеді.

Қашықтықтан қадағалау аясында 2010 жылы сақтандыру ұйымдарының реттеушілік есептілігін қарау нәтижелері бойынша тоқсан сайын олардың қаржылық жағдайы туралы қорытынды дайындалды және ертерек алдын алу тестілері жүргізілді, сондай-ақ олардың қолданыстағы заңнаманың талаптарын орындауын және олардың қызметтеріндегі тәуекелдерді анықтауын тексеру бойынша іс-шаралар жүргізілді.

Сөйтіп, Агенттік бірінші жарты жылдықта сақтандыру ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің БАҚ-та 2009 жыл ішінде жылдық есептілікті жариялауын, олардың аудиторлық есептерін талдауды, сыртқы аудиторлардың және сақтандыру ұйымдарының ішкі аудит қызметінің ұсынымдарын бақылауды жүзеге асырды. Сақтандыру ұйымдарын талдау қорытындысы бойынша аудиторлардың ұсынымдарының орындалуы туралы ақпарат сұратылды.

Агенттік пруденциалдық нормативтерді орындау туралы сақтандыру ұйымдарының есептіліктерін қарау қорытындысын назарда ұстай отырып, меншік құқығы шектеулі активтерді есепке алу фактілерін анықтады, 01.05.2010 жылғы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарынан және екінші деңгейдегі банктерден ауыртпалығы бар активтердің жоқтығын растаушы құжаттар алу арқылы пруденциалдық нормативтер есептерін жаппай қашықтықтан тексеру жүргізді.

Сонымен қатар, жарты жылдық негізінде ұсынылып отырған актуарлық қорытындылар негізінде сақтандыру резервтерін қалыптастыру мониторингі жүргізілді.

Тоқсан сайын Агенттік жоғары өтімді активтер ауқымы бойынша, сақтандыру ұйымдарының жалпы жүйесі және бөлігі бойынша сақтандыру сыныптары және сақтандыру портфелінің құрамдас шығын коэффициентінің шығын көрсеткіштері, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының аффилирленген тұлғалармен мәмілелері ақпараты бойынша ақпарат мониторингін жүзеге асырды.

Сонымен қатар, Агенттік 2010 жылы сақтандыру ұйымдарының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал етіп отырған факторларға, алдын-ала ден қою шараларын және екінші деңгейдегі банктің, жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ұйымның, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал етіп отырған факторларды анықтау әдістемесі ережесіне (бұдан әрі – Ереже) сәйкес ай сайынғы негізде талдау жасады.

Ережеге сай 2010 жылы әртүрлі факторлар бойынша 16 сақтандыру ұйымынан олардың қаржылық тұрақтылығын көтеру жөніндегі, оның ішінде 6-ауынан нақты төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативін төмендету факторы бойынша, 7-еуінен қызметтегі шығындылық факторы бойынша және 3-еуінен сақтандырудың негізгі сыныбы бойынша зияндылық коэффициентінің 100% асып кетуі бойынша іс-шаралар жоспары талап етілді.

Сонымен қатар, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін кепілдік беру қорының барынша төмен мөлшерінің кезең-кезеңімен өсуіне байланысты Агенттік Басқармасының 2008ж. 22-тамыздағы №131 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі,

пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы нұсқаулығына сәйкес нақты төлем қабілеттілігі маржасы жеткіліктілігі нормативін сақтандыру ұйымдарының орындау болжамы мониторингі жүзеге асырылды.

Бұдан басқа, Агенттікте 2010 жыл ішінде қаржылық тұрақтылық көрсеткіштеріне және төлем қабілеттіліктеріне, оның ішінде банктік қаржылық топтарға енетін, оның ішінде банктік қаржылық топтарға енетін сақтандыру ұйымдарының, сақтандыру ұйымдарының активтерін ЕДБ шоғырландыруды талдау көрсеткіштеріне теріс әсер ететін факторлардың (жеке эмитенттер – Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент еместері мемлекеттік емес бағалы қағаздарының құнын төмендету) ықпал етуін моделдеу тұрақты негізде жүргізілді.

Сонымен қатар, дефолт жариялаған эмитенттердің бағалы қағаздары бар сақтандыру ұйымдарының не рейтингтерін рейтинг агенттіктері төмендеткен ұйымдардағы инвестицияларға актуалды режимде пруденциалдық нормативтер мониторингі жүзеге асырылды, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне енгізілген Көмекші бухгалтерлік есептілікті және Бас бухгалтерлік кітапты жүргізу және біліктілік емтихандарын тапсыру жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын актуарийлердің орындауларына бақылау жүзеге асырылды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті және өзара сақтандыру, салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2010 жылғы 15 шілдеде қолданысқа енгізілуіне байланысты агенттерге комиссиялық сыйақы төлеу жөніндегі шектеулерге орай 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап 1 маусым аралығындағы кезең үшін «жалпы сақтандыру» саласы бойынша қызмет жасайтын сақтандыру ұйымдарының әкімшілік және комиссиялық шығыстарына талдау жасалды.

Сонымен қатар, «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі Заңының талаптарын сақтауға бақылауды жүзеге асыру мақсатында Агенттік көлік құралдары иелерінің АҚЖ міндетті сақтандыру жөніндегі деректер базасына сақтандыру ұйымдарының жасаған сақтандыру шарттары жөніндегі мәліметтеріне мониторингі жүзеге асырды.

Жалпы, 2010 жылы Агенттік «Атланта полис» сақтандыру компаниясы» АҚ-ның «БТА Банктің «БТА Сақтандыру» еншілес компаниясы» АҚ-ға қосылу жолымен, сондай-ақ «Темір Ат» СК» АҚ-ның ерікті түрде таратылуына орай ерікті түрде қайта құрылулар жүргізуіне рұқсат берді.

Сонымен бірге, Агенттік 7 сақтандыру ұйымы бойынша алты заңды және он үш жеке тұлғаға, оның ішінде жаңадан құрылған және әзірше жұмыс істеуін бастамай отырған «НСК Life» «НСК Life» өмірді сақтандыру жөніндегі «Мұнай сақтандыру компаниясы» ЕҰ АҚ» АҚ-ға ірі қатысушы мәртебесін иеленуге осының алдында берілген келісімдердің күші жойылды деп танылды.

2010 жылы Агенттік бір рет біліктілік емтиханын өткізді, оның нәтижесінде 5 актуарий өз біліктіліктерін растады.

Зейнетақы қызметін көрсету секторы

Агенттік 2010 жылы ЖЗҚ мен ЗАИБЖАҰ қызметін қашықтықтан қадағалау аясында апта сайынғы негізде зейнетақы есебінен, сондай-ақ меншікті активтер есебінен қалыптасқан аталған ұйымдардың инвестициялық портфельдерінің жай-күйіне, сондай-ақ уәкілетті орган белгілеген пруденциалдық нормативтер мен өзге де нормалар мен лимиттердің орындалуына, оның ішінде мыналарды бақылау мәні бойынша мониторинг жүргізді:

- меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициентін жүйелі түрде төмендете отырып;
- ЖЗҚ мен ЗАИБЖАҰ-ның шетел валютасына ірілендірілген акцияларға, бағалы қағаздарға, қысқа мерзімді қаржы құралдарына деген инвестиция мөлшерін зейнетақы және меншікті активтері есебінен көтеру;
- ЖЗҚ мен ЗАИБЖАҰ-да зейнетақы активтері есебінен қалыптасқан инвестициялық портфельдердегі мемлекеттік бағалы қағаздардың қажетті көлемі бойынша талаптарды сақтау;
- қаржы құралдарымен мәміле жасау кезінде Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтау;
- зейнетақы активтері есебінен қалыптасқан инвестициялардың қаржы құралдарындағы үлесін (мемлекеттік бағалы қағаздар, дефолтты қаржы құралдары, ЕДБ және басқалар шығарған (ұсынған) қаржы құралдары);
- ЖЗҚ қызметіне тұрақты түрде талдамалық шолуда болжамдық есептерді жүзеге асыру, оның ішінде мемлекеттік бағалы қағаздардың ЖЗҚ үшін қажетті ауқымы, сондай-ақ 2011 және 2012 жылдардағы зейнетақы активтерінің болжамды өсімі және провизияларды құру нәтижесінде болжанып отырған шығындар.

Бұдан басқа, 2010 жылы Агенттік ЖЗҚ қызметіне шұғыл ден қою және қадағалау мақсатында CALPAC тәуекелдік бейімделу әдістемесін енгізді. Осы әдістеме capital adequacy (капитал бара-барлығы), assets quality (активтер сапасы), liquidity (өтімділік), profit/losses (кірістілік/зияндылық), asset management (активтер мен пассивтерді басқару), corporate governance (корпоративті басқару) сияқты бағыттар бойынша жан-жақты талдау жасауды және ЖЗҚ қызметіне баға беруді көздейді, ал оны пайдалану бақылау көрсеткіштерінің серпінділігін құрайтын өзгерістерге баға беруге мүмкіндік ашады және сөйте отырып, ЖЗҚ-ның қаржылық жағдайына үзіліссіз мониторинг жүргізуге көмектеседі.

Сонымен қатар, қашықтықтан қадағалау аясында зейнетақы активтерінің кірістілігіне және ЖЗҚ/ЗАИБЖАҰ қаржылық тұрақтылығы көрсеткіштеріне, оның ішінде банктік қаржылық топтарға кіретіндеріне жағымсыз факторлардың (зейнетақы активтері бойынша кредиттік тәуекелдің өсуі, жекелеген эмитенттердің – Қазақстан Республикасы резиденттері мен резидент еместерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары құнының түсуі сияқты) ықпал етуін моделдеу, сондай-ақ ЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін ЕДБ-ға шоғырландыруға талдау жасалды.

Апта сайын ЖЗҚ-ның зейнетақы активтері есебінен жасалатын мәмілелердің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне талдау жүзеге асырылды. Бұл ретте, зейнетақы активтері есебінен мәміле мәні болып табылатын қаржы құралдарын сатып алу (сату) құнының олардың нарықтық құнынан ауытқуына ерекше назар аударылды.

Сонымен бірге, ай сайынғы негізде ЖЗҚ-ның заңнама нормалары талаптарына сәйкестігіне баға беру үшін, атап айтқанда инвестициялау лимиттеріне, алдын-ала ден қою шараларына қатысты нормаларға, зейнетақы активтері бөлігіндегі инвестициялық қызметке, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдарына баға беруге, зейнетақы активтерінің құнсыздануынан болуы мүмкін жоғалтуларға қарсы құрылған провизиялардың барабарлығына баға беруге, ЖЗҚ-ның негізгі қаржылық және реттеушілік көрсеткіштерінің өзгеру серпінділігіне, сондай-ақ Агенттікке реттеушілік есептілікті ұсыну мерзімдерін сақтау бойынша есеп (CHECK-LIST) жасалды.

Бұдан басқа, ай сайын ЖЗҚ мен ЗАИБЖАҰ-ның қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін және ертерек ден қою шараларын қолдануды талап ететін факторлар мониторингі жүзеге асырылды.

Бұған қоса, 2010 жылғы тиісті деректер базасының көмегімен ЖЗҚ-ның «Инвестициялау лимиттері» пруденциалдық нормативін сақтау жөніндегі қадағалау автоматтандырылды. Сонымен қатар, эмитенттердің қаржылық көрсеткіштері мен олар

шығарған бағалы қағаздар бойынша жаңарту KASE-нің ресми Web-сайтының интерактивті режимінде жүзеге асырылды.

2010 жылы «Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 2-2-тармағын орындау және жинақтаушы зейнетақы секторының жай-күйінің өзгеруіне уақтылы ықпал етуді қамтамасыз ету мақсатында Агенттік ЖЗҚ өкілдері туралы ережені әзірлегенін және бекіткенін атап өту қажет. Сөйтіп, қадағалау функцияларын жүзеге асыру мақсатында Агенттік өкілі корпоративті басқару, инвестициялық қызмет және менеджмент тәуекелі мәселелерін қарау үшін екі ЖЗҚ-ның тұрғылықты жеріне бару үшін тағайындалған еді.

ЖЗҚ акционерлерінің құрылым мониторингі және ЖЗҚ ірі қатысушысы мәртебесін иелену үшін ұсынған құжаттарын қарау аясында Агенттік Басқармасы ЖЗҚ ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру үшін 1 қаулы және ЖЗҚ ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге уәкілетті органның осының алдында берген келісімін тоқтату туралы 1 қаулы қабылдады.

Бағалы қағаздар нарығы

2010 жылы Агенттік бағалы қағаздар нарығын қашықтықтан қадағалау аясында пруденциалдық нормативтерді қадағалау мәні бойынша олардың қаржылық және реттеушілік есептілігін талдауды, Агенттіктің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген жарғы капиталының мөлшеріне, басқа да нормалар мен лимиттерге қойылатын талаптарды қоса алғандағы бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының қаржылық тұрақтылығы мониторингін жүзеге асырды, сондай-ақ инвестициялық портфельді және бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық жағдайына талдау жүргізді.

Бұл ретте, қолданыстағы заңнаманың талаптарына қаржылық көрсеткіштердің сәйкес келмеу факторлары анықталған жағдайда анықталған тәртіп бұзушылықтарды жою жөніндегі түзету шаралары, қаржылық жағдайдың нашарлауына және бағалы қағаздар нарығындағы қызметке байланысты тәуекелдердің өсуіне жол бермеуді көздейтін іс-шаралар жоспары талап етілді және оның орындалуына бақылау жасау жүзеге асырылды.

Тәуелсіз аудиторлардың бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының қаржы-шаруашылық қызметіне жасалған тексеру қорытындылары бойынша ұсынылған қорытындыларын талдау, және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің болуына қойылатын талаптарды орындау жөніндегі есептерінің нәтижесі бойынша олардың қызметіне тән тәуекелдердің негізгі түрлері анықталып, оларды азайту бойынша шаралар әзірленді.

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының Агенттікке ұсынатын бағалы қағаздар нарығындағы қызмет қорытындысы туралы реттеушілік есептілігі негізінде олардың қызметіне жедел мониторинг жүргізуді жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінді.

Атап айтқанда, бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымдарға қатысты қор биржасының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелердің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы талаптарына сәйкестігіне бақылау жүзеге асырылды. Оның ішінде контрагенттердің «репо» операциялары бойынша міндеттемелерді орындауын бақылау мақсатында клиенттердің тапсырмасы бойынша қор биржасының сауда жүйесінде «репо» ашу операцияларын жасау үшін брокер шотындағы активтерінің жеткіліктігіне мониторинг жүзеге асырылды.

2010 жыл ішінде Агенттік бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының меншікті активтер құрамы бойынша өтімді активтер сапасын анықтау мәніне, бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының меншік құқығына тиесілі активтерді есепке алу және бағалау рәсімдерінің сәйкестігіне, Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп туралы қолданыстағы заңнамасына, Агенттіктің және Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына талдау жасауды тұрақты түрде өткізіп отырды.

Тұрақты мүшелері Агенттік қызметкерлері болып табылатын Қор биржасы Директорлар кеңесі Комитетінің бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді манипуляциялау мақсатында жасалған деп тану мәселесі бойынша жұмыс барысында аталған комитеттің қорытындысына сәйкес мәмілелерге мониторинг жүргізу барысында анықталған күмәнді деп танылған мәмілелер Агенттік Төрағасының бұйрығымен бағалы қағаздар нарығында манипуляциялау мақсатында жасалған деп танылды. Осы фактілер бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын бұзуға жол берген сауда-саттық қатысушыларына қатысты әкімшілік жаза қолдану арқылы төлеттіру шарасы көрілді.

Сонымен қатар, Агенттік өкілдері реттеушілік және қадағалау қызмет аясында, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығын дамыту мәселелері бойынша 2010 жылы KASE Биржалық Кеңесінің мәжілісіне, KASE Листинг комиссиясына, KASE Биржалық Кеңесінің Қаржылық есептілік және эмитенттер аудиті жөніндегі Комитетке, KASE шетел валютасы нарығы бойынша Биржалық Кеңестің Комитетіне, KASE Биржалық Кеңесінің бюджет және стратегиялық жоспарлау Комитетіне, сондай-ақ «Бағалы қағаздардың Орталық депозитарийі» АҚ Директорлар кеңесінің мәжілістеріне тұрақты негізде қатысып отырды.

4.1.2 Инспекциялау

Банк секторы

2010 жылы ЕДБ-ға жасалған инспекциялық тексерулердің басым көпшілігі жоспарлы негізде (12 жоспарлы және 3 жоспардан тыс тексерулер) жүргізілді. Бұл ретте, 3 жоспардан тыс тексеру Қазақстан Республикасының заңнамасының және банктердің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарының сақталуын тексеруге (Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарымен бірлесіп жасалған) бағытталған.

Жалпы алғанда, 2010 жылғы жоспарлы тексерістер саны 2009 жылмен салыстырғанда 2-ге өсті. Жоспарлы тексерістер барысында қамтылған басты мәселелер активтер мен шартты міндеттемелердің сапасын, капитал жеткіліктігін, міндеттемелер құрылымын бағалау, банктердің ағымдағы өтімділігін бағалау, тәуекел-менеджмент жүйесін бағалау болып табылды. Сондай-ақ, инспекциялық тексерістер жүргізу барысында басты көрсеткіштер ретінде меншікті капитал құрылымына, ЕДБ-ның кредиттік қызметіне (оның ішінде кредит беру практикасы, берілген кредиттердің сапасы, күмәнді және үмітсіз кредиттер бойынша провизиялар қалыптастыру), кірістілік көрсеткіштеріне, төлем қабілеттігіне, басқарушы құрам қызметін бағалауға, тәуекел-менеджментке, баланстан тыс талаптар мен міндеттемелерге баса назар аударылды.

2010 жылғы жоспарлы тексерулер аясында жасалған ЕДБ активтерінің жалпы сомасы 2 110,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2009 жылмен салыстырғанда 3,8 есе (8 090,73 млрд. теңге) аз. Тексеру кезінде қамтылған активтер ауқымын төмендету мынаған байланысты болып отыр, яғни 2010 жылы негізінен ұсақ және орташа банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға тексеру жасалды. Ал 2009 жылы тексерумен Қазақстан Республикасының үш ірі банкі қамтылған еді.

Сонымен қатар, 2010 жылы жоспарлы тексерулер аясында жасалған, ЕДБ кредиттік портфелінің жалпы сомасы 1 075, 5 млрд. теңгені құрады (2009 жылы – 6 988,73 млрд. теңге), оның ішінде тексерумен қамтылғаны 735, 4 млрд. теңге (2009 жылы – 2 851 млрд. теңге). Орташа алғанда тексерумен кредиттік портфельдің 68,4% қамтылды (2009 жылы – 41%).

Сол сияқты, 2010 жылы жоспардан тыс тексерулер саны осының алдындағы кезеңмен салыстырғанда 56-ға кеміді. Осы факт Агенттіктің 2009 жылы құқық қорғау

органдарымен бірлесе отырып, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» қорынан бөлінген қаржыны игеру бойынша тексерулердің жүзеге асырылғандығымен, ал 2010 жылы Агенттік қызметкерлерін құқық қорғау органдары 3 жоспардан тыс тексерулерге тартқандығымен («БТА Банк» АҚ (2 рет) және «Банк Центр Кредит» АҚ) түсіндіреді.

Инспекторлық тексерулер барысында негізінен мынадай жөнсіздіктер анықталды:

- банктердің активтері сапасын және шартты міндеттемелерді шынайы бағаламауы арқасында банк қызметіндегі шығындарды жабуға жұмсалатын резервтердің (провизиялардың) жеткіліксіз мөлшерінің пайда болуына алып келді;

- пруденциалдық нормативтерді орындамау;

- банктердің шынайы емес ақпарат ұсынуы немесе банктермен ерекше қатынастағы тұлғаларға қатысты ақпаратты бермеуі;

- кредиттік досье құжаттамасын жүргізу, шартты міндеттемелер бойынша досье;

- тәуекелдерді тиімді басқару жүйелерін ұйымдастыру және жұмысын жүргізу;

- бухгалтерлік есеп жүргізу, операциялардың бухгалтерлік есепте және есептілікте дұрыс көрсетілмеуі.

Агенттік 2010 жыл ішінде тұрақты негізде ЕДБ инспекциялау сапасын көтеру, оның ішінде тексерулер алдындағы дайындық тиімділігін көтеру, инспекциялық қызметтің методологиялық базасын жетілдіре түсу, активтер сапасына бақылауды күшейту бойынша жұмыс жүргізді.

Бұдан басқа, Агенттік 2010 жылы 8 жоспарлы, сондай-ақ ЕДБ филиалдарына жоспардан тыс 47 тексеру жүргізді.

Шоғырландырылған қадағалау

2010 жылы Агенттік банк конгломераты душар болуы мүмкін әлуетті тәуекелдерді нақты түрде анықтау мақсатында Банк конгломераты құрамына енетін ұйымдар қызметіне, Банк конгломераты құрамына енетін банктер қызметіне инспекциялық тексеру жүргізу аясында, шоғырландырылған қадағалау мәселелерін қарауды көздейтін тәртіпті бекіткен еді. Атап айтқанда, банк конгломераты меншікті капиталының жеткіліктілігі есептерінің шынайылығы мен дұрыстығына, конгломерат деңгейіндегі тәуекел-менеджмент сапасына баға беруге, топ ішіндегі операциялардың күмәнділері мен тәуекелділерін анықтауға, менеджментке бас ұйым деңгейінде баға беруге, реттеушілік есеп берудің өзектілігіне маңыз беріледі.

2010 жылы Агенттік шоғырландырылған негіздегі қадағалау аясында банк конгломераты құрамына енетін 3 банкке инспекциялық тексеруді жүзеге асырды. Осы инспекциялық тексеру барысында шоғырландырылған негізде банктегі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың барабар жүйесінің болмау фактілері, сондай-ақ Банктің Директорлар Кеңесі мен Басқармасы арасындағы бағалы қағаздарға инвестициялау жөніндегі шешімдер қабылдау, реттеуші арбитражды пайдалану, Қазақстан Республикасының резиденті емес банктің еншілес ұйымы берген судобрдинирленген кредит сомасындағы капиталды қосарландырып есепке алу бөлігіндегі мүдделер бойынша жоғары тәуекелдің болуы анықталды.

Банктік емес сектор

2010 жылы Агенттік банктік емес ұйымдарға 4 жоспарлы тексеру жүргізді.

2010 жылғы жоспарлы тексерулер аясында тексерілген банктік емес ұйымдар активтерінің жалпы сомасы 69,6 млрд.теңгені, (2009 жылы 101, 9 млрд.теңге), кредиттік портфель сомасы 20,2 млрд.теңгені (2009 жылы 81, 1 млрд.теңге) құрады, бұл ретте тексеру кезінде кредиттік портфель 100 % қамтылды.

Инспекциялық тексеру барысында кредиттік қызмет (оның ішінде кредиттерді беру практикасы, берілген кредиттер сапасы), кірістілік көрсеткіштері, төлем қабілеттілігі, басқарушы құрамның қызметін бағалау, тәуекел менеджменті, баланстан тыс талаптар және міндеттемелер сияқты шешуші көрсеткіштерге ерекше көңіл бөлінді.

Сонымен қатар, 2010 жылы Агенттік банктік емес ұйымдардың филиалдарына 11 жоспардан тыс тексерулер ұйымдастырды.

Сақтандыру секторы

2010 жылы Агенттік 2009 жылғы жоспарлы тексерумен көзделген 2 кешенді тексеруді аяқтады, сондай-ақ сақтандыру брокерлері қызметінің 2 тексеруін және 1 кредиттік бюроның қызметін тексеруді қоса алғанда, 11 жоспарлы кешенді тексеру жасады. Сонымен қатар, 2010 жылы бір сақтандыру ұйымын жоспарлы кешенді тексеру басталды.

Қаржы ұйымдары қызметіндегі кемшіліктер мен заңнама бұзушылықты тексеру барысындағы анықтаулар қорытындысы бойынша Агенттік Директорлар кеңесінің бірінші басшыларымен, төрағаларымен (мүшелерімен) кездесулер жасады, сондай-ақ негізгі тәртіп бұзушылықтарды көрсете отырып және оларды жою жөнінде ұсынымдар бере келіп, қаржы ұйымдарының акционерлерінің атына хаттар жолдады.

Сонымен қатар, жоспарлы кешенді тексеру барысында мынадай жөнсіздіктер мен кемшіліктер анықталды:

- аффилиирленген тұлғалармен мәміле жасау тәртібі;
- бухгалтерлік және статистикалық есептілік, сондай-ақ олардың өзара байланыстылығын жүргізу тәртібі, нәтижесінде уәкілетті органға шынайы емес есептілік ұсынылды;

- дебиторлық берешектің есептілігі және жіктелімі, нәтижесінде пруденциалдық нормативтер есебі бұрмаланды;

- сақтандыру ұйымдарының активтерінің меншік құқығы не аффилиирленген тұлғалардың орналастырылған активтері шектеулі болса, олардың сапасы мен өтімділігін активтерге енгізу шынайы емес есептілікті ұсынуға және (немесе) пруденциалдық нормативтерді сақтамауға алып келді;

- уәкілетті органға ұсынылған есептілікте сақтандыру ұйымдарының қаржылық көрсеткіштерін бұрмалау салдарынан бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнама нормаларының бұзылуы;

- сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының статистикалық есептілікте дұрыс көрсетілмеуіне байланысты сақтандыру резервтерінің шынайы емес есебі мен сақтандыру резервтері есебінде сақтандыру ұйымының жинақталған статистиканы пайдаланбауы;

- қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың құқықтарына қысым жасау (көлік құралдары иелерінің АҚЖ міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін төмендету, сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан негізсіз бас тарту, сақтандыру төлемдерін уақтылы жүзеге асырмау, сақтандыру шарттарын сақтанушылардың жағдайын нашарлататын талаптармен жасау);

- сақтандыру резервтері есебінің тепе-теңдігіне, жалпы алғанда, қаржылық есептілік көрсеткіштеріне әсер ететін жалған мәліметтерді сақтандыру шарттарын есепке алу жөніндегі деректер базасына енгізу;

- агенттің желі жұмысын ұйымдастыру нашарлығы, нәтижесінде агенттерге негізсіз комиссиялық сыйақы есептеу;

- ішкі аудит қызметінің жұмысын ұйымдастыру деңгейінің төмендігі, ішкі аудит қызметінің жинақтылығының болмауы;

- тәуекелдерді басқару жүйесі деңгейінің төмендігі;

- сақтандыру ұйымының Директорлар кеңесінің оның қызметіне жеткілікті дәрежеде қатыспауы;

- сақтандыру резервтері мен сақтандыру тарифтері есебі кезінде әртүрлі кірістілік ставкаларын қолдану (өмірді сақтандыру компаниялары үшін).

Агенттік қызметкерлері тексеру жүргізу барысында Агенттіктің нормативтік құқықтық актілерінің жекелеген талаптарын қолдану жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізгендігін атап өту негізді.

Жалпы алғанда, тексеру қорытындылары бойынша анықталған жөнсіздіктер мен кемшіліктерді негізге алған кезде сақтандыру ұйымдарында операциялық, инвестициялық және апатты тәуекелдердің, сондай-ақ сақтандыру резервтері тәуекелдерінің, Қазақстан Республикасы заңнамасының, ішкі ережелер мен рәсімдердің талаптарын сақтамау салдарынан сақтандыру төлемдері тәуекелдерінің жоғары деңгейі анықталып отыр.

Сақтандыру брокерлерінің қызметін тексеру қорытындысы бойынша қойылған талаптарға ішкі регламенттер нормаларының сәйкес келмеу бөлігі бойынша, ішкі регламенттердің талаптары мен нормаларын, Жарғы нормаларын, тәуелсіз аудиторлық компанияның сақтандыру брокеріне қатысушылардың жалпы жиналысының шешімімен тағайындау жөніндегі талаптарды, сондай-ақ сақтандыру брокерінің қызметін реттейтін ішкі ережелерді бекіту тәртібін сақтамау бойынша тәртіп бұзушылықтар анықталды.

Кредиттік бюро қызметіне қатысты тексеру кезінде резервтік сервердің болмауы, ақпараттық қауіпсіздік қызметі, сондай-ақ кредиттік есептілікті алу сәйкестілігі туралы актілерді кредиттік есептілікті алушылардың болмауы сияқты тәртіп бұзушылықтар анықталды.

Сонымен қатар, 2010 жылы Агенттік Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен бірлесіп, қосалқы бухгалтерлік есепті және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне енгізілген Бас бухгалтерлік кітабы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарын орындау мәселесі бойынша 6 сақтандыру ұйымына қайталап тексеру жүргізді.

Зейнетақы қызметін көрсету секторы

Агенттік 2010 жыл ішінде зейнетақы жарналарын тарту мен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға, зейнетақы активтерін инвестициялық басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар ЖЗҚ-ға 3 жоспарлы тексеру жүргізді. Сонымен қатар, Агенттік Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен бірлесіп, бухгалтерлік есепті жүргізуді автоматтандырушы жүйелерге қойылатын талаптарды сақтау мәселелері бойынша ЖЗҚ-на 4 жоспардан тыс тексеру жүргізді.

Қосымша, 2010 жылғы 19 мамырдан бастап 06 тамыз аралығындағы кезеңде Агенттік қызметкерлері «Корғау ЖЗҚ» АҚ уақытша әкімшілігінің жұмысына қатысты.

ЖЗҚ тексеру жасау барысында Қазақстан Республикасының заңнамасының бұзылуы мынадай бөліктер бойынша кездесіп отыр:

- қолданыстағы заңнама талаптарын, сондай-ақ тәуекелдерге баға беруді және басқаруды реттейтін ішкі құжаттар, жинақтаушы зейнетақы қорының басқару органдары мен ішкі аудит қызметін жүзеге асыру тәртібі;

- меншікті және зейнетақы активтеріне бухгалтерлік есепті жүзеге асыру кезіндегі қолданыстағы заңнама талаптары;

- меншікті және зейнетақы активтерін инвестициялау кезіндегі қолданыстағы заңнама талаптары;

- зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасаудың мерзімі кешіккен жағдайда жеке зейнетақы шотын тіркеу тәртібі, ЖЗҚ автоматтандырылған ақпарат жүйесінің деректер базасында жеке зейнетақы шотының нөмірі мен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт нөмірі туралы дұрыс емес ақпараттың көрініс алуы, автоматтандырылған ақпарат жүйесінің деректер базасында салымшыға (алушыға) бірнеше жеке зейнетақы шоттарын ашу;

- зейнетақы төлемдерін және жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмау;

- кезекті есептілік аясында ЗТЖМО, сондай-ақ Агенттікке ақпарат ұсыну тәртібі.

Бағалы қағаздар нарығы

Агенттік 2010 жылы бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына 7 тексеру жүргізді. Атап айтқанда, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге

асыратын 1 ұйым, номиналды ұстаушы ретінде клиенттер шоттарын жүргізу құқығы бар брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын 2 ұйым, және номиналды ұстаушы ретінде клиенттер шоттарын жүргізу құқығы бар брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымды инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметпен бірлесіп атқаратын 4 ұйым инспекцияланды.

Сонымен қатар, 2010 жылы сондай-ақ номиналды ұстаушы ретінде клиенттер шоттарын жүргізу құқығы бар брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру қызметін кастодиандық қызметпен бірлесіп атқаратын 1 ЕДБ тексеру жүзеге асырылды.

Бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне жасалған тексерулердің өзекті мәселелері инвестициялық қорлардың активтерін және клиенттердің инвестициялық портфельдерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыру тәртібі, бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер, сондай-ақ бағалы қағаздарды номиналды ұстау, инвестициялық қорлар мен клиенттердің, жеке және заңды тұлғалардың активтерін есепке алу және сақтау, бағалы қағаздармен жасалатын операцияларды тіркеу, сондай-ақ тізілімдер жүйесін қалыптастыру, сақтау және жүргізу, өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтерді ашу; кезеңділік есептілігін беру және оның шынайылығы, пайдаланып жүрген бағдарламалық қамтамасыз етудің қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес келуі болып табылды.

Бағалы қағаздар нарығы субъектілерін тексеру жасау барысында Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзудың мейлінше көп саны мынадай тәртіп бұзушылықтан көрінді:

- тәуекелді басқару және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін қамтамасыз ету;
- бағалы қағаздармен мәмілені жасау, оның ішінде клиенттік тапсырыстарды ресімдеу және орындау тәртібін жасау;
- клиенттердің номиналды ұстауға берілген бағалы қағаздарын, клиенттердің жеке шоттарын ашу және жабу тәртібін, қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келмейтін клиенттік тапсырыстарды/бұйрықтарды есепке алу;
- инвестициялық қорлардың активтері есебінен жасалған мәмілелерге қатысты инвестициялық шешімдерді қабылдау және орындау;
- бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру үшін қажет бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптар туралы нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келмейтін бағдарламалық қамтамасыз етуді лицензиаттардың пайдалануы.

Сонымен қатар, Агенттік 2010 жылы бағалы қағаздар нарығы субъектілеріне жоспардан тыс 12 тексеру, оның ішінде құқық қорғау органдарының сұратуы бойынша (11 тексеру) және жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша (1 тексеру) тексеру жүргізді.

Агенттіктің 2010 жылы жүргізген жоспардан тыс тексерулерінің қарауға жататын негізгі мәселелері – меншікті қаражат және клиенттердің активтері есебінен бағалы қағаздармен мәмілелер жасау тәртібі, бағалы қағаздармен операциялар жасау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы талаптарын сақтау, эмитенттердің облигацияларды ұстаушылар алдында өз міндеттемелерін орындауы болып табылды.

4.1.3 Қадағалау арқылы ықпал ету

Банк секторы

2009 жылы Агенттік заңнама талаптарын бұзу фактілеріне сәйкес жүргізілген қашықтықтан қадағалаудың нәтижелері бойынша 27 банкке қатысты банктік заңнаманы бұзудың 68 фактісі бойынша шектеулі ден қою шараларын қолданды, оның ішінде 27 жағдай бойынша міндеттеме-хат талап етілді, 27 жағдайда жазбаша ескерту жасалды, 12 жағдайда жазбаша ұйғарым және 2 жағдайда жазбаша келісім жасалды.

Жоғарыда аталған ықпал ету шараларын қолдануға мыналар негіздеме болып табылды:

- уәкілетті органның пруденциалдық нормативтерін және өзге де талаптарын орындамау, оның ішінде банк қаражатының жартысын ішкі активтерге орналастыру коэффициентін орындамау, меншікті капиталдың, сондай-ақ резерв капиталының барынша төмен мөлшері бойынша талаптарын бұзу;

- банктің ішкі құжаттарының талаптарын бұзу;

- екінші деңгейдегі банктердегі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің болуы жөніндегі талаптар туралы Нұсқаулық талаптарының сәйкес келмеуі;

- екінші деңгейдегі банктердің және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кредиттік тіркелімді қалыптастыру үшін есептілікті беру ережесінің талаптарын бұзуы;

- банктің қаржылық тұрақтылығын көтеруге бағытталған іс-шаралар жоспарын белгіленген мерзімде ұсынбау;

- ақпаратты толық ашпау, сондай-ақ шынайы емес мәліметтерді ұсыну бөлігі бойынша бұзушылық;

- жылдық қаржылық есептілікті жариялау жөніндегі талаптарды бұзу;

- тиісті қорытынды алмай, субординирленген борышты мерзімінен бұрын өтеу;

- банкті сот орындаушы органдарының тексеру қорытындысы бойынша анықталған

Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу;

Сонымен қатар, екінші деңгейдегі 8 банкке дербес түрде есептілікті қате ұсынғаны, талап етілген ақпаратты және есептіліктегі сәйкессіздіктерді сапасыз беруі, сондай-ақ қаражат бөлігін ішкі активтерге орналастыру коэффициентінің орындалмауы және пруденциалдық нормативтердің бұзылу фактілері бойынша 10 міндеттеме хат ұсынылды.

Сонымен бірге, Агенттік 2010 жылы 6 банкке қатысты әкімшілік жаза түрінде, жиынтықты түрде мөлшері 1 527 253 теңгені құраған 7 санкция қолданды.

Бұдан басқа, 2 банкке қатысты 2 санкция қолданылды – депозиттерді қабылдау, жеке тұлғалардың шоттарын ашу және жүргізу бөлігі бойынша лицензиядан айыру түрінде 1, және депозиттерді қабылдау бөлігінде лицензияны тоқтата тұру, жеке тұлғалардың шоттарын ашу және жүргізу бөлігі бойынша 1.

Бұл ретте санкция қолдану негіздемесіне мыналар жатқызылды:

- уәкілетті органның шектеулі ден қою шаралары арқылы жүктеген міндеттерін орындамау;

- операциялар мен мәмілелерді Қазақстан Республикасының банктік заңнамасын бұза отырып жүзеге асыру;

- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жөніндегі заңнамасын бұза отырып жүргізу.

Сол сияқты, 2010 инспекторлық тексерулер нәтижесі бойынша ЕДБ–ге 17 шектеулі ден қою шаралары, олардың ішінде 2 міндеттеме хат, 9 жазбаша ескерту және 6 жазбаша ұйғарым, сондай-ақ 33 санкция түріндегі әкімшілік жаза қолданылды.

Инспекторлық тексерулер барысындағы ден қою шаралары және санкциялар мынадай заң бұзушылықтар анықталуына байланысты қолданылды:

- активтер жіктеліміне, міндеттемелер шарты тәртібіне және ол бойынша провизияларды қалыптастыру талаптарына уәкілетті органның қоятын талаптары;

- пруденциалдық нормативтер;

- банкпен айырықша қатынастағы тұлғаларға банктің шынайы емес ақпарат ұсыну/ақпарат ұсынбауы;

- банктердің кредит беру жөніндегі құжаттаманы жүргізу тәртібіне қойылатын талаптар;

- банктердегі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне қойылатын талаптар;

- бухгалтерлік есепті жүргізу, бухгалтерлік есеп пен есептіліктегі операцияларды анық көрсетпеу.

Шоғырландырылған қадағалау

Банк конгломераттарының қызметіне жүргізілген қашықтықтан қадағалаудың нәтижелері бойынша 2010 жылы банк конгломераттарына қатысты заңнама талаптарын бұзу фактілері бойынша 2 жазбаша ұйғарым, 1 жазбаша келісім және 1 қосымша жазбаша келісім жасалды.

Жоғарыда аталған ықпал ету шараларын қолдануға мыналар негіздеме болып табылды:

- уәкілетті органның банк конгломераттары үшін белгілеген меншікті капитал жеткіліктілігі, бір заемшыға есептелген тәуекелдің ең жоғарғы мөлшері нормативтерін бұзу;

- банк холдингінде тұрақсыз қаржылық жағдайдың болуы;

- Агенттік талаптарын белгіленген мерзімде орындамау;

- еншілес ұйым құруға Агенттіктің рұқсатының болмауы және ұйымның жарғы капиталында қомақты қатысуды иелену бөлігі бойынша «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-1-бабының талаптарын бұза отырып, заңды тұлғалар акцияларын иелену.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының банктік заңнамасына сәйкес уәкілетті органға ұсыну талап етілетін ақпаратты бермей, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекспен көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалуына байланысты 1 жеке тұлғаға қатысты айыппұл салу және оны төлеттіру түрінде санкция қолданылды.

Банктік емес сектор

2010 жылы жүргізілген қашықтықтан қадағалау нәтижелері бойынша Агенттік банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 5 ұйымға қатысты заңнама талаптарын бұзудың 6 фактісі бойынша шектеулі ден қою шараларын қолданды, нәтижесінде 6 жазбаша ұйғарым жасалды.

Сонымен қатар, 2 ұйымға қатысты әкімшілік жаза түрінде 5 санкция қолданылды, оның жалпы мөлшері 310 860 теңге болды.

Жоғарыда аталған ден қою шараларын қолдануға мынадай бұзушылықтар негіздеме болып табылды:

- уәкілетті органның банктік емес ұйымдар үшін белгілеген пруденциалдық нормативтерін;

- есепті қаржылық жыл үшін аудиторлық есепті беру мерзімдерін;

- есепті қаржылық жыл ішінде аудиторлық ұйым растаған жылдық қаржылық есептілікті жариялау мерзімі;

- уәкілетті органға анық емес ақпарат беру;

- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жөніндегі заңнамасын бұза отырып жүргізу;

- уәкілетті органның шектеулі ден қою шараларын қолдану арқылы ұйымға жүктеген міндеттерін орындамау.

Сонымен қатар, 2010 жылы инспекторлық тексерулер қорытындысы бойынша ұйымдарға, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға 3 жазбаша келісім, жазбаша ұйғарым және міндеттеме хат түріндегі шектеулі шаралар, сондай-ақ әкімшілік тәртіптік жаза түріндегі 13 санкция қолданылды.

Қолданыстағы заңнаманың талаптарының бұзылуына байланысты сондай-ақ 1 басшы қызметкерге әкімшілік айыппұл салу түріндегі санкция қолданылды.

Банктік емес ұйымдарға инспекция жасау барысында анықталған негізгі заң бұзушылықтар активтерді жіктеу тәртібінің талаптарын бұзу, шартты міндеттемелерді және ол бойынша провизиялар қалыптастыру, бухгалтерлік есепті жүргізуге қойылған

талаптарды, ақпарат беруді реттеу шарттарын, сондай-ақ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың тиімді жүйесінің болуына қойылатын талаптарды орындамау барысын негізге ала отырып, көрініс берді.

Сақтандыру секторы

Агенттік 2010 жылы жүргізілген қашықтықтан қадағалау нәтижелері бойынша сақтандыру ұйымдарына қатысты сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнаманың талаптарын бұзғаны үшін шектеулі ден қою шараларын қолданды, оның ішінде 37 жазбаша міндеттеме талап етілді, 44 жазбаша ұйғарым мен 1 жазбаша ескерту шығарылды, 4 жазбаша келісім жасалды (2010 жылы 3-еу, 1-еуі 2009 жылдан ұзартылған). Сонымен қатар, Есептілік бойынша 3 әкімшілік айыппұл, оның ішінде Агенттікке есептілік ұсынбағаны үшін сақтандыру ұйымының 1 ірі қатысушысына қатысты салынды.

Жоғарыда аталған ден қою шараларын қолдану негіздемесі мынадай заң бұзушылықтар болып табылды:

«Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын, жасалған сақтандыру шарттары туралы деректер базасын қалыптастыру үшін ақпарат ұсыну жөніндегі талаптарын орындамау;

- белгіленген пруденциалдық нормативтерді орындамау;
- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының зияндылығын сипаттайтын коэффициенттер есебі ережесінің талаптарын;
- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарындағы тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы жөніндегі талаптар.

Сонымен қатар, қалған заң бұзушылықтар сақтандыру ұйымдарының реттеушілік есептілікті уақтылы бермеу не мүлде бермеуі, БАҚ-на жылдық қаржылық есептілік жөнінде толық жарияламау, сақтандыру резервтері әдістемесінің, жеке ұстап қалу талаптарының бұзылуын, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабының бұзылуын және басқалар жөнінде.

Агенттік сақтандыру брокерлеріне қатысты 2010 жылы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде 2009 жылғы аудиторлық қаржылық есептілікті бермегені үшін, сондай-ақ БАҚ –да жылдық қаржылық есептілікті толық жарияламағаны үшін 8 жазбаша ұйғарым шығарды. Сонымен қатар, жазбаша ұйғарым талаптарын орындамағаны үшін 1 жазбаша ескерту шығарылды.

Бұдан басқа, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабы негізінде Агенттік Басқармасының қаулысымен «Uni Finance» Сақтандыру брокері» ЖШС-ін брокерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін лицензиядан айырды.

Агенттік 2010 жылы актуарийлерге қатысты сақтандыру резервтерін қалыптастыруға байланысты 1 жазбаша ұйғарым шығарды.

Сонымен бірге, 2010 жылы инспекторлық тексерулер қорытындысы бойынша Агенттік 9 сақтандыру ұйымы, 3 актуарий және 2 сақтандыру брокері бойынша мынадай шектеулі ден қою шараларын қабылдады:

- орындалуы міндетті 12 жазбаша ұйғарым жасалды, оның ішінде қаржылық сауықтыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұсыну мерзімдерін белгілей отырып, сақтандыру ұйымының 1 актуарийіне ұйғарым;
- 8 жазбаша міндеттеме талап етілді;
- 4 жазбаша ескерту шығарылды, оның ішінде екі сақтандыру ұйымының 2 актуарийіне ескерту.

2010 жылы сақтандыру және басқа қаржы ұйымдарын кешенді тексеру қорытындысы бойынша әкімшілік жауапкершілікке 9 сақтандыру ұйымы, 1 сақтандыру брокері және 1 кредиттік бюро тартылды.

Сактандыру және басқа қаржы ұйымдары жол берген әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша Агенттіктің әкімшілік комиссиясы әкімшілік айыппұлдарының жалпы сомасы 3 281 001 теңгені құраған 22 қаулы шығарды.

Зейнетақы қызметін көрсету секторы

Агенттік 2010 жылы ЖЗҚ-ға қашықтықтан қадағалауды жүзеге асыру нәтижелері бойынша ықпал ету шараларын қолданды, оның ішінде 41 жазбаша ұйғарым шығарып, 19 міндеттеме-хат талап етілді және 4 жазбаша келісімге қол қойды. Қашықтықтан қадағалау қорытындысы бойынша екі ЖЗҚ-ға қатысты біреуінің ЖЗҚ бірінші басшысына, сондай-ақ бір ЗАИБЖАҰ-на 706 500 теңге әкімшілік жаза қолданды.

Шектеулі ден қою шаралары мен санкциялар зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензиясы бар ЖЗҚ қатысты болды, негізінен мынадай мәселелер бойынша қолданылды:

- Корпоративті басқару және тәуекелдерді басқару жүйесі;
- инвестициялау лимиттерін, шектеулер мен пруденциалдық нормативтерді сақтау;
- инвестициялық қызметті;
- меншікті және зейнетақы активтерін есептеу;
- қаржы құралдарының құнсыздануынан пайда болған жоғалтулар резервтерін (провизияларды) қалыптастыру барабарлығы;
- ұсынылып отырған есептіліктің уақтылылығы мен шынайылығы.

Сонымен қатар, Агенттік жасалған тексерулер бойынша 10 әкімшілік жазасын үш ЖЗҚ-на жалпы сомасы 2 289 060,00 теңге болатын санкция түрінде қолданды. Сонымен қатар, ЖЗҚ-ға 3 жазбаша келісімге қол қойылды, сондай-ақ олардың қызметін тексеру барысында анықталған заң бұзушылықтарға жол бермеу туралы 1 міндеттеме хат талап етілді.

Сонымен қатар, 1 ЖЗҚ Директорлар кеңесінің атына ЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау тәртібіне жауапты басшы қызметкерлерін зейнетақы активтеріне қатысты инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде қызметтік міндетінен алып тастау мәселесін қарау туралы хат жолданды.

Бағалы қағаздар нарығы

Агенттік 2010 жылы қашықтықтан қадағалау нәтижелері бойынша бағалы қағаздар нарығының лицензиаттарына қатысты мынадай шектеулі ден қою шаралары мен санкциялар қолданды, оның ішінде 43 жазбаша ұйғарым шығарды; 39 міндеттеме-хат талап етті, 8 жазбаша келісімге және қолданыстағыларына қоса 11 қосымша келісімге қол қойды. Бұдан басқа, Агенттік бағалы қағаздар нарығының 19 кәсіби қатысушысына қатысты 4 125 960 теңге сомаға 26 әкімшілік жаза және 19 бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының лауазымды тұлғаларына жалпы сомасы 2 882 520 теңгеге 20 әкімшілік жаза қолданды.

Сонымен қатар, 2010 жылы 5 ұйымның лицензиясының қолданылуы уақытша тоқтатылды және 5 ұйым лицензиясынан айырылды.

Шектеулі ден қою шаралары және санкциялар бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына негізінен мынадай мәселелер бойынша қолданылды:

- корпоративті басқару және тәуекелдерді басқару жүйесі;
- инвестициялау лимиттерін, шектеулер мен пруденциалдық нормативтерді сақтау;
- инвестициялық қызмет;
- меншікті және клиенттік активтердің есептерінің барабарлығы;
- ұсынылған есептіліктің уақтылылығы және шынайылығы.

Сонымен қатар, жүргізілген тексерулер қорытындысы бойынша Агенттік 11 бағалы қағаздар нарығы субъектілеріне 28 әкімшілік жаза түрінде және жалпы сомасы 5 890 930 теңгемен эмитенттің лауазымды тұлғасына санкция қолданды.

Осыған қоса, Агенттік 2010 жылы бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларынан 4 міндеттеме хат талап етті, бар кемшіліктерді жою жөнінде түзету шараларын қабылдау жөнінде алда мұндай кемшіліктерге жол бермеу туралы 6 жазбаша келісім жасалды, бір ұйымның лицензиясының қолданылуы уақытша тоқтатылды, бір ұйым бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыру лицензиясынан айырылды.


Сонымен қатар, бағалы қағаздар нарығы субъектісін Басқарма Төрағасы қызметтік міндетін атқарудан аластату мәселесін қарау туралы бағалы қағаздар нарығы субъектісі акционерінің атына хат жолданды.

4.2 Қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың құқықтарын қорғау

Қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушыларды қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету қаржы нарығының тиімді және тұрақты қызмет етуінің негізгі талаптарының бірі ретінде Агенттіктің басты міндеттеріне жатады.

2010 жыл ішінде Агенттіктің қарауына жеке және заңды тұлғалардың 4592 өтініші келіп түсті, оның ішінде Қазақстан Республикасы электрондық Үкіметінің блог-платформасына Агенттік Төрайымының атына 545 келіп түскен. 2009 жылмен салыстырғанда өтініштер саны 17,35%-дан астамға өсті, бұл көбінесе қаржылық-экономикалық тұрақсыздық жағдайына байланысты болса, бір жағынан өз заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында заңнамалық деңгейде белгіленген механизмдерді белсенді пайдаланып келе жатқан халықтың қаржылық сауаттылығы деңгейінің артқандығының дәлелі (1-график).

1-график



Өтініштердің статистикасы көрсетіп отырғандай, олардың едәуір бөлігі бұрынғыша банк секторына келеді, ол банктік заем бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауда қиындықтарға тап болған ипотекалық заемшылардың көптеген өтініштерімен түсіндіріледі. Осыған байланысты 2010 жылы Агенттік қызметінің басым бөлігі заемшылардың мәселелерін шешуге бағытталған шұғыл әрі барабар шараларын қабылдауға бағытталған болатын.

Сөйтіп, банк қызметін тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесінде анықталған олқылықтарды ескере отырып, Агенттік Басқармасының № 38 және №161 қаулыларына сәйкес 2010 жылғы наурыз және қазан айларында төмендегілерді көздейтін қаржылық қызметті тұтынушыларға қатысты ЕДБ-ге бірқатар қосымша міндеттемелер енгізілген:

- ЕДБ-дің кейбір жағдайларды қоспағанда, кредит беру туралы шартқа қоса берілетін кредитті өтеу кестесін ұсыну міндеттемесі;

- ЕДБ-нің банктік заем шартына қол қойғанға дейін олардың бірін заемшы таңдау үшін түрлі әдістермен есептелген кредитті өтеу графиктерінің жобасын ұсыну міндеттемесі;

- ЕДБ-нің заем бойынша төленетін соңғы сома туралы заемшының хабардар болуы мақсатында заемның жиынтық сомасынан басқа, сондай-ақ сыйақының жиынтық сомасы және кредиттеудің бүкіл мерзіміне негізгі борыш пен сыйақының жиынтық мәнін кредитті өтеу кестесінде көрсету міндеттемесі;

- заемшының төлем қабілетін ескере отырып, заемды өтеу әдісін таңдау құқығы (аннуитетті және салыстырмалы міндетті түрде қоса).

Бұл ретте өтініштерді қарау кезінде анықталған мейлінше проблемалы мәселелер қаржылық қызметті тұтынушылар мен инвесторлардың, оның ішінде ипотекалық кредиттің көмегі арқылы тұрғын үй сатып алатын азаматтардың құқықтарын қорғау механизмдерін жетілдіруді көздейтін Ипотекалық кредиттеу мәселелері бойынша Заңда көрінісін тапты.

Сонымен қатар, қаржылық дағдарыстың салдарынан зардап шеккен ипотекалық заем алушылардың мәселелерін шешу мақсатында, Агенттік қоғамдық бірлестіктермен тікелей ынтымақтасуды жүзеге асыруда.

Сөйтіп, 2010 жылы Агенттік «Халыққа баспана қалдырайық», «Халықтың баспанасын қорғайық», «Арман» және т.б. қоғамдық бірлестіктерінің мүшелерімен бірнеше рет кездесулер өткізді, олардың нәтижелерінде банктік заңнама нормаларына түсіндірулер мен заемшының бұдан кейінгі әрекеттері бойынша ұсыныстар берілген.

Негізінен, 2010 жылғы қарашада ипотекалық кредиттеуге қатысушылардың проблемалы мәселелері бойынша Агенттік Алматы қаласының әкімшілігімен, ҚКҚ және ЕДБ бірігіп «Халыққа баспана қалдырайық!» қоғамдық бірлестігінің мүшелерімен кездесулер өткізілді.

Сонымен қатар, 2010 жылғы желтоқсанда Агенттік «Нұр-Отан» ХДП Алматы бөлімшесінде «Халыққа баспана қалдырайық» қоғамдық бірлестігі мүшелерінің бастамасы бойынша өткізілген «дөңгелек үстелге» қатысты.

Осы кездесудің қорытындысы бойынша «Халыққа баспана қалдырайық» қоғамдық бірлестігінің мүшелеріне әр проблемалы заем және ипотекалық заем құрылымын қайта қарау бойынша ЕДБ дербес бағдарламалары аясында оны өтеудің болуы мүмкін нұсқаларын жөнінде шешім қабылдау үшін ЕДБ жеке өтініш беру ұсынылды.

Одан басқа, Агенттік заемшыларға жәрдемдесу мақсатында ҚКҚ негізінде өзара тиімді шешім қабылдау және қалыптасқан жағдайдан жеке тәртіпте шығу жолдарын белгілеу үшін ЕДБ өкілдері мен заемшылардың кездесулерін ұйымдастырды. Осылайша, 2010 жыл ішінде 11 заемшы мен 6 ЕДБ және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың өкілдері қатысуымен 2 кездесу өткізді.

Сонымен қатар, Агенттік 2010 жылы қадағалау мақсатында ЕДБ және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың операцияларын жүргізуге жалпы талаптарды белгілейтін ережелердің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне талдау жасады. Жекелеген ЕДБ мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банктік заңнама нормаларын қадағаламаудың анықталған фактілері бойынша Агенттік оларды жою және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ипотекалық кредит беру және қаржылық қызметтерді тұтынушылар мен инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелері

бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жаңа нормаларға сәйкес келтіру бойынша жұмыстарды жүргізеді.

Қосымша, 2010 жыл ішінде Агенттік қаржылық қызметті тұтынушылардың қаржы ұйымдарына берген өтініштерін қарау барысында қабылдаған шараларға байланысты қаржылық қызметті тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында қаржы ұйымдарының Агенттікке қарсы жазған шағым-талаптары бойынша азаматтық істермен байланысты 15 сот процесіне қатысты.

Банк секторы

2010 жылы ЕДБ және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызмет мәселелері бойынша Агенттікке 2644 өтініш (келіп түскен өтініштердің жалпы санының 57,58%-ы) келіп түсті. 2009 жылмен салыстырғанда, Агенттікке осы сектор бойынша келіп түскен өтініштердің саны 27%-ға артты.

Бұл ретте тұрғындар үшін төмендегілер ең маңызды мәселелер болып қалуда:

- ЕДБ алдында, оның ішінде мемлекеттік бюджет есебінен борышты кешіруге жәрдемдесу;

- заем құрылымын қайта қарау, оның ішінде кредиттеу мерзімін ұзарту, заемды өтеуді кейінге қалдыру, сыйақы ставкасының мөлшерін азайту, өсімпұлды алып тастау арқылы;

- ЕДБ-нің кепіл мүлкін (ипотека) сатуға, кепіл мүлкін сот және соттан тыс тәртіпте заңсыз сатуға жол бермеу;

- заем мен банк салымы шарттары бойынша есептелген сыйақы мөлшерлерін ЕДБ-нің дұрыс есептеуі;

- кредиттер және банк қызметтеріне ақы төлеу комиссиясы бойынша сыйақы ставкаларын көтеру, сондай-ақ ЕДБ оларды бір жақты тәртіпте арттыруы.

ЕДБ және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызмет мәселелері жөнінде жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен барлық өтініштерге қатысты, Агенттік қажетті шаралар, оның ішінде банк заңнамасының анықталған бұзушылықтары үшін 2010 жылы мыналар бойынша 27 шектеулі ықпал ету шаралары мен санкциялар:

- 11 жазбаша ұйғарым шығару;

- 9 жазбаша ескерту жіберу;

- 5 міндеттеме-хат;

- 2 әкімшілік айыппұл өндіріп алуды қолданды.

Сонымен қатар, 2010 жылы Агенттік Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігімен біріге отырып «Еуразиялық банк» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақтаушы банкі» АҚ мен «Банк Cassa Nova» АҚ-ның жеке тұлғаларға заем беру туралы мәселелерді қарау кезінде банк заңнамаларын қадағалауына жоспардан тыс тексеру жүргізді. Қосымша «БТА Банк» АҚ есептелген өсімпұл сомасының жеке тұлғамен жасалған банктік заем шартына сәйкес есептеуіне жоспардан тыс тексеру жүргізді.

Тексерулерді жүргізудің нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар анықталған жоқ.

Сақтандыру секторы

2010 жыл ішінде Агенттік жеке және заңды тұлғалардың сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызмет мәселелері бойынша 665 өтінішті қарады (бұл келіп түскен өтініштердің жалпы санының 14,48%-ы). Агенттікке келіп түскен өтініштердің саны 2009 жылмен салыстырғанда осы сектор бойынша 26%-ға өсті.

Өтініштердің (шағымдардың) көпшілік бөлігі сақтандырудың міндетті сыныптарына: автокөлік иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыруға (сақтандыру төлемдерін уақтылы жүзеге асырмау, пайда алушылардың пайдасына шешілген сот

шешімдерін сақтандыру ұйымдарының орындамауы, зардап шегушілердің көлік құралына келтірілген шығынның құнына жасаған сақтандырушылардың бағасымен келіспеуі), сондай-ақ қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруіне байланысты мәселелерге қатысты болды.

Жеке және заңды тұлғалардың сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызмет мәселелері бойынша келіп түскен барлық өтініштерге қатысты Агенттік қажетті шаралар қабылдады, оның ішінде 2010 жылы 30 ықпал ету шаралары мен санкцияларды қолданды, оның:

- 7 жазбаша ұйғарым;
- 19 жазбаша міндеттеме;
- 4 әкімшілік өндіріп алу.

Бұл ретте 2010 жылы сақтандыру ұйымдарымен жіберілген Заң бұзушылықтардың бір бөлігі 2010 жылғы 20 ақпанда қолданысқа енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті және өзара сақтандыру, салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын дұрыс қолданбаумен байланысты.

Зейнетақы қызметін көрсету секторы

2010 жылы зейнетақы нарығы мәселелері бойынша Агенттікке келіп түскен өтініштердің жалпы саны 444-ті құрады (бұл келіп түскен өтініштердің жалпы санының 9,67 %-ы). Осы сектор бойынша Агенттікке келіп түскен өтініштер саны 2009 жылмен салыстырғанда 29%-ға өсті.

ЖЗҚ іс-әрекеттеріне қатысты келіп түскен шағымдар мен өтініштердің негізгі үлесі:

- жинақталған зейнетақы қаражатын аударудан негіздемесіз бас тартуға;
- салымшылардың жинақталған зейнетақы қаражатын дер кезінде аудармауға;
- салымшылар зейнетақымен қамту туралы шарт жасамаған қорларға міндетті зейнетақы жарналарын аударуға;
- жинақталған зейнетақы қаражатының азаюына қатысты болды.

2009 жылы

Зейнетақы нарығы мәселелері бойынша Агенттікке келіп түскен барлық өтініштерге қатысты, оның ішінде 2010 жылы бойы зейнетақы заңнамасы нормаларының бұзылғаны үшін келіп түскен шағымдарды қарау нәтижесі бойынша Агенттік ЖЗҚ-ға

- 3 жазбаша ұйғарым;
- 3 міндеттеме-хат түрінде 6 шектеулі ықпал ету шараларын шығарды.

Бағалы қағаздар нарығы

2010 жылы Агенттікке бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметіне қатысты мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштердің (шағымдардың) саны 367-ды (өтініштердің (шағымдардың) жалпы санының 7,99%-ын) құрады. Бұл ретте 2009 жылмен салыстырғанда қаржы нарығының осы секторы бойынша өтініштердің саны 32%-ға артқан.

Өтініш берушілер берген өтініштердің негізгі үлесі акционерлер құқығының акционерлердің жалпы жиналысын шақыру бөлігінде бұзылуы, дивидендтердің төленбеуі және мөлшерінің азаюы, бағалы қағаздармен мәмілелерді жүзеге асыру бойынша бұйрықтардың (клиент тапсырыстарының) орындалмауы мәселелеріне қатысты болды.

Бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметіне қатысты мәселелер бойынша барлық өтініштерге қатысты Агенттік мынадай:

- 1 жазбаша ұйғарым,
- 1 міндеттеме-хат түріндегі шектеулі ықпал ету шараларын шығаруды қоса, қажетті шаралар қабылдады.

Басқа мәселелер

2010 жылы Қазақстан Республикасының заңнамаларының нормаларын, қаржы нарығы немесе қаржылық қызметтің субъектілері туралы ақпаратты және Агенттіктің құзыретіне жатпайтын мәселелерді түсіндіруді өтінетін жеке және заңды тұлғалардан (оның ішінде қаржылық ұйымдар) келіп түскен сұратулардың саны 2009 жылмен салыстырғанда 30%-ға азайып, 472 (бұл келіп түскен өтініштердің жалпы санының 10,28 %-ы) құрады.

4.3. Агенттіктің халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі қызметі және БАҚ-пен өзара іс-әрекеті

Агенттік 2010 жылы тиісті ақпаратты БАҚ-на, оның ішінде Агенттіктің веб-сайтында, газеттер, журналдарда, телеэфирде орналастыру, тұрғындар үшін арнайы онлайн конференцияларын жүргізу, конференцияларға және басқа жұмысшы кездесулерге қатысу, қаржылық қызметті тұтынушыларды қабылдау, БАҚ журналистері үшін арнайы үйрететін семинарларды жүргізу арқылы Қазақстан Республикасы халқының қаржылық сауаттылығы деңгейін арттыру жөніндегі жұмыстарды жалғастырды.

Сөйтіп, 2010 жыл ішінде Агенттік баспа бетіндегі БАҚ-та 48 материал, мақалалар, сұхбат, аналитикалық материалдар, жадынамалар, түсіндірулер мен комментарийлер жарияланып, еліміздің жетекші телеарналарында көрсету үшін 137 бағдарлама, бейнесюжеттер, комментарийлер мен сұхбаттар дайындалды. Ақпараттарды және сауалдарға жауап беру жөніндегі жұмыстар әлемдік, республикалық және өңірлік маңыздағы 60-тан астам БАҚ-пен жүргізілгендігін атап айтқан жөн. Бұл ретте 2010 жылы Агенттіктің басшылығы баспа бетіндегі БАҚ-та 27 сұхбат пен мақала әзірледі және жариялады, шамамен 20 бейнесюжет, 11 сұхбат, 35 комментарий мен түсіндірме эфирге шығарылды, оның ішінде 27 сұхбат Агенттіктің Төрайымымен берілді.

Оның ішінде, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру және еліміздің қаржы нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша Агенттік қабылдаған шаралар туралы Қазақстан азаматтарына түсіндіру және ақпарат беру мақсатында 2010 жылы мынадай БАҚ-тың сұрақтарына жауап жіберілді: «Литер» газеті, «Курсив» газеті, «Егемен Қазақстан» газеті, «Казахстанская правда» газеті, «Рынок страхования», журналы, «Деловой Казахстан» газеті, «Бизнес и Власть» газеті, «Время», газеті, «Панорама» газеті, «Деловая неделя» газеті, «РБК – Центральная Азия» журналы, «Эксперт Казахстан» журналы, «Караван» газеті, «Бизнес проводник» іскер апталығы, «RFCA NEWS» іскерлік басылым, «Фокус», «Республика» газеттері, «ДРАККАР» баспасы, «Бико» баспа үйі, «Деловар» Журналы, «Эксперт Казахстан» журналы, «New Europe» Бизнес журналы, «Алаш Айнасы» газеті, «Наши деньги» журналы.

Агенттік 2010 жылы Қазақстан Республикасы халқының инвестициялық мәдениетін және қаржылық сауаттылығын арттырудың 2007-2011 жылдарға арналған Бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында әзірленген Қазақстан Республикасы халқының қаржылық сауаттылығын арттыру Жоспарын орындау, оның ішінде Агенттіктің АӨҚО ҚРА-мен ынтымақтасуы жөніндегі жұмыстарды жалғастырғанын атап айту қажет. Сөйтіп, аталған Бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында Агенттік тиісті ақпаратты БАҚ-та, телеэфирде орналастырды, сондай-ақ арнайы семинарлар, мастер-кластар, конференциялар, жұмыс кездесулері жүргізілді. Бұл ретте барлық мақалалар, материалдар, сұхбаттар, сюжеттер мен аналитикалық есептеулердегі қарастырылатын тақырыптарға негізгі лейтмотив қаржылық қызметті тұтынушылардың құқықтарын қорғау болып табылған.

Қосымша, 2010 жылы Агенттікпен тұрақты негізде Президент Жолдауын іске асырудың барысы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорының қаражатын пайдалану бойынша жұмыс тобының қызметін көрсету және ЕДБ халықтың сенімін арттыру бойынша белсенді жұмыс жүргізілді. Осылайша, 2010 жылы орталық мемлекеттік

органдардың бірінші басшыларының БАҚ-та сөз сөйлеуінің кестесін орындау және 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық жаңа экономикалық өрлеу Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауының негізгі басымдылықтарын түсіндіру және іске асыру мақсатында «Фокус» және «Алаш айнасы» газеттерінде тиісінше «Большая прозрачность финансового сектора позволит лучше защитить население от кризиса» мен «Қаржылық қызметтер нарығындағы тұтынушыларды құқықтарын қорғау» мақалалары жарық көрді.

Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру және қаржылық нарық жағдайы туралы өзекті ақпарат ұсыну мақсатында ай сайынғы негізде Агенттіктің веб-сайтында қаржы ұйымдары қызметінің негізгі көрсеткіштері, қаржы ұйымдарының Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзуына жол бергендігі сипаттамасының жалпы санына, әр қаржылық ұйым бойынша сандық және пайыздық тұрғыдағы шағымдар мен өтініштердің негізділігі туралы ақпарат, сондай-ақ оларға қолданылған және Агенттіктің қарауына қабылданған шектеулі ықпал ету шаралары мен санкциялар туралы мәліметтер орналастырылды. Бұл орайда барлық ақпарат қаржы нарығы мен қаржы ұйымдары секторы бөлігі шеңберінде көрсетілді.

Бұдан басқа, Агенттіктің басшылығы белгіленген кесте бойынша тұрақты негізде азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдері – қаржылық қызметті тұтынушыларды қабылдау жүзеге асырылады.

Агенттіктің веб-сайтын жетілдіру мақсатында қаржылық қызметті тұтынушылардың проблемалы мәселелерін ескере отырып «Қаржы қызметінің тұтынушыларына арналған ақпарат» бөлімі 2010 жылы мыналарды:

- 1) сараланған және аннуитетті әдістермен ай сайынғы төлемдердің кестесін;
- заемшының әлеуетті бюджетін есептеуге арналған калькуляторларды;
- 2) осы калькулятордың алаңдарын толтырудың тәртібі туралы қысқаша ақпаратпен заем бойынша жылдық тиімді сыйақы ставкасын есептеу калькуляторының жаңартылған түрін;
- 3) «Салымшыға жинақтаушы зейнетақы қорын қалай таңдау қажет» жадынамасын;
- 4) Агенттіктің құзыретіне кіретін/кірмейтін мәселелерді түсіндірмені;
- 5) Агенттікке берілетін типтік өтініштің ұсынылатын үлгісін орналастырумен едәуір толықтырылды.

Сондай-ақ Агенттікке қаржылық ұйымдардың қызметіне қатысты Агенттіктің веб-сайтының «Кері байланыс» бөліміне келіп түскен азаматтардың сұрақтарына жауаптар берілген.

Одан басқа, 2010 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының электронды үкіметінің порталында Агенттік Төрайымының блог – платформасы құралдары арқылы 500-ден астам жеке және заңды тұлға өзінің сұрақтарына жауап алды.

4.4. Қаржы ұйымдарын лицензиялау

Банк секторы

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша республикамызда 39 ЕДБ (01.01.2010 жылы – 38) және Қазақстан Республикасының «Қазақстанның Даму Банкі туралы» 2001 жылғы 25 сәуірдегі Заңына сәйкес қызмет атқаратын «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ тіркелді.

2009 жылмен салыстырғанда ЕДБ санындағы өзгеріс Агенттіктің ислам банкіне банктік операциялар жүргізуге «Al-Hilal» Ислам Банкі» АҚ-на, «Кредит Алтын Банк» АҚ-на лицензиялар берілуімен, сондай-ақ «Мастербанк» АҚ-ның ерікті түрде қайтаруына орай лицензия қолданысы тоқтатылуымен байланысты болған.

Одан басқа, 2010 жылы «Темірбанк» АҚ лицензиятының өзгеруіне байланысты, «БТА Банк» АҚ - «Темірбанк» АҚ ЕҰ банктік және өзге де операцияларды және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүргізуге лицензиясы қайта рәсімделді.

01.01.2011 ЕДБ филиалдарының жалпы саны 2009 жылмен салыстырғанда 9-ға (01.01.2010 жылы – 374) азайып, 365 құрады.

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының 13 резидент-банкiнiң (01.01.2010ж. – 13) 26 өкiлдiгi (01.01.2010ж. – 26) бар, олардың iшiнде 17-сi (01.01.2009ж. – 17) – Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде, оның iшiнде 6-ы – Ресей Федерациясында, 4-і – Ұлыбританияда, 2-і – Қытай Халық Республикасында, 1- Біріккен Араб әмірліктерінде, 2- Украинада, 1-Қырғыз Республикасында, 1-Өзбекстанда орналасқан.

Қазақстан Республикасында 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының резидент емес банктерiнiң 29 өкiлдiгi жұмыс iстейдi (01.01.2010 ж – 32). 2010 жылы Қазақстан Республикасының резидент емес банктің өкiлдiгi - Қазақстан Республикасында Креди Агриколь КИБ өкiлдiгi ашылды.

Банктік емес сектор

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша 15 ұйым уәкiлеттi органның лицензиясы негiзiнде банк операцияларының жекелеген түрлерiн жүзеге асырды, оның iшiнде 4-і агроөнеркәсiптiк кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншiлес ұйымы, 6-ы ипотекалық ұйым, 2-і брокер және дилер, 2-і БҚН инфрақұрылымы саласында, 1-і «Самұрық -Қазына» Ұлттық Әл-ауқат қоры» АҚ-ы жалғыз акционер (қатысушы) болып табылатын ұйым (01.01.10 жылы банк операцияларының жекелеген түрлерiн 16 ұйым жүзеге асырды).

Банктік емес сектордағы 2010 жылғы сандық өзгерістер «Қазақстандық Ипотекалық Компания» Ипотекалық Ұйымы» АҚ-на лицензия берумен, сонымен қатар мынадай ұйымдардың:

1) «ҚазИпотека» Ипотекалық ұйымы» АҚ-на ұлттық валютада банк операцияларын жүргізуге берілген;

2) «БТА Банк «БТА Ипотека» АҚ Еншiлес ипотекалық ұйым» АҚ ұлттық және шетел валютасындағы банк операцияларын жүзеге асыруға лицензияны ерiктi түрде қайтаруына байланысты олардың қолданылуының тоқтатылуына байланысты болған.

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша 1 ұйымның кредиттi бюро қызметтi жүзеге асыру құқығын лицензиясы бар (01.01.2010 жылы – 2).

Ақмола облысының Мамандандырылған аудан аралық экономикалық сотының 03.02.2010ж. шешiмiмен. «Ренессанс. О» ЖШС кредиттiк бюро қызметiн жүзеге асыруға лицензиясынан айрылған.

Сақтандыру секторы

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша 40 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (01.01.2010ж. – 41), оның iшiнде 33-і «жалпы сақтандыру» саласында және 7-і «өмірді сақтандыру» саласында, 13 сақтандыру брокерінің (01.01.2010 ж. – 13) сақтандыру қызметiн жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар.

Қолданылу мерзiмi аяқталуына байланысты өмірді сақтандыру бойынша сақтандыру ұйымын құруға рұқсатнама қайтарып алынған.

2010 жылы Агенттiк сақтандырудың қосымша сыныптарын қоса отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметiн жүзеге асыру үшін 11 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына лицензия бердi, олар:

- 1) «Trust Insurance» СК» АҚ;
- 2) «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ;
- 3) «GENERALI LIFE» «Assicurazioni Generali S.p.A.» ӨСК» АҚ;
- 4) «АСКО» СК» АҚ;
- 5) «Мемлекеттiк аннуитеттiк компания» ӨСК» АҚ;
- 6) Казкоммерц-Life» ӨСК» АҚ («Казкоммерцбанк» АҚ ЕҰ);

- 7) «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық - Life» Еншілес Компаниясы» АҚ;
- 8) «БТА Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «БТА Өмір» Еншілес Компаниясы» АҚ;
- 9) «АСКО» СК» АҚ;
- 10) «Евразия» СК» АҚ;
- 11) «Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ.

Одан басқа, 2010 жылы Агенттік сақтандырудың қосымша сыныптарын қоспай, сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру үшін 5 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына лицензия берді, олар:

- 1) «ЭкоПолис» СК» АҚ;
- 2) «Альянс Полис» СК» АҚ;
- 3) «Астана Финанс» СК» АҚ;
- 4) «Trust Insurance» СК» АҚ;
- 5) «АСКО» СК» АҚ.

Сонымен қатар, 2010 жылы ерікті түрде тарату жүргізуге рұқсаттама алуына байланысты «Темір Ат» СҰ» АҚ лицензиясының қолданылуы тоқтатылды.

Лицензия берілетін қызмет түрінің атауы өзгеруіне орай, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті және өзара сақтандыру, салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Агенттік 2010 жылы «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін 28 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына лицензия қайта рәсімделді.

Сонымен қатар лицензия берілетін қызмет түрін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алып тастауға байланысты «өмірді сақтандыру» саласы бойынша 3 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына («Мемлекеттік аннуитеттік компания» ӨСК» АҚ, «Астана Финанс» ӨСК» АҚ, «Alliance-Өмірді сақтандыру» СК» АҚ) сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін лицензия қайта рәсімделді.

Қосымша, атауы өзгеруіне орай, «жалпы сақтандыру» саласы бойынша 3 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына («Цеснабанк» АҚ) «Цесна-Гарант» СК» ЕҰ» АҚ, «КазЭкспортГарант» «Экспортты-кредитті сақтандыру корпорациясы» АҚ, «Чартис Қазақстан Сақтандыру компаниясы» АҚ) сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін лицензия қайта рәсімделді.

Сақтандыру ұйымының өңірлік желісі 282 филиал түрінде берілген (01.01.2010 жылы – 232).

Оған қоса, 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында шетелдік сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы 3 өкілдігі жұмыс істейді («Ингосстрах», «Қазақстан-Росно» ОСАО, «Российское страховое народное общество «Росно» ААҚ және Қазақстан Республикасындағы «Газ өнеркәсібінің сақтандыру ұйымы» ААҚ).

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының резиденттері 5 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының («ЦАСО» СҰ АҚ; «ККЗиМС ИНТЕРТИЧ» АҚ, «Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» АҚ, «БТА Банк» «БТА Сақтандыру» Еншілес компаниясы» АҚ, «ТрансОйл» СК» АҚ) шетелде 9 өкілдігі бар.

Бұдан басқа, 2010 жылы қайта құрылған «RISK MANAGEMENT CONSULTING GROUP» сақтандыру брокері» ЖШС сақтандыру брокеріне сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін лицензия берілді. «Uni Finance» сақтандыру брокері» ЖШС сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін лицензиясынан айрылды. «EOS RISQ Kazakhstan» сақтандыру брокері ЖШС (ЕОС РИСК КАЗАХСТАН)» лицензиаттың атауының «GrECo JLT Kazakhstan» сақтандыру брокері» ЖШС (ГрЕКо ДжейЭлТи

КАЗАХСТАН) өзгеруіне байланысты сақтандыру брокеріне сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін лицензия қайта рәсімделді.

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша 70 актуарийде (01.01.2010 жылы – 63) актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия бар. Сонымен қатар, 2010 жыл ішінде актуарлық қызметті жүзеге асыруға 7 лицензия берілді.

Агенттік Төрайымының бұйрығына сәйкес 2010 жылы көлік құралдарын пайдалану нәтижесінде зиян шеккен мүлікке (зияткерлік меншік объектілері, материалды емес активтердің құнын қоспағанда) келтірілген зиян мөлшеріне бағалау жүргізу құқығына аккредиттеу туралы куәлік 7 жеке тұлғаға және 12 заңды тұлғаға берілді.

Атауы өзгеруіне байланысты көлік құралдарын пайдалану нәтижесінде зиян шеккен мүлікке келтірілген зиян мөлшеріне бағалау жүргізу құқығына аккредиттеу туралы 1 куәлік қайта рәсімделді («КИТ бағалау» ЖШС).

Зейнетақы қызметін көрсету секторы

ЖЗҚ саны 01.01.2010 жылмен салыстырғанда 1 ЖЗҚ-ға азайып, 01.01.2011 жылы жағдай бойынша – 13 болды, ол «Қорғау» ЖЗҚ» АҚ лицензиясынан айрылуына байланысты болды.

15 заңды тұлғаның зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы бар, оның ішінде 12 ЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензиясы болды.

2010 жылы Агенттік бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға екі ЖЗҚ-ға:

1) «ГРАНТУМ» ЖЗҚ» АҚ (Казкоммерцбанк» АҚ ЕҰ)» номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті әрі зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызметтерді жүзеге асыруға;

2) «Ұлар Үміт» ЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызметтерді жүзеге асыруға лицензиялар берді.

Содан басқа, 2010 жылы «Қазақмыс» ЖЗҚ» АҚ корпоративтіден ашық жинақтаушы зейнетақы қоры түріне өзгеруі ерікті түрде қайта ұйымдастыру түрінде жүргізілуіне рұқсат берілді.

Сонымен қатар, лицензиаттың атауы өзгеруіне байланысты зейнетақы жарналарын тартуға және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға қатысты қызметті және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға 1 лицензия қайта рәсімделді («Отан» ОЖЗҚ» АҚ).

ЖЗҚ-ның өңірлік желісі 76 филиал (01.01.2010ж. – 77) және 49 өкілдік арқылы (01.01.2010ж. – 49) көрініс берді.

Бағалы қағаздар нарығы

Бағалы қағаздар нарығының институционалды инфрақұрылымы 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша мынадай ұйымдардан: 76 брокер-дилер, 10 тіркеуші, 10 кастодиан, 15 ЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару, 39 инвестициялық портфельді басқарушы, 3 трансфер - агент, 1 сауда-саттықты ұйымдастырушы (01.01.2010 жылы 83 брокер – дилер, 12 тіркеуші, 11 кастодиан, 14 ЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару, 49 инвестициялық портфельді басқарушы, 3 трансфер - агент, 1 сауда-саттықты ұйымдастырушы).

Бұл ретте 2010 жылғы ерікті түрде қайтарылған лицензиялардың саны бұрынғыша берілген лицензиялардың санынан артады. Сөйтіп, 4 брокер-дилер, 1 тіркеуші, 7 инвестициялық портфельді басқарушының лицензиясының қолданысы ерікті түрде тоқтатылған, сондай-ақ номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті және

инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметтерді жүзеге асыруға қайта құрылған «FIVE BROKERS' CAPITAL» АҚ компаниясына 1 лицензия берілген.

2010 жылы Агенттік 4 брокер-дилер, 4 басқарушы инвестициялық портфель, 1 инвестициялық басқарушы зейнетақы активтерімен.

Сонымен қатар, 01.01.2010 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы жүйесінің тұрақтылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 23 қазандағы Заңы қолданысқа енгізілуіне байланысты, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ның бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілім жүйесі енгізу бойынша қызметтерді жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданысы тоқтатылды.

Сонымен бірге, 2010 жылы ерікті түрде қайтаруына байланысты бағалы қағаздар нарығындағы кастодиальді қызметті жүргізуге «БТА Банк» АҚ- «Темірбанк» АҚ ЕҰ лицензиясының қолданысы тоқтатылды, ерікті түрде алты ай мерзімге инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметпен шұғылдануға «NTC - New Trust Company» АҚ-ның лицензиясының қолданысы тоқтатылды, сондай-ақ лицензияның атауы өзгеруіне орай, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүргізуге 1 лицензия ресімделді («Greenwich Capital Management» АҚ (Гринвич Капитал Менеджмент)).

4.5 Тарату процесі

Банк секторы

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша 2 банк мәжбүрлеп тарату процесінде болды («Валют-Транзит Банк» АҚ, «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ).

1-кесте

	Таратылатын банктің атауы	Лицензиядан айырған күні	Соттың тарату туралы шешім қабылдаған күні	Уәкілетті органның аралық балансты және кредиторлар талабының тізілімін бекіту күні
.	«Валют-Транзит Банк» АҚ	26.12.2006 ж.	13.02.2007 ж.	20.09.2007 ж.
.	«Наурыз Банк Қазақстан» АҚ	02.06.2005 ж.	16.11.2005 ж.	19.07.2006 ж.

Сонымен қатар 2010 жылы Агенттіктің банктерді тарату процесіне бақылау жасау жөніндегі өкілеттіктерін жүзеге асыруының нәтижесінде «Қазпочтабанк» ААҚ «Бизнесбанк» ААҚ⁵ тарату процесі толығымен аяқталды.

Агенттік банктерді тарату өндірісін аяқтаудан өзге, тарату комиссияларының қалған таратылатын банктердің кредиторларымен есеп айырысуды жүзеге асыруына бақылау жасау жөніндегі өкілеттіктерін жүзеге асырды.

2-

кесте

	Таратылатын банктің атауы	Кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру кезектілігі	Кредиторлардың талаптары тізілімінде бекітілген жалпы сомадан кредиторлардың талабын қанағаттандыру пайызы
.	«Валют-Транзит Банк» АҚ	3	31, 59 %
.	«Наурыз Банк Қазақстан» АҚ	3	88 %

⁵ Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Алматы қ. Әділет департаментінің 18.01.2010 ж. №733 және 08.04.2010ж №6415 бұйрықтарымен «Казпочтабанк» АТАҚ және «Бизнесбанк» ААҚ мәжбүрлеп тарату тіркелді, соның негізінде ол заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелімінен алынып тасталды.

2010 жыл ішінде Агенттікпен банктің тарату комиссияларына олардың таратуды рәсімін жүргізуге байланысты мәселелерін реттеуге жәрдемдесу, сондай-ақ құқық қорғау, сот, салық және басқа органдармен өзара әрекеттесуде заңдық және консультативтік көмек көрсету бойынша шаралар қабылданды.

Осылайша, Агенттік тарату шығындарын оңтайландыру және «Валют-Транзит Банк» АҚ-ның тарату комиссиясындағы қызметкерлердің штатты санын қысқарту мәселелері жөніндегі «Валют-Транзит Банк» АҚ тарату комиссиясына көмек көрсетті.

Одан басқа, Агенттік банктің негізгі қаражатының сипаттамасы, тарату комиссиясындағы жұмыс процесін ұйымдастыру, таратылатын банктің дебиторларынан берешекті өндіріп алу бойынша шағым-талап жұмыстары жағдайы, атқару өндірісінің нәтижелері, сондай-ақ тарату комиссиясының оны жеделдету бойынша қабылданған шаралары, банктің тарату комиссиясында меншікті және кепіл мүліктің болуы және т.б. түріндегі мәселелер бойынша Қарағанды, Тараз, Шымкент, Жезқазған қалаларындағы «Валют-Транзит Банк» АҚ тарату комиссияларын тексеру жүзеге асырылған.

Сақтандыру секторы

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша мәжбүрлеп тарату процесінде 3 сақтандыру ұйымы («Алтын Полис» СК» АҚ, «Premier Страхование» АҚ, «НАСКО-Казахстан» ҰСК»), ерікті түрде таратуда 1 сақтандыру ұйымы («Темір Ат» СК АҚ) болды.

2010 жылы Агенттікпен «Premier Страхование» АҚ, «НАСКО-Казахстан» ҰСК» АҚ 2 сақтандыру ұйымының аралық тарату балансы және кредиторлар талаптарының тізілімі бекітілді.

Бұл ретте 01.01.2010 жылғы жағдай бойынша «НАСКО-Казахстан» ҰСК» АҚ кредиторлар талаптарының тізілімінің барлық кезектерінің кредиторларымен толық көлемде есептесу жүргізілді және «НАСКО-Казахстан» ҰСК» АҚ тарату туралы есебі мен тарату балансы бекітілді⁶.

2010 жыл ішінде Агенттікпен сақтандыру ұйымдарының тарату комиссияларына таратуды рәсімін жүргізуге байланысты мәселелерін реттеуге жәрдемдесу, сондай-ақ құқық қорғау, сот, салық және басқа органдармен өзара әрекеттесуде заңдық және консультативтік көмек көрсету бойынша шаралар қабылданды. Дегенмен, Агенттікпен «Premier Страхование» АҚ, «НАСКО-Казахстан» ҰСК» АҚ, «Темір Ат» СК АҚ-ның аралық тарату балансы және кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыру кезінде олардың тарату комиссиялары кеңес түріндегі көмек көрсетілді.

Сөйтіп, 2010 жылы Агенттік «Темір Ат» СК АҚ-ның тарату комиссиясына тарату шығындарының нақтылығы, негізділігі, мақсатқа лайықтылығы, шынайылығы мәселелері бойынша; «Темір Ат» СК АҚ-ның аралық тарату балансы және кредиторлар талаптарының тізілімінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігіне; тарату комиссиясының «Темір Ат» СК АҚ-ның акционерлерімен есептесуге дайындығына тексеру жүргізді.

Зейнетақы қызметін көрсету секторы

01.01.2010 жылғы жағдай бойынша таратуды аяқтау кезеңінде тұрған 2 ЖЗҚ - «Валют-Транзит Фонд» ЖЗҚ АҚ және «Қорғау» ЖЗҚ» АҚ мәжбүрлеп тарату процесінде тұрды.

Бұл ретте 01.01.2011 жылғы жағдай бойынша «Валют-Транзит Фонд» ЖЗҚ АҚ мәжбүрлеп тарату процесі аяқталу сатысында болды. Оның ішінде «ЖЗ «Валют-Транзит Фонд» АҚ тарату комиссиясы кредиторлар талаптарының тізілімінің барлық кезектерінің кредиторларымен толық көлемде есептесу жүргізді және жинақтаушы зейнетақы қорының акционерлерімен есептесуді жүзеге асыруда, сондай-ақ Агенттіктің ескертулерін есепке

ала отырып, «ЖЗ «Валют-Транзит Фонд» АҚ тарату туралы есебі мен тарату балансының жобасын пысықтау бойынша жұмыстарды жүргізуде.

Сонымен қатар, 2010 жылы зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметпен айналысуға және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға⁵ берілген лицензиясынан айрылған «Қорғау» ЖЗҚ» АҚ мәжбүрлеп тарату рәсімі басталды, сот мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдады⁶, жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы тағайындалды⁷, Агенттікпен аралық тарату балансы және кредиторлар талаптарының тізілімі, сонымен бірге кредиторлар комитетінің құрамы бекітілді⁸.

Бұл ретте 25.06.2010 жылы «Қорғау» ЖЗҚ» АҚ-ның зейнетақы активтері мен зейнетақымен қамту туралы шарт бойынша міндеттемелері «ҰларҮміт» ЖЗҚ» АҚ табысталды.

2010 жыл ішінде Агенттікпен ЖЗҚ сақтандыру ұйымдарының тарату комиссияларына тарату рәсімін жүргізуге байланысты мәселелерін реттеуге жәрдемдесу, сондай-ақ құқық қорғау, сот, салық және басқа органдармен өзара әрекетесуде заңдық және консультативтік көмек көрсету бойынша шаралар қабылданды. Сонымен қатар, Агенттік алдыңғы кезектегі іс-шараларды жүргізу, аралық тарату балансын және кредиторлар талаптарының тізілімін, сонымен бірге кредиторлар комитетінің құрамын қалыптастыру бойынша «Қорғау» ЖЗҚ» АҚ-ның тарату комиссиясына кеңес беру бойынша көмек жүзеге асырылды.

4.6. Халықаралық ұйымдармен, рейтингтік агенттіктермен, орталық банктермен және реттеуші органдармен өзара іс-қимыл жасау

Банктік, сақтандыру қызметін, бағалы қағаздар мен зейнетақы қызметтерінің нарығын реттеу және қадағалау саласында шет мемлекеттердің қадағалау органдарымен, сонымен қатар, халықаралық ұйымдармен өзара әрекет етуді орнату және дамыту Агенттік жұмысының шешуші бағыттарының бірі болып табылады.

Осыған байланысты, Агенттік 2010 жылы нарықтық қадағалау саласында шет мемлекеттердің уәкілетті органдарымен халықаралық келісімге отыру және ынтымақтастық орнату бойынша белсенді жұмыс жүргізді.

Жалпы алғанда 5 Меморандум, соның ішінде Люксембургтің қаржылық секторларын қадағалау жөніндегі Комиссиясымен банктік қадағалау саласында, Грузия Ұлттық Банкімен банктік қадағалау мәселелері бойынша, Украинаның бағалы қағаздар және қаржы нарығы жөніндегі мемлекеттік комиссиясымен бағалы қағаздар нарығындағы реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша, Украинаның қаржылық қызмет нарығын реттеу жөніндегі мемлекеттік комиссиясымен сақтандыру нарығы саласындағы реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша, Қырғызстан Республикасының Үкіметінің жанындағы Қаржы нарығын реттеу мен қадағалау мемлекеттік қызметімен бағалы қағаздар, зейнетақы қызметі және сақтандыруды қадағалау нарығындағы қадағалау мәселелері бойынша жасады.

Бұдан басқа, қазіргі кезде өзара түсіністік, ынтымақтастық және ақпарат алмасу туралы Меморандумдардың жобаларын жасау жөніндегі, сонымен қатар, қаржылық қадағалау саласындағы жұмыс жалғасуда. Корей Республикасымен, Австриямен, Германиямен, Кайман аралдары елдерімен, Польшамен Меморандумдар жасау

⁶ Агенттік Басқармасының 19.05.2010 ж. № 70 қаулысына сәйкес «Қорғау» ЖЗҚ» АҚ зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметпен айналысуға және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға 26.12.2003 ж. берілген № 0000017 сериялы лицензиясынан айрылды.

⁷ Алматы қ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 13.07.2010 ж. «Қорғау» ЖЗҚ» АҚ мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдады, ол 29.07.2010 ж. заңды күшіне енгізілді.

⁸ Агенттік Төрайымының 29.07.2010 ж. № 201 бұйрығымен «Қорғау» ЖЗҚ» АҚ тарату комиссиясы тағайындалды.

⁸ 24.11.2010 ж. Агенттік «Қорғау» ЖЗҚ» АҚ аралық тарату балансы мен кредиторлар талаптарының тізілімі бекітілді. Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қоры кредиторларының мүдделерін қорғау мақсатында Агенттікпен 14.12.2010 ж. «Қорғау» ЖЗҚ» АҚ кредиторлар комитетінің құрамы бекітілді.

жоспарланып отыр. Банктік қадағалау саласында Ислам Республикасы Иранның, Пәкістанның, Украинаның, Моңғолияның, Біріккен Араб Әмірлігінің, Италияның, Израильдің уәкілетті органдарының Меморандумдарға қол қоюы жоспарланып отыр. Бағалы қағаздар нарығы саласында Агенттік Гонконгтың, Қытай Халық Республикасының, Ресей Федерациясының, Кипрдің, Түркияның бағалы қағаздар нарығын қадағалау жөніндегі уәкілетті органдарымен Меморандумдар жасау жөнінде жұмыс жүргізіліп жатыр.

Сақтандыруды қадағалау саласында Қытай Халық Республикасы, Түркия және АҚШ-тың уәкілетті органдарымен, сақтандыруды қадағалау және бағалы қағаздар нарығын қадағалау саласында Пәкістанның уәкілетті органымен өзара түсіністік туралы Меморандумға, банктік және сақтандыруды қадағалау саласында Арменияның уәкілетті органымен өзара түсіністік туралы Меморандумға, қызметкерлерді оқыту саласында Венгрияның уәкілетті органымен Меморандумдарға қол қою жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, Агенттік интеграциялық бірлестіктер (ЕурАзЭҚ, ТМД, БЭК және т.б.) құрылымдарының жұмысы аясына белсенді түрде қатысады. Сөйтіп 2010 жылы Агенттік БЭК құқықтық базасын қалыптастыратын құжаттар пакетін әзірлеуге және қарауға қатысты. Оның ішінде, 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Мәскеуде БЭК қатысушы – мемлекеттердің Басшыларымен қол қойылған Капиталдың еркін қозғалуын қамтамасыз ету үшін қаржы нарығында жағдайларды жасау туралы және Қызметтерді сату мен Инвестициялар туралы келісімдерге қатысты.

Капиталдың еркін қозғалуын қамтамасыз ету үшін қаржы нарығында жағдайларды жасау туралы және Қызметтерді сату мен Инвестициялар туралы келісімдерге Капиталдың еркін қозғалуын қамтамасыз ету үшін қаржы нарығында жағдайларды жасау туралы келісімнің (бұдан әрі - Капиталдың еркін қозғалуы туралы келісім) негізгі ережелері қаржы қызметі саласындағы ұлттық заңнамалардың үйлесімділігіне, сондай-ақ Келісімге қатысушы-мемлекеттердің реттеушілері арасында ақпарат алмасуды ұйымдастыруға бағытталғандығын атап айту қажет.

Сөйтіп, Капиталдың еркін қозғалуы туралы келісім БЭК банк қызметі, валюталық нарық қызметінде, сақтандыру қызметтері мен бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының қызметі аясында қаржы нарығындағы капитал қозғалысының түрлі бағыттары бойынша келісілген қимылдардың іске асырылуын көздейді,

Осылайша, Капиталдың еркін қозғалуы туралы келісім ережелерінің іске асырылуы халықаралық стандарттар мен принциптерді ескере отырып, БЭК қатысушы-елдердің ұлттық заңнамаларын үйлестіру арқылы қаржы нарығының субъектілерін реттеу мәселелері жөніндегі қолданыстағы ұлттық заңнамаларында бар қарама-қайшылықтарды жоюға ықпал етеді.

Одан өзге, Капиталдың еркін қозғалуы туралы келісім аясында қол жеткізілген келісулерді қолдану ЕурАзЭҚ-ке мүше-елдердің тиімді келісілген экономикалық саясатын жүргізу үшін жағдай жасайды, ол Кедендік одаққа қатысушы-елдердің субъектілері арасында сауда-экономикалық және гуманитарлық қатынастардың бұдан терең интеграциялануына ықпал етеді.

Қазіргі кезде Агенттік Капиталдың еркін қозғалуы туралы келісім күшіне енгізу бойынша мемлекет ішілік рәсімдер жүргізуде, осыған орай, оны бекітуге бағытталған Қазақстан Республикасының Заң жобасын әзірледі.

Қызметтер саудасы мен инвестициялар туралы келісім осындай мемлекеттердің экономикалық өсуіне ықпал ету мақсатында БЭК-ке мүше мемлекеттерде қызмет көрсетумен өзара сауда жасау үшін бірыңғай принциптер мен ережелерді құруға бағытталған. Сөйтіп, Қызметтер саудасы мен инвестициялар туралы келісімде БЭК-ке мүше мемлекеттерде қызмет көрсету нарығының, оның ішінде қаржы нарығының жұмыс істеу жағдайлары айқындалады. Бұл ретте Қызметтер саудасы мен инвестициялар туралы келісімге тиісті қосымшада қаржылық қызмет көрсетуді ұсынуға қойылатын талаптарды үйлестіру мәселелері реттелген.

Сонымен қатар, 2010 жылы Агенттік 2009 жылы 27 қарашада Минск қаласында ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің Басшылары қол қойған ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің ортақ сақтандыру нарығын құру туралы хаттаманы бекіту мақсатында «Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің ортақ сақтандыру нарығын құру жөніндегі хаттаманы бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірледі.

Бұдан басқа, 2010 жылы Агенттіктің Ислам қаржы құралдары жөніндегі кеңеске (Islamic Financial Services Board) кіру, Сақтандыруды Қадағалаудың Халықаралық Қауымдастығының (СКХК) өзара түсіністік туралы жан-жақты меморандумына қосылу, сондай-ақ Бағалы қағаздар нарығы жөніндегі комиссияның халықаралық ұйымдарымен (IOSCO) кеңесу, ынтымақтастық және ақпарат алмасуға қатысты өзара түсіністік туралы жан-жақты меморандумына қосылу бойынша жұмыс жүргізілді.

Халықаралық рейтинг агенттіктері мен қаржы институттарының рейтингтерінде Қазақстанның позициясын жақсарту мақсатында Агенттік халықаралық ұйымдармен және рейтинг агенттіктерімен өзара іс-қимыл жасау бойынша белсенді жұмысты жалғастырды.

Сөйтіп, 2010 жылы «Moody's», «Fitch Ratings», «Standard & Poor's» халықаралық рейтингтік агенттіктердің талдаушыларымен және сарапшыларымен 8 кездесу өткізілді. Осы кездесулер барысында қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауға, қаржы жүйесін жалпы дамыту перспективаларына байланысты мәселелерге, сондай-ақ дағдарысқа қарсы бағдарлама аясында қаржы жүйесін мемлекеттік қолдау нәтижелеріне және 3 банкті - «Альянс Банк» АҚ, «БТА Банк» АҚ және «Темірбанк» АҚ қайта құрылымдау қорытындыларына басты назар аударылды.

Сонымен қатар, 2010 жылдың басынан бастап Standard & Poor's талдаушыларымен телефон арқылы 6 сөйлесу (conference call) жүргізілді. Әңгіме барысында стресстестілеуді жүзеге асыру бойынша (методология, принциптер және т.б.), сондай-ақ банктерді қаржыландыруға, өтімділікке, активтердің сапасына байланысты проблемаларда қолдау шаралары бойынша мәселелер талқыланды. Бірқатар телефон арқылы сөйлесулер дефолт (PD), дефолт (LGD) болған жағдайда залал ықтималдылығын бағалау, заемшылардың кредит қабілеттілігінің рейтингтерін анықтау бөлігінде «Standard & Poor's Risk Solutions Data Consortia» жобасын талқылауға арналды.

2010 жылы «Moody's» (5.04.2010ж.), «Fitch Ratings» (20.12.2010ж.) және «Standard & Poor's» (23.12.2010ж.) рейтинг агенттіктерінің болжамдарына сәйкес Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінің позициялары жақсартылды, бұл сонымен қатар мемлекеттік органдардың, оның ішінде Агенттіктің жетекші рейтинг агенттіктерімен ойдағыдай өзара іс-әрекеті ретінде қарастыруға болады.

2010 жылдың ішінде ХВҚ өкілдіктерінің Қазақстанға ресми сапары миссиясы аясында өкілдік мүшелерімен 5 кездесу (мамырда, тамызда, қарашада, желтоқсанда) өтті, кездесулер барысында қаржы секторын дамыту, мұнан былайғы күтіліп отырған жағдайлар мен болашақтың бағасы, елдің банк жүйесін нығайту жөніндегі ұсыныстары, сондай-ақ банктердің қызмет көрсетілмейтін кредиттерін реттеу механизмдерін дамыту мәселелері талқыланды.

USAID жобасының шегінде бизнес-ортаны (BEI) жақсарту бойынша 2008-2010 жылдары «Doing Business» рейтингінде Қазақстанның позициясын көтеру бойынша Агенттік Дүниежүзілік банктердің өкілдерімен өзара тығыз қарым-қатынаста болады. Атап айтқанда, 2010 жылы Дүниежүзілік банк өкілдерімен 8 кездесу өтті (соның ішінде 2009-2010 жылғы «Инвесторларды қорғау» индикаторы бойынша реформалар қорытындыларын жүргізу жөнінде 2 бейнеконференция).

2010 жылғы маусым айында Монреаль қаласында (Канада) IOSCO – 2010 жыл сайынғы 35-ші конференциясы өтті, осы конференция аясында Еуропа Өңірлік Комитеті IOSCO (ERC) отырыстарында дағдарыс жағдайында Агенттіктің бағалы қағаздар нарығында реттеуші және қадағалау қызметін қайта құру мәселесі қарастырылды.

2010 жылғы 9-15 қыркүйек аралығында Вашингтон қаласында (АҚШ) Қазақстан Республикасының АҚШ Сауда Өкілдігі Офисінің өкілдерімен ДСҰ-ға кіруі жөнінде Қазақстан Республикасының АҚШ-пен екі жақты келіссөздердің кезекті раунды болып өтті (Office of the US Trade Representative). Осы келіссөздер аясында басқа да мәселелермен қоса, қаржылық қызмет көрсету секторы бойынша Қазақстан Республикасының ерекше міндеттемелерінің тізбесі талқыланды.

Сонымен қатар, Агенттік ҚР қаржы нарығының ағымдағы жағдайы және ағымдағы әлемдік қаржы дағдарысы салдарын жою аясында қабылданған және қабылданатын шаралар туралы ақпараттар ұсыну бөлігінде Үкімет бекіткен халықаралық рейтинг агенттіктерімен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі жоспарлы іс-шараларды жүзеге асыруға белсенді түрде атсалысуды жалғастыруда.

V. Агенттіктің 2011 жылға арналған қызметінің басым бағыттары

2011 жылы Агенттік дағдарыстан кейінгі кезеңде Қаржы секторын дамыту концепциясының негізгі ережелерін іске асыруды жалғастыратын болады. Бұл ретте қарсы циклділікті реттеу мен қадағалау принциптеріне, қызметтің айқындылығын арттыруға және қаржы нарығындағы аффилирлену деңгейін төмендетуге, қаржы ұйымдарында тәуекел-менеджменті жүйесін жетілдіруге, сондай-ақ қаржы секторын орта мерзімді болашаққа дамытудың ең бір өзекті міндеттерін шешуге одан әрі өтуіне ерекше көңіл бөлінетін болады.

5.1. Қаржы ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын арттыру және шоғырландырылған қадағалауды дамыту бойынша жоспарланатын шаралар

Банк секторы

2011 жылы Агенттік қызметі қарсы циклділік реттеу принциптеріне одан әрі өтуге, ЕДБ қызметін реттеудің қазақстандық тәжірибесінің ерекшелігін және оның сапасын көтеруді ескере отырып, халықаралық тәсілдерді зерделеуге және енгізуге, тәуекелге бағытталған қадағалауды дамытуға, банк секторының кредиттік портфелі сапасының проблемаларын шешуге жинақталатын болады.

Атап айтқанда, Агенттік меншікті капитал бойынша ішкі және халықаралық тәсілдерді одан әрі үйлестіру мақсатында, банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің соңғы ұсынымдарын іске асыруды жоспарлап отыр.

Бұл ретте Агенттік үйлестіру шегінде 2013 жылға дейін ЕДБ капиталына қойылатын талаптарды күшейтуге мораторий енгізетіндігін атап өткен жөн.

Бұдан басқа, осы бағытта Агенттік қызметі негізгі капитал жеткіліктілігінің жаңа нормативін зерделеу мен енгізуге, меншікті капитал құрауыштарын және одан шегерілетін инвестициялар мөлшерін есептеуді түзетуге, банктің ірі қатысушы жеке тұлғасы, банк холдингі немесе бас ұйымы болуына немесе болмауына тәуелсіз барлық банктер үшін бірыңғай капитал жеткіліктілігі коэффициентін белгілеуге, сондай-ақ буферлік капиталдарды (консервациялық, қарсы циклділік, жүйелі) қолдануға баса назар аударылды.

Сонымен қатар, 2011 жылы қолданыстағы банк ішілік кредиттік тәуекелді бағалау мен басқару тәжірибелерін зерделеу, сондай-ақ алынған ақпаратты өзекті банк ішілік тәжірибелердің Базель II жағдайларының барынша төмен талаптарына сәйкестігі мәніне талдау жүргізу жоспарлануда. Агенттік осы жұмыстың нәтижелері бойынша Базель II шеңберінде IRB-тәсілінің ең төменгі талаптарын енгізу бойынша кезең-кезеңімен шаралар қабылдайтын болады.

Кредиттік тәуекелді бағалау мен провизиялардың дұрыс деңгейін қалыптастыруды онтайландыру мақсатында ХҚЕС талаптарына сәйкес құрылатын арнайы резервтерді (провизияларды) есептеу тәртібі жетілдірілетін болады, ал күтіліп отырған шығындар мен

арнайы провизиялардың арасындағы айырмашылық меншікті капитал шоттарындағы жеке резервтермен орны толтырылатын болады.

Сонымен қатар, Агенттік халықаралық тәжірибе негізінде динамикалық қорларды енгізетін болады, бұл банк кірістілігінің құбылмалылығын төмендетуге мүмкіндік береді. Сөйтіп банктер белсенді кредиттік қызмет кезінде арнайы провизияларға қосымша ретінде кейінгі жағымсыз кезеңдерде ағымдағы кезең шығындарын жабуға бағытталатын ортақ динамикалық резервтер құратын болады. Нәтижесінде банктер таратылмаған таза кірісті азайтпай, ағымдағы пайдалылықты сақтап қала алады.

Қосымша банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің «Basel III: International framework for liquidity risk measurement, standards and monitoring, December 2010» ұсынымдарына сәйкес банктердің өтімділігін жақсарту және қайта қаржыландыру тәуекелін төмендету мақсатында, пруденциялық реттеу шеңберінде қосымша өтімділік коэффициенттері қабылданатын болады. Осы коэффициенттердің қолданылуы жоғары өтімді ресурстар қорын құру жолымен қысқа мерзімді кезеңде банктердің сенімді өтімділік деңгейін қамтамасыз етуге, сондай-ақ аса сенімді депозит көздерінен қаржыландыруды тарту бойынша қосымша ынталандыруды қалыптастыру арқылы ұзақ мерзімді кезеңде банктер қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Атап айтқанда, банктердің өтімділігін жақсарту және қайта қаржыландыру тәуекелін төмендету жөніндегі шаралар аясында сырттан қарыз алудың артық деңгейін төмендету көзделуде, бұл банктердің халықаралық тәжірибеде қабылданған мәннің 30% аспайтын, сырттан қарыз алудың жиынтық міндеттемелерге арақатынасына қол жеткізуін болжайды.

Сонымен қатар, өтімділікті қалыптастыру көздерін түрлендіру мақсатында, банктердің орта мерзімді болашақта берілген кредиттердің 1,5-тен аспайтын деңгейдегі депозиттерге оңтайлы арақатынасын қолдау жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Бұдан басқа, банктердің кредиттер бойынша үмітсіз берешекті есептен шығару мүмкіндігін көздейтін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне түзетулерді қабылдау жөнінде кредит бойынша үмітсіз берешек жөніндегі талаптар құқықтарын тоқтату тәртібі әзірленетін болады. Осы өзгерістер ең алдымен банктердің баланстарын «нашар борыштардан» тазартуға бағытталған, әрі банк секторы активтерінің төмен сапалы проблемасын шешуге мүмкіндік береді.

Банктік емес сектор

2011 жылы Агенттік инвестициялық банктердің қызметін реттеуде қолданылатын тәсілдерді түрлендіретін болады. Атап айтқанда, инвестициялық банктердің операциялар жүргізуіне рұқсат берілген тізбесін белгілеу жоспарланып отыр, онда леввередж бен жүйе тәуекелінің өсуін болдырмау мақсатында, реттеу шегінде ЕДБ-ге қатысты белгіленген жекелеген талаптар қолданылатын болады.

Сонымен қатар, банктік емес ұйымдарға қатысты бір заемшыға міндеттемелердің барынша жоғары лимитін айқындауды есептеу жетілдірілетін болады.

Сақтандыру секторы

2011 жылы Агенттіктің сақтандыру нарығын реттеу саласындағы қызметі ең алдымен, халықтың сақтандыру жүйесіне деген сенімінің деңгейін көтеруге, сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын нығайтуға, қайта сақтандыру мәмілелерінде қазақстандық қамтуды одан әрі көтеруге, сондай-ақ міндетті сақтандыру жүйесін, оның ішінде сақтандырудың міндетті түрлерінің тізбесін оңтайландыру жөніндегі ұсыныстарын жасау жолымен жетілдіруге бағытталатын болады.

Атап айтқанда, Агенттік қайта сақтандыру қызметін реттеуді жетілдіру аясында 2011 жылы сақтандырудың бір ғана шарты бойынша сақтандыру сомасын меншікті ұстап

қалудың барынша жоғары лимитін және сақтандыру портфелі бойынша сақтандыру сыйлықақыларын ұстап қалудың барынша төмен лимитін өзгерту бойынша шаралар қабылдайтын болады. Сонымен қатар, ірі мүлдік кешендерді сақтандыру кезінде олар бойынша факультативті қайта сақтандыруды сатып алудың қажеттілігін дәлелдеу арқылы сақтандыру сыйлықақыларын барынша төмен ұстап қалудың абсолютті мәнін белгілеу, елеусіз сақтандыру сомасымен сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырудың факультативті шартын шектеу, сақтандырудың міндетті түрлері бойынша қайта сақтандыруда тәуекелдерді беруге тыйым салу жоспарланып отыр.

Қосымша Агенттік сақтандыру пулдарын дамыту және Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру брокерлерінің қызметіне қойылатын талаптарды жетілдіру жөніндегі шараларды қабылдайтын болады.

Агенттік сақтандыру төлемдерінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында, Дүниежүзілік Банк әзірлеген жер сілкінісі тәуекелін бағалау жөніндегі үлгілерді енгізуді көздейді. Осы үлгі реттеуішке және сақтандыру ұйымдарына апатты тәуекелдер портфелі бойынша жер сілкінісі кезінде сақтандырушылардың ықтимал шығындарын бағалауға, сондай-ақ қажетті қайта сақтандыру өтемінің және капиталдың көлемін анықтауға көмектеседі.

Сонымен қатар, Агенттік исламдық сақтандыру (такафула) принциптерін енгізу жолымен Қазақстан Республикасында толық ислам қаржы жүйесін құру жөніндегі шараларды қабылдайтын болады.

2011 жылы Агенттік сақтандыру ұйымдарының есебінен зейнетақымен қамсыздандырылатын механизмді жетілдіруге және өмірді сақтандыру саласын одан әрі дамытуға бағытталған шараларды қабылдайтын болады.

Сонымен қатар, 2012 жылдан бастап сақтандыру ұйымдарының салық салынатын базаны есептеу кезінде сақтандыру резервтерін құру бойынша шығыстарды шегеруге жатқызу жолымен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының таза кіріс сомасынан (есептелген сақтандыру сыйлықақыларының сомасынан емес) корпоративтік табыс салығын есептеу көзделетін салық салудың жалпы режиміне өтуге байланысты, Агенттік салық салу мақсатында сақтандыру резервтерін құру жөніндегі талаптарды жетілдіретін болады.

2011 жылы сақтандыру секторын реттеуді жетілдіру аясында Агенттік қызметінің тағы бір бағыты тәуекелге негізделген (risk based supervision) сақтандыру ұйымдарын пруденциялық реттеу тәсілін енгізу мүмкіндігін зерделеу болатындығын атап өткен жөн. Аталған тәсіл капитал жеткіліктілігін есептеу кезінде статистикалық әдістерді пайдалануды болжайды және де нарықтық, операциялық және андеррайтингтік тәуекелдерді (сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру резервтерінің тәуекелі) ескереді. Осы тәсілді енгізу бухгалтерлік және статистикалық есепті жүргізуге, есептілікті ұсынуға қойылатын талаптарды, тәуекел менеджмент жүйесіне қойылатын талаптарды жетілдіруге, сондай-ақ ақпаратты ашып көрсетуге бағытталған кешенді шаралар қабылдауды талап етеді.

Зейнетақы қызметін көрсету секторы

2011 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесін реттеу қор нарығында тұрақсыздық жағдайларында туындайтын шығындардың орнын толтыру үшін капиталдың жеткілікті мөлшерін құру мақсатында ЖЗҚ-ның қаржылық жай-күйін нығайту жөніндегі одан әрі шараларды қабылдауға бағытталатын болады.

Бұдан басқа, салымшылармен (алушылармен) жасалған зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары бойынша ЖЗҚ жауапкершілігін арттыру мақсатында жинақтаушы зейнетақы қоры мен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар (ірі қатысушы белгілеріне ие ірі қатысушылар мен тұлғалар) қызметіне қатысты шешім қабылдау мүмкіндігі бар тұлғалардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, ЖЗҚ қаржылық тұрақтылығын арттыру мақсатында оның қаржылық жай-күйін жақсарту, оның ішінде ЖЗҚ дауыс беретін акцияларының жиырма бес пайызынан астамын тікелей немесе жанама иеленген тұлғалар ғана емес, ЖЗҚ кез келген ірі қатысушысына қатысты, ЖЗҚ қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде оның меншікті капиталын көбейту жөнінде шаралар қолдану міндеттерін белгілеу мүмкіндігі қарастырылатын болады.

Дағдарыс кезінде ЖЗҚ-ның инвестициялық саясатты қайта қарауы және анағұрлым консервативтік стратегияларға оның ішінде МБҚ-ға салынған инвестициялардың ең аз мөлшері бойынша талаптар белгілеу арқылы өту үшін ынталандырулар жасалғандықтан, Агенттік дағдарыстан кейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуы мүмкін жаңа тартымды қаржы құралдарын шығару үшін жағдай жасау жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады.

Салымшылардың (алушылардың) жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметі туралы хабардар болуын одан әрі арттыру, сондай-ақ зейнетақы қорларының қызметін реттеу сапасын нығайту мен көтеру шеңберінде салымшыларға (алушыларға) жинақтаушы зейнетақы қорлары мен басқарушы компаниялардың қызметі туралы ақпаратты ашып көрсету жөніндегі талаптарды жетілдіруге бағытталған іс-шаралар жүргізілетін болады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесін, атап айтқанда активтердің тәуекел деңгейі бойынша мөлшерленген есеп айырысу бөлігінде меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентін k_1 және номиналды кіріс коэффициентін k_2 пруденциялық реттеуді одан әрі жетілдіру жоспарланып отыр.

Осы есептің I бөлімінде айтылған Жол картасының негізгі аспектілерінің бірі жинақтаушы зейнетақы жүйесін реттеуді жетілдіру болып табылатынын атап айтқан жөн.

Жол картасы аясында жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыртын ұйымның меншікті капиталына қатысты талаптарды түзету бөлігінде жинақтаушы зейнетақы қорын пруденциялық реттеуді жетілдіру жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы портфельдерін құрайтын активтерді тәуекел дәрежесі бойынша саралау мөлшерін қайта қарау ұсынылып отыр.

Сонымен қатар, Жол картасының іс-шарасы ЖЗҚ зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін көтеру қажеттілігіне байланысты проблемаларды шешуге бағытталған. Осы проблеманы шешу кезіндегі негізгі міндет отандық қор нарығында айналыстағы өтімді және сенімді қаржы құралдарының тізбесін кеңейту болып табылады. Осы бағытта қолданылып жатқан шаралар:

- ұйымдастырылған нарықтағы эмитенттердің санын, оның ішінде квазимемлекеттік сектор компанияларының, мемлекеттік-жеке әріптестік жобаларды іске асырушы компаниялардың есебінен көбейту;

- ішкі нарықтағы мемлекеттік қарызға алудың ұзақ мерзімді саясатын қалыптастыру мен қисық кірістілікті құру мүмкіндігін қайта қарау болып табылады.

Осылайша, 2011 жылы Агенттіктің жинақтаушы зейнетақы жүйесі саласындағы қызметі мынадай негізгі бағыттар бойынша жинақталатын болады:

- ЖЗҚ мен ЗАИБЖАҰ пруденциялық реттеуін одан әрі жетілдіру;
- зейнетақы активтері құрамына кіретін қаржы құралдарының және оның тәжірибе жүзіндегі қолданылатын механизмдерінің әділ (нарықтық) құнын анықтау әдістемесін жетілдіру;

- жинақтаушы зейнетақы жүйесін, атап айтқанда активтердің тәуекел деңгейі бойынша мөлшерленген есеп айырысу бөлігінде меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентін k_1 және номиналды кіріс коэффициентін k_2 пруденциялық реттеуді жетілдіру;

- ЖЗҚ душар болған тәуекелдерге мониторинг жасауды, анықтауды, баға беруді және бақылауды шұғыл түрде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ЖЗҚ-дағы тәуекелді басқару жүйесін одан әрі жетілдіру;

- ЖЗҚ салымшылары мен алушыларының зейнетақы секторындағы және бағалы қағаздар нарығындағы болып жатқан үрдістерді түсінулерін қамтамасыз ету мақсатында жинақталған зейнетақы қаражатын инвестициялауға байланысты және жинақтаушы зейнетақы жүйесіне деген сенімді күшейту үшін халықтың қаржылық сауаттылығын көтеру;

- ұлттық заңнаманы ЖЗҚ қызметін реттеудің халықаралық танылған және IOPS пен ЭЫДҰ әзірлеген зейнетақы активтерін басқару принциптерімен сәйкес келтіру жөніндегі жұмыстарын жалғастыру;

- бөлек қордың қызметіне сондай-ақ барлық жүйенің қызмет істеуіне байланысты тәуекелдер деңгейін ескере отырып, сонымен қатар тұрақты негізде стресс-тестілеу жүргізу, тәуекелдер картасын әзірлеу мен ертерек ден қою шараларының жүйесін жетілдіру арқылы ЖЗҚ қызметін қадағалауды жүзеге асыру барысында шұғыл ықпал етуді одан әрі жетілдіруге шоғырландыру.

Бұдан басқа, 2011 жылы мультипортфельді инвестициялау моделі негізінде ЖЗҚ/ЗАИБЖАҰ салымшыларының (алушыларының) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі жүргізіліп жатқан жұмыс аясында Агенттік жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық декларацияларды қалыптастыру, әрбір қалыптастырылатын инвестициялық портфельге (консервативті, қалыпты, агрессивті) қатысты шартты бірлікті және номиналды кірістілікті есептеу жөніндегі міндеттерін, сондай-ақ әрбір жеке инвестициялық портфельге қатысты зейнетақы активтердің номиналды кірістілігін есептеу бойынша талаптарды белгілеу бөлігінде ЖЗҚ мен ЗАИБЖАҰ қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіруді жалғастырады.

Сонымен қатар, Агенттік Ипотекалық кредит беру мәселелері жөніндегі Заңын, Тәуекелдерді азайту туралы Заң жобасын іске асыру шеңберінде жинақтаушы зейнетақы жүйесін және бағалы қағаздар нарығын пруденциялық реттеуді жетілдіру жөніндегі шаралар қабылдайтын болады.

Бағалы қағаздар нарығы

Жалпы Агенттіктің бағалы қағаздар нарығын реттеу бойынша шаралары 2011 жылы оның кәсіби қатысушыларының қаржылық тұрақтылығын одан әрі нығайтуға, қор нарығында қызметті жүзеге асыруға байланысты тәуекелдерді төмендетуге, қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылар мен инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ ұлттық және шетел эмитенттері мен инвесторлары үшін отандық нарықтың тартымдылығын арттыруға бағытталатын болады.

Сөйтіп, Агенттік бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын одан әрі жетілдіру мен қор нарығының өтімділігін арттыру бөлігінде нарық қажеттілігіне сәйкес келетін сауда-саттықты ұйымдастырушыларды және орталық депозитарийді кешенді программалық-техникалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды белгілеуді болжап отыр. Бұл ретте клиринг қызметін жүзеге асыру тәртібін анықтау арқылы ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында есеп айырысу жүйелерін, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығында айналыстағы қаржы құралдарына қойылатын талаптарды одан әрі жетілдіру жоспарлануда.

Бұдан басқа, Агенттік 2011 жылы бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асырудың айқындылығы мен әділдігін қамтамасыз ету, инвесторлардың қаржы нарығында жандануын қамтамасыз ететін механизмдерді енгізу, сондай-ақ инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында инвестициялаудың коллективті нысандары бойынша ақпаратты ашып көрсету жөніндегі талаптарды күшейтуге және бағалы қағаздар эмитенттері мен нарықтың кәсіби қатысушылары ашатын ақпараттың қол жетімділігі мен

сапасын бақылау жүйесін жетілдіруге бағытталған шаралар қабылдайтын болады. Бұл ретте білікті инвесторды тану тәртібін енгізу, сондай-ақ қаржы құралдарының тізбесін белгілеу, білікті инвестор жүзеге асыратын қаржы құралдарына инвестициялау жоспарлануда. Сонымен қатар, қаржы құралдарының және оның тәжірибе жүзіндегі қолданылатын механизмдерінің әділ (нарықтық) құнын анықтау әдістемесін жетілдіру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Сонымен қатар, 2011 жылы күрделі қаржы құралдарын, оның ішінде туынды қаржы құралдарын реттеуді жетілдіру жоспарланып отыр.

Бұл ретте 2011 жылы бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру ғана емес, сонымен бірге олардың ағымдағы қызметіне байланысты тәуекелдер деңгейінің көтерілуін жедел анықтауға бағытталған нарықтың лицензиаттарын тәуекелге бағытталған қашықтықтан қадағалауды күшейту және де проблемалы активтерді бақылауды күшейту көзделіп отырғанын атап өткен жөн.

Сонымен қатар, Агенттік қасақана дефолт жағдайларын болдырмау мақсатында заң шығару деңгейінде ерікті делистинг немесе қор биржасына өзінің қызметі туралы ақпаратты беру бөлігінде листинг талаптарын орындамау себебі бойынша делистинг жағдайында эмитенттің өзі шығарған облигацияларды сатып алу міндетін белгілеуді ұсынып отыр.

Жаңа эмитенттер мен инвесторларды қор нарығына тарту қаржылық қызмет көрсету сапасын көтеру, бір мезгілде тәуекелдерді басқару жүйелерінің сапасын көтерумен IT-технологияларды пайдалану арқылы кәсіби қатысушылар жұмысының әдістерін жетілдіру қажеттілігін болжайтынын назарға алсақ, жоғарыда аталған Жол картасы:

- биржа қатысушыларының (брокерлердің) KASE-ге жүйелі түрде ақпарат беру механизмдерін, мұндай ақпарат тізбесін, сондай-ақ қарсы агенттердің тәуекелін бақылау мен шектеу мақсатында брокерлердің қаржылық есептілік мониторингі жүйесін жасауды қамтамасыз ету механизмдерін айқындау;

- шетелдік ұйымдарды Қазақстан Республикасының қор биржасына мүшелікке және KASE шетелдік мүшелердің қызметін пайдаланатын инвесторлардың құқықтарын қорғау механизмдерін жасауға тікелей рұқсат беру үшін қосымша критерийлерді айқындау, сондай-ақ KASE сауда жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстарды жалғастыру;

- клиенттердің бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға бұйрықтарын ресімдеу кезінде электрондық санды қойылған қолдарды пайдалану рәсімдерін ықшамдау мүмкіндігін қарастыру;

- қаржылық кеңес беруді жүзеге асыратын ұйымдардың жауапкершілігін көтеру, облигациялар ұстаушылар өкілдерінің рөлін арттыру, қор биржасының қызметін кеңейту, эмитент қызметіне тексеру жүргізуге қойылатын талаптарды күшейту және облигацияларды шығару проспектісін облигациялық заемның мақсатты тағайындалғаны, облигациялар ұстаушылар өкілдері, облигациялар (ковенант) шығару бойынша қабылданатын міндеттемелер мен дивиденд саясаты туралы мәліметтермен толықтыру, сондай-ақ эмитенттердің ақпаратты ашуы бойынша қосымша талаптар белгілеу іс-шараларын көздейді.

Жол картасы инвесторларға құқықтық тәуекелдер тұрғысынан, сондай-ақ инвесторлардың активтерін қазақстандық эмитенттердің бағалы қағаздарына инвестициялауға байланысты тәуекелдерді анықтау тұрғысынан қорғаудың қажетті деңгейін беруге бағытталған.

Атап айтқанда:

- рейтинг агенттіктерінің қызметін реттеуді енгізуге қатысты қолданыстағы заңнамаға түзетулерді әзірлеу;

- Қаржылық соттың мәртебесін облыстық сот деңгейіне дейін көтеру, Қаржылық соттың АӨҚО сауда алаңында пайда болған қатынастарды, дауларды қарау және Қаржылық соттың құзыретіне ұйымдастырылған нарықта жасалған мәмілелер бойынша шағым-талаптарды, ҚҚА, АӨҚО ҚРА, KASE және «Бағалы қағаздар орталық

депозитарийі» АҚ іс-әрекеттеріне шағымдану бойынша азаматтық істерді жатқызу объектісі ретінде анықтау мүмкіндіктерін қарастыру көзделуде.

Осылайша, ұсынылып отырған шаралар инвесторлар мен эмитенттердің ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығына шығуына және осы нарықта белсенді саудаға, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді төмендетуге, сондай-ақ республиканың қор нарығының жалпы одан әрі дамуына ықпал ететін болады.

Шоғырландырылған қадағалауды дамыту

Шоғырландырылған негізде қадағалауды одан әрі дамыту қадағалап байқау, бағалау және қажет болған жағдайда жүйелі тәуекелдерге қатысты шаралар қабылдау үшін банк конгломератының жекелеген институттарының және нарықтардың сенімділігіне басты назар аударылатын реттеу мен қадағалау құрылымына жұмылдырылатын болады. Банк конгломераттарын реттеу және қадағалау банк конгломератының қатысушылары ұшырауы мүмкін әлеуетті тәуекелдерді іс жүзінде анықтауға бағытталған топты пруденциялық реттеу мен инспекциялауды жетілдіру арқылы күшейтілетін болады. Басқа елдердің қадағалау ұйымдарымен анағұрлым тығыз байланыс жасау және олармен ақпарат алмасу арқылы трансшекаралық қадағалауды дамыту қосымша қамтамасыз етілетін болады.

Сонымен қатар, Тәуекелдерді азайту туралы Заңнама жобасы бойынша жұмыс пен қаржы ұйымдарының аффилиирленген тұлғалармен жүргізген операциялардан пайда болатын тәуекелдерін барынша азайту жолымен банк конгломераттарын шоғырландырылған қадағалауды күшейту бөлігінде заң жобасынан туындайтын іс-шараларды іске асыру жалғастырылатын болады.

Атап айтқанда, банктерде аффилиирленген тұлғалардың және олармен жүргізілетін операциялардың болуына қойылатын талаптарды, шектеулер мен тыйым салуларды белгілеу арқылы банктерді аффилиирленген құрылымдардың тәуекелінен шектеу жоспарланып отыр.

Бұдан басқа, тиісті мәртебелерді сатып алу тәртіптерін регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнама нормаларын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті күшейту, банк холдингтерінің қызметіне шек қоюларды белгілеу жорамалдануда.

Уәкілетті органға қаржылық жүйедегі тәуекелдерді күні бұрын анықтауға мүмкіндік беретін механизмдерді, сондай-ақ конгломераттың жалпы және банк конгломератының қатысушысы болып табылатын қаржылық ұйымдардың қаржылық жай-күйін нашарлататын факторларды заңнамамен бекіту мақсатында банк холдингтері мен банк конгломераттарына ертерек ден қою шараларын қолдануға мүмкіндік беретін банк холдингтері мен банк конгломераттарына ертерек ден қою жүйелерінің индикаторларын енгізу жоспарлануда.

Сонымен қатар, банк конгломераттарының құрамына кіретін банктерді қайта құрылымдаудың құқықтық механизмдерін одан әрі жетілдіру, сондай-ақ эмитенттерді қайта құрылымдау рәсімдерін нақтылау жоспарланып отыр.

5.2. Қаржы ұйымдарындағы тәуекел менеджмент және корпоративтік басқару жүйесінің дамуы

2011 жылы Агенттік ЕДБ-дегі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін жетілдіру шеңберінде операциялық тәуекелдері басқару жүйесіне қойылатын талаптарды күшейтуді көздеп отыр. Атап айтқанда, Базель құжаттарының «International Convergence of Capital Measurement and Capital Standards» және «Sound Practices for the Management and Supervision of Operational Risk» ұсынымдарына сәйкес капиталдың тепе-теңдігін есептеу кезінде қажетті кредиттік және операциялық тәуекелдерді өлшеу мен айқындау аясында ішкі және сыртқы ақпарат көздерін пайдаланумен оқиғалардың бірыңғай деректер

базасын құру мен қолдану бөлігінде банктерге талаптар белгілеуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар, сәйкестендіру және болашақ залалдардың өсу ықтималдығын ертерек хабарлауды қамтамасыз ететін тәуекелдің өзін-өзі бағалауы, тәуекел индикаторлары, тәуекелдер картасы сияқты операциялық тәуекелді бағалау құралдарын дамытуды көздеп отыр.

Бұдан басқа, зияндар, сценарлық талдау нәтижелері, іскерлік орта мен бақылаудың ішкі факторлары туралы әртүрлі ақпарат көздерін бірігіп пайдалануға негізделген күтпеген залалдарды дұрыс бағалау мақсатында банктерде операциялық тәуекелдер жөніндегі ақпарат пен есептілікті жинау жүйелерінің болуына қойылатын талаптар көзделетін болады. Операциялық тәуекелдерді өлшеу әсіресе банк жиі емес, бірақ әлеуетті маңызды залалдарға тап болған жағдайда тиісті сыртқы деректерді (жария ақпарат және (немесе) залалдардың бірыңғай деректер базасы) пайдалануы тиіс.

Сонымен қатар, банк капиталының кредиттік және операциялық тәуекелдерден күтілетін және кездейсоқ залалдарға нақты сәйкестігіне негізделген реттеу стандартына өту жоспарлануда. Бұл ретте Агенттік операциялық тәуекелдерді бағалау бөлігінде резервтерді соңғы өткен үш жылғы жылдық жалпы кірістің орташа шамасының бөлігі ретінде операциялық тәуекелге құруды көздейтін қолданыстағы тәсілден капиталды нақты залалдардың тарихы негізінде операциялық тәуекелдерге құруға ауысады.

Бұдан басқа, Агенттік корпоративтік басқаруды дамыту мен жетілдіру, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығындағы реттеу сапасын нығайту мен көтеру мақсатында манипуляциялық мәмілелерді бақылау мен тью, сондай-ақ инсайдерлік ақпараттың пайдаланылуына және таралуына бақылау жасауды күшейту жөніндегі талаптарды енгізетін болады. Осы бағытта сондай-ақ бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының тәуекелдерді басқару жүйесін одан әрі жетілдіруді жоспарлап отыр.

5.3. Агенттіктің институционалдық дамуы

Агенттіктің кадрлық саясатының басым бағыты кадрлық әлеуетті дамыту мен нығайтуда болып табылады, өйткені кадр қорларының жоғары кәсіби қасиеттері қадағалау органы жұмысының тиімділігін анықтайды.

Осыған байланысты 2010 жылы Агенттік қызметкерлерімен өткізілген жұмыс жас қызметкерлерді тарту мен бекітуге, бөлімшелерде оңтайлы персонал мен іскерлік қарым-қатынастар мотивациясының дамуы, басшылар мен мамандардың басшылық және кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған.

Арнайы пәндерді оқу барысында алынған білімді бекіту, кеңейту және жүйелеу аясында, Агенттік қызметін зерттеу негізінде, таңдалған мамандық бойынша бастапқы практикалық тәжірибе алу шеңберінде Агенттікке 2010 жыл ішінде еліміздің жетекші жоғары оқу орындары қатарынан 105-тен астам келешегінен үміт күттірер студенттер оқу-өндірістік тәжірибеге қабылданды. Бұдан басқа, Агенттік «Іскерлік Басқару Магистрі» жалпы білім беретін бағдарлама аясында, Т. Рысқұлов атындағы Қазақ Экономикалық Университетінің оқу жоспарларын жасауға белсене қатысады.

Агенттік мамандарының кәсіби деңгейін үздіксіз арттырып отыру персоналды басқарудағы басты міндеттердің бірі болып табылады. Осылайша, қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес теориялық және практикалық білім, дағдыларды жаңарту үшін, сонымен қатар мамандардың өз лауазымдық міндеттемелерін тиімді түрде орындауы үшін 2010 жылы 482 (осылардың ішінен бірқатар маман екі және одан да көп оқу бағдарламаларына қатысты) Агенттік қызметкерлері түрлі тренингтер мен семинарларда оқыған. Олардың ішінде Агенттіктің ішкі оқытуынан 255 қызметкер өтті, Қазақстан Республикасында 122 қызметкер, басқа елдерде - 50 қызметкер оқытылды. Сонымен қатар, Агенттіктің 30 қызметкері Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында оқытылды.

Тұрақты негізде 2010 жылы Агенттік қызметкерлері үшін тек кәсіби қызметтің мамандандырылған мәселелерін ғана емес, сонымен қатар іскерлік қарым-қатынас дағдыларын оқытуды қамтитын семинарлар мен тренингтер өткізілді. Мемлекеттік тілді үйренуіне айрықша көңіл бөлінді.

Мемлекеттік қызметшілерге қатысты мемлекеттік саясат олардың біліктілігі бойынша жоғары талаптар ұсынады. Атқарып отырған қызметіне сәйкестігін анықтау мақсатында 2010 жылы Агенттіктің әкімшілік мемлекеттік қызметшілеріне аттестация жүргізілді. Аттестациядан өтуге жататын 76 қызметкердің барлығы аттестациядан өтті. Агенттік қызметкерлері мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органда тестілеуден өту кезінде ең жоғары баллдар алды, бұл олардың біліктілігінің жоғары кәсіби деңгейін куәландырады.

Агенттік өз қызметінде мемлекеттік гендерлік саясатты басшылыққа алады және де ұстанады, шешімдер қабылдау деңгейінде гендерлік баланс сақталады.

Сөйтіп, Агенттіктің басқарушы құрамындағы 51 адамның 31-і әйел адам болып табылады (60%), бұл өз кезегінде толығымен Пекиндік әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі іс-әрекеттер платформасының талаптарына (1995 ж.) сәйкес шешімдер қабылдау деңгейінде билік басында әйелдер өкілдігінің 30-пайыз балансына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Көпжылдық адал еңбегі, кәсібилігі, Қазақстанның қаржылық жүйесін дамыту мен нығайтуға қосқан жеке үлесі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Тәуелсіздік күні қарсаңында Агенттіктің 5 қызметкері мемлекеттік наградалармен марапатталған, бір қызметкер «Құрмет» орденін, екеуі «Ерен еңбегі үшін» медалімен, тағы екеуі Қазақстан Республикасының Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Өткен жылы Агенттікте жағымды әлеуметтік және психологиялық климат құруға, қызметкерлерді үздіксіз кәсіби оқыту және біліктілігін көтеру, персоналдың корпоративтік мәдениетін дамытуға көп мән берілді, бұл Агенттік алдына қойылған стратегиялық жоспарларды жүзеге асыруға септігін тигізетін жоғары білікті қызметкерлердің тобын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Қызметкерлерді табиғат аясына бүкіл ұжыммен шығаруды ұйымдастыру, сонымен қатар корпоративтік мерекелік іс-шаралар өткізу Агенттіктің корпоративтік мәдениетін нығайтуға септігін тигізді.

Агенттік Елбасының мемлекеттік органдарда сапа менеджменті жүйесін енгізу бойынша алға қойған міндеттерін орындау үшін 2010 жыл ішінде қалыптасқан сапа менеджменті жүйесін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырған болатын. Осылайша, 2010 жыл ішінде Агенттікте ішкі тексерулер мен құрылымдық бөлімшелердің сапа менеджменті жүйесінің аудиті жүргізілді. Бұдан басқа, Агенттіктің ішкі қажеттіліктеріне орай бірқатар жаңа процедуралар қайта қаралып, белгіленген.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы №954 Жарлығын орындау мақсатында Агенттік қызметінің тиімділігін жыл сайын бағалауға дайындық іс-шаралар жүргізілген болатын.

Агенттік келешекте басшылық тарапынан сапа менеджменті жүйесін талдауға дайындық, ішкі нормативтік құжаттарды ИСО 9001:2008 ХС талаптарына сай жетілдіру және сәйкестендіру жұмыстарын жалғастыратынын атап өткен жөн.

Сонымен қатар, еңбекке қосқан үлесті тиімді өлшеу, кәсіби потенциалды анықтау және дамыту, мемлекеттік қызметшілерді ынталандыру, сондай-ақ мансапқа жетуді жоспарлау үшін Агенттікте Агенттік қызметкерлерінің еңбегін бағалау ережесі әзірленген және енгізілген.

Агенттік қызметкерлерінің еңбегін бағалау мақсаты қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін орындау деңгейін, оның еңбегінің тиімділігін, кәсіби және іскерлік қасиетін айқындау болып табылады.

Еңбекті бағалау нәтижелері бойынша мынадай шешімдер қабылданады:

- 1) лауазым өрісі үшін белгіленген шегінде еңбекке ақы төлеу деңгейін сақтау, көтеру немесе төмендету;
- 2) жұмыс орнын ауыстыру;
- 3) қажетті кәсіби жетілдіру бағыттарын анықтау;
- 4) оқытуға бағыттау және біліктілігін көтеру;
- 5) жұмыстағы кемшіліктерді анықтау, осы анықталғандарды жоюға шаралар қабылдау және еңбектің нәтижелілігін арттыру.

2011 жылғы жоспарда Агенттікті институционалдық жағынан нығайту аясында Агенттік құрылымын және еңбектің түпкі нәтижесіне бейімделген қызметкерлерді ынталандыру жүйесін одан әрі жетілдіру жорамалданып отыр. Бұл ретте, Агенттіктің кадр саясатының негізгі бағыты қызметкерлерді қайта даярлау, олардың біліктілігін арттыру және ынталандыру арқылы кадр құрамының кәсіби деңгейін көтеру болып қала береді.

Агенттік жанында Техникалық комитетті, Консультациялық және Сараптама кеңестерін қоса, бірқатар консультациялық-кеңесу органдары жұмыс істейді, осы органдардың отырыстары аясында қаржы нарығының барлық сегменттерінің жұмыс істеуі мен дамуының ең өзекті мәселелері қарастырылады, Агенттіктің және қаржы нарығы субъектілерінің қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша іс-қимылдарын үйлестіру қамтамасыз етіледі, Агенттік әзірлеген және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобалары қаралады.

Атап айтқанда, 2010 жылы Техникалық комитет пен Консультациялық кеңестің отырыстарында қаржы ұйымдарын тарату рәсімдерін тұжырымдамалық өлшеу, Агенттіктің қаржы ұйымдарын тарату өндірісіндегі рөлін анықтау, банк қызметін реттеуді жетілдіру мәселелері, Қазақстан Республикасында тауар биржаларын дамыту, банктердің провизиялар құру кезінде ҚЕХС-қа өту, ЕДБ активтерінің сапасын жақсарту жоспарын кезең-кезеңімен жасау мәселелері қарастырылды.

Агенттіктің Сараптама кеңесі отырыстарының қорытындылары бойынша 87 нормативтік құқықтық актілер жобасы қаралды, олардың 36 бойынша ескертулер мен ұсыныстары жоқ Сараптама қорытынды, ал қалған 51 жоба бойынша ескертулері бар Сараптама қорытынды ұсынылды.